Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ 373(091) Қолжазба құқығында

**СҰЛТАНБЕК МӘЛІК ЖҰПАНБЕКҰЛЫ**

# Қазақстанда бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесінің даму кезеңдері (1991-2011ж.ж.)

6D010200- Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық кеңесші
п.ғ.д., профессор Р.К.Бекмағамбетова
Шетелдік кеңесші:
PhD доктор, доцент Мустафа Кале

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2015

МАЗМҰНЫ

**НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**.....3
**АНЫҚТАМАЛАР**.....4
**БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**.....5
**КІРІСПЕ**.....6
**1 ҚАЗАҚСТАНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН КӘСІБИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДАЯРЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ (1991-2011 ж.ж.)**.....14
1.1 Заманауи тұжырымдар аясындағы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесінің теориялық-әдіснамалық негіздері.....14
1.2 Қазақстанда бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық тұрғыдан даярлау жүйесінің дамуын зерттеу кезеңіндегі алғышарттар.....36
1.3 Ұлттық білім беруді реформалау жағдайындағы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесін жаңарту.....58
**2 ЗЕРТТЕУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН КӘСІБИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДАЯРЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ МАЗМҰНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ**.....79
2.1 Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлауды реформалаудың нормативтік-құқықтық базасы.....79
2.2 Зерттеу кезеңіндегі білім берудің бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесінің басым бағыттары.....96
2.3 Қазақстандық білім беру жүйесін жаңарту жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлаудың тиімділігін арттырудың жолдары.....118
**ҚОРЫТЫНДЫ**.....134
**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**.....137
**ҚОСЫМШАЛАР**.....146

# НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертацияда төмендегі мемлекеттік стандарттар мен құжаттарға сілтеме жасалды:

ГОСТ 2.105 - 95 Конструкторлық құжаттардың бірыңғай жүйесі. Тестілік құжаттарға қойылатын жалпы талаптар

ГОСТ 7.1-84 Ақпарат, кітапхана және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Құжаттарды библиографиялық рәсімдеу. Жасақтау ережелері және жалпы талаптар.

ГК РК 08-2001 Қазақстан Республикасы жоғары кәсіби білім мамандықтары және дайындық бағыттары классификаторы.

ГОСО 3.001-2000 Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті білім беру стандарты. Кәсіби жоғары білім беру. Негізгі ережелер.

ҚР МЖМБС 3. 07. 029-2001 Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті білім беру стандарты. Кәсіби жоғары білім беру. Негізгі ережелер.

ҚР МЖМБС 3. 08. 002-2004 Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті білім беру стандарты. Кәсіби жоғары білім беру. Негізгі ережелер. Бакалавриат. «050202 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы. – Енгіз. 2004 – 09-01.- Астана: ҚР Білім және ғылым министрлігі, 2004.-30 б.

ҚР МЖМБС 3. 08. 252-2006 Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті білім беру стандарты. Кәсіби жоғары білім беру. Негізгі ережелер. Бакалавриат. «050202 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы. – Енгіз. 2006 – 09-01.- Астана: ҚР Білім және ғылым министрлігі, 2006.-31 б.

Диссертацияны және авторефератты рәсімдеу туралы нұсқау. -Алматы, 2004.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. - Астана, 2004.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңы. -Астана, 2007.

Қазақстан Республикасында 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010.

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Жалпы бастауыш білім. - Алматы, 2013.

# АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

**Мемлекеттік жоғары кәсіби білім беру стандарты** – жоғары білім беру құрылымын, мазмұнын және жоғары білімнің негізгі бағдарламаларының көлемін анықтайтын құжат.

**Білім беру бағдарламасы** – білім беру мазмұны мен оқу үрдісін ұйымдастыру ерекшеліктерін сипаттайтын білім беру мекемелерінің нормативтік – басқару құжаттары.

**Оқыту үдерісі** – оқытудың арнайы ұйымдастырылған түріндегі жеке тұлғаның жалпы дамуы мен тәрбиесінің, білім беру мақсатын айқындайтын біртұтас педагогикалық үдерістің нақты көрінісі.

**Оқу жоспары (ОЖ)** - орта білім беру деңгейлеріне сәйкес оқу пәндерінің тізімі мен көлемін, оқыту тәртібі мен бақылау түрін реттейтін құжат.

**Оқу жоспарының тұрақты бөлігі** - оқу жоспарының өзгертуге жатпайтын бөлігі. Оқушы тұлғасын жалпы адамзаттық мұраттар мен мәдени дәстүрлерге сәйкес қалыптастыруды қамтамасыз етіп, мемлекет аясында тұтас білім кеңістігін құрады.

**Оқу бағдарламасы -** әрбір оқу пәні бойынша меңгерілуге жататын білім, іскерлік және дағдылардың мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.

**Кәсіби дайындық**– белгілі кәсіп бойынша арнаулы білім, дағды, шеберлік, еңбек тәжірибесін қалыптастыру. Кәсіби дайындық кәсіби біліктілігінің күрделілігі мен әзірлік деңгейіне қарай жоғары, арнайы, орта немесе төмен білім түрлеріне бөлінеді.

**Кәсіби біліктілік -** жұмысшы дайындығының нақты қызық түріндегі күнделіліктің және еңбек қызметін орындаудың белгіленген деңгейінің кәсіби дәрежесі. Кәсіби біліктілік көрсеткіші, жұмысшының берілген мамандығы мінездемесінің нормативтері мен мамандану ұғымының сәйкес келуі.

**Пәнді оқыту нәтижелері** – игерілген білім, іскерлік, дағды және білім беру салалары бойынша құзыретттіліктер.

**Таңдау курстары мазмұны-** білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын жеке бейімі мен таңдауына сәйкес қанағаттандыруға мүмкіндік беретін, пәндер бойынша білімдердің кеңейтілуі мен тереңдетілуіне ықпал ететін оқу курстары. Таңдау курстарының жиынтығы оқу жоспарының вариативті бөлігін құрайды.

**Типтік оқу жоспары (ТОЖ)-** оқыту тілі мен бағытына сәйкес тиісті білім беру деңгейі оқу пәндерінің тізбесін және көлемін реттейтін нормативтік құжат.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

| | | |
|---|---|---|
| ТжКБ | - | Техникалық және кәсіптік білім |
| ECTS | - | (European Credit Transfer System) – Кредит қоры мен аударудың еуропалық жүйесі |
| ЮНЕСКО | - | Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі ұйымы |
| АКТ | - | Ақпараттық коммуникациялық технология |
| ADVANCED | - | Ағылшын тілін үйренудің орта деңгейі |
| PISA | - | (Programme for International Student Assessment) 15 жасар оқушылардың білімдену жетістіктерін бағалау (математика және жаратылыстану салаларындағы білім жетістіктері) |
| TIMSS | - | (Trends in International Mathematics and Science Study) 4, 8 сынып оқушыларының математикалық және жаратылыстану пәндерінен бағалау сапасы бойынша халықаралық зерттеу |
| PIRLS | - | (Progress in International Reading Literacy Study) Оқу және мәтінді түсіну сапасын бағалайтын апробациялық халықаралық зерттеу |

# КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының «100 нақты қадам» атты дамыған мемлекеттердің отыздығына кіру жөніндегі жарияланған жоспарындағы басты мақсаттардың бірі -«...даярланатын кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыру және білім беру секторының экспорттық әлеуетін көтеру» болып отыр[1]. Бұл білім беру жүйесіндегі соның ішінде бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлаудың кезеңдерін зерделеу барысында келешекте еліміздің дамуында жоғары білім беру жүйесін тарихи-педагогикалық тұрғыда жетілдіру бағыты мен оны жүзеге асырудың тактикасын айқындаудағы субъективті идеялардың бастамасы болмақ.Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім алушылар үшін: «баршаға бірдей сапалы білімге қол жеткізу; коммуникативтік және кәсіптік құзыреттілікті дамыту», – деп көрсетілген [2].

Сонымен қатар, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап, бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлаудың кезеңдерін зерделеу келешекте еліміздің дамуында жоғары білім беру жүйесін тарихи-педагогикалық тұрғыда жетілдірубағыты мен оны жүзеге асырудың тактикасын айқындауға негіз болады. Бұл өз кезегінде зерттеу кезеңі аралығында жоғары білімді бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау мәселесін педагогика тарихы тұрғысынан зерттеуді, оның әлеуметтік-педагогикалық аспектілерін зерделеуде бүгінгі жоғары оқу орындарының алдына кәсіби құзыретті маман дайындаудың көптеген бағыттарын: педагогикалық үдерісті басқару, ұйымдастыру, оқытылатын нақты пәндердің мазмұны мен шекарасын айқындауды, қоғамның сұранысына байланысты педагогика тарихы тұрғысынан жетілдіру ғылыми жұмыстың теориялық және практикалық өзектілігінің негізі болып табылады.

Қазақстан Республикасы жоғары білім беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасында: жоғары оқу орындарын бітірушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар түрінде белгіленген қоғамымыздың жаңа әлеуметтік тапсырыстары, өз кезегінде оқыту бағдарламаларын өзгертуді сондай-ақ студенттердің алатын білім сапасын көтеріп, бүгінгі күнге сай кәсіптік дағдыларды игеруге бағытталған оқытудың жаңа технологияларын енгізуді көздейді, – деп көрсетілген [3]. Мұның өзі жоғары оқу орнында бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесінің әлеуметтік-педагогикалық аспектілерінің зерттелу кезеңінде қазіргі қоғам сұранысына жауап беретін, кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесін жетілдіру мен оның басымдық бағыттарын саралап, тиімділігін арттыру жолдарын қарастыруды міндеттейді. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары Қазақстан үшін аумалы-төкпелі кезең болды, қоғам дамуының осындай тұрақсыз кезеңінде мынадай қарама-қайшылық туындады: педагогтар көп жағдайда өздерінің жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайын түсінбейді, ал білім алушылар, яғни сол заманның балалары осы аумалы-төкпелі жағдайда қалыптасады. Жас буын белгілі бір уақытта өмір сүріп қана қоймай, сонымен бірге қоғам дамуының негізгі мақсаттарын іске асыруға дайын болуы қажет. Бұл ойды қорытатын болсақ,

заманауи қоғам дамуына сай бастауыш сынып мұғалімін даярлау ісі өз заманынан бір қадам болса да алда жүруі қажет екендігін көрсетеді.Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» жолдауының он жетінші бағытын – Бастауыш және орта білім беру, сондай-ақ кадрларды қайта даярлау жүйесін әлемдік стандарттарға жақындату деп атап, онда: бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз үшін оқытудың әр оқушының білімі мен қабілет деңгейінің тиімділігін бағалаудың біртұтас жүйесін жасау керек, – деп көрсетті[4]. Ал мұны өз кезегінде білім беру саласында түбегейлі өзгерістер жасаудың алғышарты деп атауға негіз болады. Өйткені, әлемдік білім кеңістігіне енуге байланысты білім саласында жүріп жатқан реформа осының айғағы. Мұның өзі ұлттық білім үлгісін жасауды талап етіп, оның негізгі бағыты – адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, психикалық даму ерекшелігіне мән беру, сол арқылы оның рухани жан-дүниесінің баюына, көзқарасының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігі және іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау болып табылады және ол болашақ бастауыш сынып мамандарының даярлығының негізі болмақ. Қоғамның үдемелі жаңаруының жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлаудыдамыту қажеттілігімен қоғам сұранысының арасындағы келесі жағдайлар анықталды:

- бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаудың әлеуметтік маңызының ұлғаюы мен оларды кәсіби даярлау жүйесін реформалаудың жоғары оқу орнындағы маман даярлауға деген талаптардың артуына тәуелділігі;
- педагогикалық үдерісті ұйымдастыру ерекшеліктерін меңгерген, білім берудің мақсатына жету әдістері мен технологияларының тиімділігін анықтайтын себеп-салдарлық байланыстың жалпы заңдылықтарын түсінетін бастауыш сынып мұғалімінің белсенді шығармашыл тұлғасыныңқажеттілігі;
- бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби білім деңгейінің, тәжірибесі мен қабілетінің, өзін-өзі жетілдіруге, өзін өзі дамытуға, өз ісіне шығармашылықпен және кәсіби құзыреттілік тұрғысынан қарауы;

Педагогикалық мамандар дайындау жоғары оқу орындарының өзекті мәселесі ретінде бірқатар ғылыми жұмыстарға арқау болып, зерттеу кезеңдеріндегі алынған ғылыми нәтижелер жоғары білім беру жүйесін жетілдіру мақсатында тәжірибеге енгізілуде тарихилық қағида басшылыққа алынып отырған. Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлаудың әртүрлі кезеңдері көптеген психологиялық, педагогикалық, тарихи-педагогикалық және әдістемелік сипаттағы еңбектерде зерттеу мәселесі ретінде қарастырылған.

Оқыту мен педагогтар даярлау мәселесі Я.А.Коменский [5], Д.Локк [6], А.Дистервег [7], К.Д.Ушинский [8], Ж.Аймауытов [9], Ы.А.Алтынсарин [10], Ш.Құдайбердиев [11], А.Байтұрсынов [12], М.Дулатов [13], М.Жұмабаев [14] еңбектерінде қарастырылған;

- педагогикалық дәстүрді қалыптастыру, дамыту, өзгерту болашақ мамандарды кәсіби даярлау үдерісінде педагогикалық білім беру мазмұны арқылы қамтамасыз етілетіндіктен бірқатар зерттеушілер ғылыми-тарихи, тарихи-педагогикалық әдістемелік және іс-тәжірибелік білімдердің өзара байланысын зерттеген Н.В.Кузьмина [15], В.И.Журавлев [16], В.В.Краевский [17], М.Н.Скаткин [18], Т.С.Садықов [19], А.П.Сейтешев [20], М.Н.Сарыбеков [21], Н.Н.Хан [22], К.С.Оспанов [23], Г.К.Ахметова [24] және басқалар; еңбектерінде мазмұндық және әрекеттік білімдер кәсіби даярлықтың құрамды бөлігі ретінде маңызды орын алады;

-педагогикалық білім беруді реформалау мен мұғалімнің кәсіби дайындығын жетілдіруге түрлі тұрғыдан келу О.А.Абдуллина [25], Ю.К.Бабанский [26], В.И.Байденко [27], Н.Д.Никандров [28], Қ.Б.Сейталиев [29], И.А.Зимняя [30] және т.б.;

-тұтас педагогикалық процесс теориясы В.П.Беспалько[31], И.Я.Лернер [32], Н.Д.Хмель [33], А.Д.Қайдарова [34]және т.б.;

-жеке тұлғаның даму теориясы А.К.Абдульханова-Славская [35], А.Г.Асмолов [36], Л.С.Выготский [37], Б.Г.Ананьев [38], В.В.Давыдов [39], Л.В.Занков [40], Л.Н.Коган [41], Д.Б.Эльконин [42], А.В.Петровский [43], В.С.Мерлин [44]және т.б.;

-жеке тұлғаның кәсіби қалыптасуының заңдылықтары мен принциптері Г.В.Зборовский [45], Э.Ф.Зеер [46], А.К.Маркова [47], Г.Н.Сериков [48], Е.В.Ткаченко [49] және т.б.;

-бастауыш білім беру мен бастауыш сынып мамандарын даярлауды заман талабына сай реформалау мәселесі Р.М.Қоянбаев [50], Т.Қ.Оспанов [51], А.Е.Жұмабаева [52] және т.б.

-тарихи-педагогикалық білім беруді зерттеген қазақстандық ғалымдар Қ.Б.Бержанов [53], С.Мусин [54], А.И.Сембаев [55], Т.Т.Тәжібаев [56], К.К.Құнантаева [57], В.Г.Храпченков 58], А.Н.Ильясова [59], Ш.М.Майғаранова[60], Г.К.Ахметова [61], Қ.Т.Ыбырайымжанов [62], Р.К.Бекмағамбетова [63], Қ.О.Жеделов [64], С.Қ.Әбілдина [65], Ұ.Қ.Қыяқбаева [66], М.З.Джанбубекова [67] т.б.

-педагог-ғалымдар педагогика тарихы ғылымының әртүрлі аспектілері арқылы өз үлестерін қосты. Қазіргі кезеңдегі мамандардың педагогикалық-психологиялық даярлығы Б.М.Бим-Бад [68], З.И.Равкин [69] және т.б. ғалымдар зерттеулерінде қарастырылған.

-мұғалімдердің даярлығы жөніндегі мәселелер педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін көтеру және қайта даярлау жүйесіндегі зерттеулер Б.А.Әлмұхамбетов[70], Б.А.Тұрғынбаева[71], Ж.Ж.Айтпаева[72], М.С.Молдабекова[73], Б.К.Төлбасова[74], Қ.Г.Құдайбергенова[75] және т.б. еңбектерінің объектісі етіп алынған.

Дегенмен, зерттеу тақырыбына қатысты Қазақстанда бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлаудың: еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы кезеңі 1991-2004 (ж.ж.) және Болон үдерісіне яғни кредиттік оқу жүйесіне көшкен 2004-2011(ж.ж.) кезеңдерінде жүргізілген реформаның

тұтас жоғары білім беру жүйесінің құрылымын қайта құрудың кешенді мәселелері пісіп жетілді. Зерттеу мәселесіне байланысты тарихи мұрағаттарды, ғылыми-теориялық еңбектерді, нормативтік-практикалық құжаттарды зерделеу барысында бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауды қоғамның сұраныстарына сай қайта құру қажеттілігі мен тәуелсіздік жылдарындағы еліміздің бұл саладағы тәжірибесінің сыни тұрғыда қарастырылмағандағы арасындағы қарама- қайшылықтың бар екендігі анықталды.

Бұл қарама-қайшылықтың шешімін іздестіру білім беру жүйесінде бастауыш сынып мамандарын даярлаудың ғасырлар тоғысындағы тарихи тәжірибесін терең талдап, қазақстандық қоғамның прогрессивті дамуына бағытталған жаңашылдық жолдарын айқындау мәселесін туындатып, зерттеу тақырыбын **«Қазақстанда бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесінің даму кезеңдері (1991-2011ж.ж.)»** деп таңдауымызға негіз болды.

**Зерттеудің мақсаты:** зерттеу кезеңіндегі бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесін тарихи-теориялық тұрғыдан талдау және оның болашақ мамандарды даярлаудағы мәнін айқындау.

**Зерттеу нысаны:** бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесі.

**Зерттеу пәні:** зерттеу кезеңіндегі бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесінің даму үдерісі.

**Зерттеудің міндеттері:**

- Зерттеу кезеңіндегі бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесінің тарихи-әлеуметтік негіздеріне шолу.
- Қазақстанда бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық тұрғыдан даярлау жүйесі дамуының зерттеу кезеңіндегі алғышарттарын нақтылау.
- Ұлттық білім беруді реформалау жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесін жаңартуды негіздеу.
- Қазақстанның білім беру жүйесіндегі бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың басым бағыттарын анықтау.
- Қазақстандық білім беру жүйесін жаңарту жағдайындағы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлаудың тиімділігін арттырудың жолдарын сипаттау.

**Зерттеудің ғылыми болжамы:**

Егер: Қазақстанда бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық тұрғыдан даярлау жүйесі дамуының зерттеу кезеңіндегі алғышарттары нақтыланса, ұлттық білім беруді реформалау жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесін жаңарту негізделсе, бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау жүйесінің басым бағыттары анықталып, оның тиімділігін арттырудың жолдары сипатталса, онда ұлттық білім беруді реформалау жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесінің жаңаша негіздемесі, педагогикалық үдерісті қайта құруға алдағы талдаулар мен өзгерістердің даму динамикасы құрылады, өйткені

жоғары кәсіби білім беруді реформалаудың және дамытудың стратегиясы айқындалып, жаңа ұлттық білім беру моделі жасалады.

**Жетекші идея:** бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-педагогикалық даярлығын қамтамасыз ететін жоғары оқу орнының жаңартылған білім беру жүйесі, заманауи даму үдерісіне талабы мен сұранысын қанағаттандырады.

**Зерттеудің әдіснамалық негізі:** кәсіби-педагогикалық даярлықты үнемі дамитын ашық жүйе ретінде қарастыруға және оның даму көздерін айқындауға мүмкіндік беретін жүйе тұрғысынан қарастыру; кәсіби-педагогикалық даярлықтың құрылымы мен мазмұны, ұстанымдарын анықтауға мүмкіндік беретін педагогика мен білім берудің түсініктемелік-терминологиялық жүйесіне теориялық тұрғыдан келу; кәсіби-педагогикалық даярлықтың білімі мен біліктерін игеру үшін студенттердің кәсіби-білім беру бағдарламаларын таңдауының негізі ретінде тұлғалық-бағдарлы тұрғыдан келу. Аталған әдіснаманың өзара байланысы теория мен тәжірибе арасындағы тығыз байланыстың салдары, бұл зерттеудің негізгі теориялық нәтижелерін айқындауға мүмкіндік береді.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық мәні:**

Қазақстанда бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық тұрғыдан даярлау жүйесі дамуының зерттеу кезеңіндегі алғышарттары айқындалды.

Ұлттық білім беруді реформалау жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесін жаңарту ғылыми тұрғыда негізделді.

Қазақстанның білім беру жүйесіндегі бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың басым бағыттары анықталды.

Қазақстандық білім беру жүйесінің жаңару жағдайындағы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлау тиімділігін арттырудың жолдары ұсынылды.

**Зерттеудін көздері:** зерттеу мәселесі бойынша философтардың, әлеуметтанушылардың, педагогтардың, психологтардың енбектері; ҚР Үкіметінің ресми материалдары; ҚР Білім және ғылым министрлігінің жоғары мектептің білім беру мәселелеріне қатысты нормативтік құжаттары мен оқу-әдістемелік кешендері (стандарттар,типтік оқу бағдарламалары,оқулықтар, оқу құралдары және т.б); педагогтардың ғылыми жетістіктері мен озық тәжірибелері; автордың педагогикалық және зерттеушілік тәжірибесі.

**Зерттеу әдістері:** алға қойған міндеттерді шешу үшін зерттеліпіп отырған кезеңгесәйкес зерттеу әдістері мен әдістемелердің жиынтығы пайдаланылды: педагогикалық білім беру жүйесінің даму бағытын айқындауға мүмкіндік беретін отандық және шетелдік әдебиеттердің теориялық сараптамасы; кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесінің қалыптасуы мен дамуы кезеңіндегі теориялық, эмпирикалық әдістер, мұрағат құжаттарын, материалдарын зерттеу, олардың тиімділігін арттыратын жолдарын айқындауға мүмкіндік береді.

**Зерттеудің негізгі кезеңдері:** зерттеу үш кезең бойынша жүргізілді.

**Бірінші кезеңде (2012-2013 ж.ж.)** бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесінің тарихи-әлеуметтік негіздеріне шолу жасалды. Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық даярлық мәселесі бойынша ғылыми еңбектер қарастырылып, педагогикалық жоғары оқу орындарындағы кәсіби-педагогикалық тәжірибенің жай-күйі зерттелді.

**Екінші кезеңде (2013-2014 ж.ж.)** педагогикалық жоғары оқу орнының студенттерінің кәсіби-педагогикалық даярлығы барысындағы оқу іс-әрекеті талданды; зерттеудің теориялық алғышарттары, оның жаңару жүйесі зерделенді. Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлауының нормативтік-құқықтық құжаттары талданды.

**Үшінші кезеңде (2014-2015 ж.ж.)**Қазақстанда білім берудегі бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау жүйесінің зерттеу кезеңіндегі дамуының қағидалары, мазмұны мен технологиялары талданып, оның тиімділігін арттырудың жолдары айқындалды.

**Зерттеудің практикалық мәні:** болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық даярлығын қамтамасыз ететін «Педагогика тарихы» пәнінің мазмұнын жетілдіруде дәрістер жинағы атты» арнайы курстың мазмұнын зерттеу кезеңінің нәтижелерімен толықтыру үшін әдістемелік ұсыныстар жасаумен анықталады. Аталған материалдар тек педагогикалық қана емес, басқа да педагог мамандарды дайындайтын жоғары оқу орындарында, педагогикалық колледждерде, білім жетілдіру институттарында да қолданыла алады.

**Қорғауға мынадай қағидалар ұсынылады**

Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесінің тарихи, әлеуметтік, мәдени тәжірибені жеткізуге бағытталған көп деңгейлі және көп жақты іс-әрекет ретінде кешенді әдіснамалық амалдарға (тұлғалық, жүйелілік, прагматикалық-әрекеттік, іс-әрекеттік, мәдениеттанымдық, акмеологиялық, аксиологиялық, синергетикалық, нақты-тарихи, тұлғалық-бағдарлы, іргелі-ғылымилық) негізделе отырып, зерттеу мәселесін тарихи-педагогикалық тұрғыда айқындайтын теорияларға сәйкес келеді.

Қазақстанда бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық тұрғыдан даярлау жүйесінің дамуына жасалған ретроспективті талдау оның дамуын педагогикалық феномен ретінде қарастырып, зерттеу кезеңіндегі нақтыланған алғышарттары айқындалады.

Ұлттық білім беруді реформалау жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесінің жаңаша негіздемесі, педагогикалық үдерісті қайта құруға, алдағы талдаулар мен өзгерістердің даму динамикасын, жоғары кәсіби білім беруді реформалаудың және дамытудың стратегиясын айқындап, жаңа ұлттық білім беру моделін құрады.

Қазақстанның білім беру жүйесіндегі бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың анықталған:жоғары білім беру жүйесінде оқу-танымдық, ғылыми-танымдық, тұлғалық-бағдарлы, нәтижелі-бағдарлы, практикаға бағытталған денсаулық сақтауға бағытталған, коммуникативтік мәдениеті, ақпараттық-

коммуникациялық басымдық бағыттары білім алушыларды кәсіби-педагогикалық даярлауда түйінді құзыреттіліктерді меңгертеді.

Қзақстандық білім беру жүйесін жаңарту жағдайындағы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлаудың тиімділігін арттырудың нақтыланған және ғылыми негізделген жолдары, оқыту мен тәрбиенің, ғылым мен тәжірибенің ұштасуын қамтамасыз ететін тәжірибеге бағытталған, субъектілік әрекеттестікті біртұтас педагогикалық үдеріс аясында қарастырады.

**Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі** зерттеу тақырыбына сәйкес теориялық қағидаларды әдіснамалық тұрғыда негіздеумен, ғылыми аппараттың логикалық бірлігімен, зерттеу тақырыбына байланысты тарихи-педагогикалық талдаулар жүргізіліп, оның тиімділігі дәлелденуімен қамтамасыз етілді.

**Зерттеу базасы:**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

**Зерттеу нәтижелерінің жарияланымдары.** Диссертацияның тақырыбына сәйкес жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижелері бойынша 12 ғылыми мақала, оның ішінде ҚР БҒМ Ғылым саласындағы Бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарында - 3, Scopus компаниясының деректер базасына кіретін журналда – 1, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдары жинақтарында - 5 мақала жарияланды.Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы –Алматы №4(40) -2013. Б. 61-65 «Қашықтан оқыту технологиялары бойынша оқытуды ұйымдастырудың кейбір ерекшеліктері»; Life Science Journal, 2013.-Vol.10(11s) P. 9-15 Psychologi-Pedagodical Basis of Forming Pupils Healthy; Life Science Journal, 2013.-Vol.10.-Iss 12(s) P. 427-438 «To question o question of proffesional-pedagodical preparation of future teachers for labour education atrural schools»; «Жоғары педагогикалық мектепте инновациялық білім беру ортасының мазмұнын және ұйымдастыру талаптарын институттандыру» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция Павлодар. -2015. Б 273-276. Педагогикалық тұрғыда болашақ бастауыш сынып мамандарын даярлаудағы қарастырылатын мәселелер; Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы –Алматы.№,1(45), 2015. Б. 180-183 «Кәсіби-педагогикалық даярлық» ұғымы түсінігінің қазіргі бағыттары; Евразийский гуманитарный институт журнал «Доклады Казахской академии образования» №1, –Астана. 2015 Б. 44-46. Қазақстанда бастауыш мектеп мұғалімдерін кәсіби педагогикалық даярлаудың бағыты; Ahtenes, Procedia - Social and Behavioral Sciences, Нидерланд 2015P. 2490 – 2493. «Pedagogical problems of primary school teachers’ professional prepartion»; Asian Social Science; ISSN 1911-2025 (Canada) SJR_2014:0,172. Vol. 11, No. 28; 2015 P. 51-57 «Didactic Conditions of Implementation of ICT in the Formation» ; «Культура, образование и наука во благо общества» - Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары жинағы - «Тұран» Алматы – 2015.«Теориялық тұжырымдамалар аясындағы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлаудың әдіснамалық амалдары»; «Культура, образование и наука во благо общества» -

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдар жинағы- «Тұран» Алматы – 2015 Б. «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық тұрғыдан даярлаудың алғышарттары»; «Педагогика тарихы» пәнінің мазмұнын жетілдіруге арналған дәрістер жинағы» атты арнайы курс бағдарламасы., Алматы– 2015, 23б.; «Педагогика тарихы» пәнінің мазмұнын жетілдіруге арналған дәрістер жинағы» атты арнайы курс бағдарламасы., Алматы– 2015, 23б.

**Диссертация құрылымы.** Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

**Кіріспеде** зерттеудің көкейкестілігі негізделіп, мақсаты, нысаны, пәні анықталады, зерттеу міндеттері,әдіснамалық негізі, жетекші идеясы, ғылыми жаңалығы мен теориялық мәні, практикалық мәнділігі, зерттеудің әдістері, зерттеу кезеңдері, зерттеу көздері, қорғауға ұсынылатын қағидалар, зерттеудің нәтижелері баяндалады.

**«Қазақстанда бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесінің әлеуметтік-педагогикалық аспектілері (1991-2011 жж.)»** атты бірінші бөлімде жоғары оқу орындарында бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесінің тарихи-теориялық негіздеріне шолу жасалынып, әдіснамалық амалдары негізделеді. Қазақстанда бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық тұрғыдан даярлау жүйесінің дамуының зерттеу кезеңіндегі алғышарттарына сипаттама берілді. Ұлттық білім беруді реформалау жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесін жаңарту мәселесі талданды.

**«Зерттеу кезеңіндегі Қазақстанда бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесінің мазмұны мен құрылымы»** атты екінші бөлімде бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлауды реформалаудың нормативтік-құқықтық базасы талданды. Қазақстанның білім беру жүйесіндегі бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың басым бағыттары сараланды. Қазақстандық білім беру жүйесінің жаңару жағдайындағы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлау тиімділігін арттырудың жолдары айқындалды.

**Қорытындыда** зерттеудің негізгі нәтижелері, тұжырымдамалық қағидалары, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.

# 1 ҚАЗАҚСТАНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН КӘСІБИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДАЯРЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ (1991-2011 ж.ж.)

## 1.1 Заманауи тұжырымдар аясындағы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесінің теориялық-әдіснамалық негіздері

Қазақстан Республикасы президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «болашақ мұғалім мамандығы аса қажет және жоғары ақы төленетін мамандық болады. Әрине, мұғалімнің өзі де уақыт талабына сай болуы керек. XXI ғасыр деңгейінде білім беру мен кәсіптік даярлау қажеттігі туып отыр, яғни XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біз болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өзгерістері үшін кадрлар қорын жасақтауымыз қажет. Қазақстан жоғары оқу орындарының міндеті әлемдік стандарттар деңгейінде білім беру», - деп атап көрсеткен болатын [76]. Бұл бүгінгі бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалықтұрғыда даярлайтын жоғары оқу орындарының алдына әлемдік стандарттарға жауап беретін білім беруді жүзеге асыруды талап етеді.

Ежелгі грек ойшылдарының еңбектерінде ұстаздың балаларды тәрбиелеудегі рөліне ерекше көңіл бөлген. Демокрит өз еңбектерінде адамдар табиғатынан емес, көп жаттығудың нәтижесінде жақсы адам болып қалыптасатындығын негізгі ұстаным ретінде көтере отырып, балаға жақсы тәрбие беру үшін «жақсы ойлауға, жақсы сөйлеуге, жақсы еңбек етуге», – үйрету қажеттігін пайымдаған [77].

Баланың бойында бар жақсы қасиеттерді сіңіруде тәрбиенің алатын орнының ерекшелігін көрсеткен ғұлама мұғалімнің нені басшылыққа алу қажеттігін де көрсетіп бергенін байқауға болады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық даярлығында алдымен өздерінің тәрбиесі мен білімі, біліктілігі, кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуына басымдық беру керек,- деп санаймыз.

Сократтың пайымдауынша, тәрбиені мемлекет тарапынан ұйымдастыру, тәрбие беруді мемлекеттік іс деп қарауды ұсынған. Оның философиясы «Өзіңді-өзің таны» деген педагогикалық идеяға құрылып, тәрбие берушілерді адамгершілік сапасы мен білімі тұрғысынан үйлесімді жетілдіріп отыруды көздеді. Сократ философиясы адамгершілікті танып, меңгеруге болады, ал адамгершілікті білуден оған сүйеніп әрекет етуге болады деген ойға негізделген [77,б. 47].

Тәрбиеші әрбір бөлек жағдайды мысалға ала отырып, тәрбиеленушінің нағыз адамгершілік туралы айқын түсінігін қалыптастыру қажет. Бұл болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық даярлығында тәрбиенің барлық түрлерін оның ішінде рухани-адамгершілік тәрбиесін меңгерумен қатар, оны бастауыш сыныпта педагогикалық үдерісті ұйымдастыруда қолдана білетін маман ретінде дайындау қажеттігін көрсетеді.

Платон ұстаздың мемлекет алдындағы жауапкершілігіне ерекше тоқтала отырып, оның өз міндетін нашар орындауы мемлекетте надандар мен

бұзақылардың көбеюіне жол беріп, дамуға кері ықпал ететінін айтты, ұстаз еңбегінің қоғамдық-әлеуметтік мәні туралы құнды идеялар қалдырды. Платон білімнің негізгі қатынастары қоғам, мәдениет және индивидтен тұратын, ал нақ ортасында мұғалім тұрған үш таған ретінде белгіледі [77,б. 51].

Ғұламаның пікірін тұжырымдайтын болсақ, мұғалім еңбегінің нәтижесі мемлекеттік деңгейде қоғамдық сұранысқа жауап беретіндей болуы шарт. Өйткені, мұғалім жауапкершілігі әлеуметтік тұрғыда қаншалықты биік тұрса, соншалықты оның нәтижелі, ықпалды болары сөзсіз. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық даярлығында Платон көрсеткен үш таганның ортасында тұратын мұғалімнің қоғамдағы орны, оның мәдениеті және жеке тұлғалық сапасына байланысты берілетін білімнің деңгейі де жоғары болмақ.

Бұл мәселе қазақ классикалық педагогиканың көрнекті өкілдері (Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов) т.б. еңбектеріндежалғасын тапты.

Ы.Алтынсарин: «Мұғалім балалармен істес болады: егер олар бір нәрсені түсінбесе, онда мұғалім шәкірттерді кінәламай, оларға дұрыс түсіндіре алмағаны үшін өзін-өзі кінәлауы керек. Мұғалім балалармен сөйлескенде ашуланбай, күйгелектенбей, сабырлылықпен сөйлеп, шұбалаңқы сөздер мен керексіз терминдерді қолданбастан әрбір затты ықыласпен, қарапайым тілмен түсіндіру керек», – деген тұжырым жасаған [10,б. 24]. Бұдан шығатын қорытынды болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің мінез-құлқы мен кәсіби құзыреттілігінің сәйкестігінің нәтижесінде жетістікке жететінін түсініндіріп, олардың осы бағытта өзін өзі дамытуына, жетілдіруіне, кәсіби шыңдауға, шеберлікке баулу қажет, – деп есептейміз.

А.Байтұрсыновтың пайымдауынша, «бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның білімінің, шеберлігінің керек орны өздігінен алатын тәжірибелі білімнің ұзақ жолы қысқару үшін, ал жолдан балалар қиналмай оңай оқу үшін, керек білімін кешікпей кезінде алып отыру үшін балаға жұмысты әліне шағындап беру мен бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыру», деп ой тұжырымдауы балаға білімді практикалық жолмен өздігінен игерудің тиімділігін, баланың қабілеті мен қабылдау мүмкіндігіне сай, жеке тұлғалық-бағдарлы білім берудің қажеттігін көрсетеді [12,б. 336.].Бұдан шығатын қорытынды, ғалымның жасаған бұл тұжырымының педагогика ғылымындағы дамыта оқыту идеясына негізделген субъектілік қатынас жөніндегі идеялармен үндестігін көреміз.

Сонымен қатар автор баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам болуы керек. Мектепке керегі – білімді, педагогика, әдістемеден хабардар оқыта білетін мұғалім. Бұл әрине, мұғалім үшін үлкен жауапкершілікті яғни оқыту жұмысын балалардың жас және жеке ерекшеліктерін, сонымен қатар олардың психикалық процестерінің (қабылдау, зейін, ойлау, ес, қиял) дамуына сәйкес ұйымдастыра білу қажеттігін жүктейді. А.Байтұрсыновтың сол кездің өзінде-ақ бастауыш сынып мұғаліміне қойған талабы, бүгінгі таңда да мұғалімдерге қойылып отырған талаппен үндестік тауып отыр. Жалпы қорыта

келгенде, ғалымның білім берудегі құнды педагогикалық ой тұжырымдарын (мектеп, мұғалім, оқытудың әдіс-тәсілдері, оқытуды қалыптастыру, мұғалім шеберлігінің шыңдалуы, т.б.) бүгінде болашақ мамандарды даярлау үшін білім беру саласында басшылыққа алынуда.

Ж.Аймауытов мұғалімнің айналысатыны – үнемі қозғалып, өзгеріп, өсетін, өркендейтін тірі адам болғандықтан біркелкі әдіспен табан аумай шектеліп қалуға болмайды. Сабақ беру үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер. Дидактика мұғалімге жалпы жол жоба көрсетіп, жетекшілік етеді сыннан өткен тиімді жолдарды ғана нұсқайды, -деп оқыту, білім беру әдісінің қатып-семіп қалған догма емес, үнемі ізденуден туатын іс-әрекет, – деп атап көрсеткен [9,б. 16]. Бұдан шығатын қорытынды болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда автордың айтқан құнды тұжырымдарын басшылыққа ала отырып, білім беруде оқыту мен тәрбиелеудің тиімді жолдары ретінде оқытудың әдіс-тәсілдері мен педагогикалық технологияларын пайдаланудың әдістемесін жетік меңгеру қажет,– деп санаймыз. Жоғары оқу орнында кәсіби білім ғана алып қоймай кәсіби шеберлікке баулуды да іске асыруға басымдық берген жөн.

М.Жұмабаев мектеп жөнінде: «Әрбір ел келешегіне негізді балаларын тәрбиелейтін, даярлайтын мектебін салмақ. Бір елдің тағдыры мектебінің құрылысына байланысты нәрсе. Бұл ескірмейтін игі сөз, өзгермейтін бір шындық. Тарихты аз ғана болса да, атқарған кісі мұны біледі. Қазақтың тағдыры, келешегі, ел болуы да мектептің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізде сау, берік һәм өз жанымызға қабысатын, үйлесетін негізде құра білсек, келешегімізге тайынбай серттесуге болады. Сондай негізде құра алмасақ, келешегіміз күңгірт», – деп көрегендікпен айтып кеткен [14, б. 15]. Автордың ғасыр басында айтқан құнды ой-тұжырымдарын заман талабына сай қайта жаңғыртып, XXI ғасырда кейінгі ұрпаққа, яғни бүгінгі таңда жаңаша ой қорытындысын жасап, мектеп тағдыры – ел тағдыры екенін жете түсініп, ұлттық мектептің үлгісін жасауға негіз болып отыр.

Сондай-ақ, М.Жұмабаев мұғалім шеберлігі жөнінде: «Мұғалім бір сөзді ұзыннан ұзақ соза берсе, түрлі білімді, түрлі сөзді айта берсе, баланың да іші пысады. Мұғалімнің шеберлігі өзі білген білімнің бәрін балаға тез білдіруде емес, еппен басқыштап білдіруде. Сабақ оқытуда мұғалімсөзі жинақы, жігерлі, қызықты болуға тиісті. Сонда ғана баланың абайын (зейінін) өзіне қарата алады», - деп тұжырым жасаған [14, б. 130-131]. Бұдан оқушының білімге деген ынтасы мен қызығушылығын оятатын мұғалімнің бойына біткен қасиет болуы керек, яғни болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-педагогикалық даярлығында олардың кәсіби шеберлігін ұштауға, мұғалім қызметінің қыры мен сырын меңгертуді іске асыру қажет.

Шәкәрім халықтың мәдениетін көтеруге барлық күш-жігерді жұмсау үшін бірлікке шақырып, осы биікке шығудың жолын көрсетіп берді. Ақынның көрегендігі сол кездің өзінде негізгі басты-басты үш мәселеге назар аударды. Біріншісі, халық өзінің адал еңбегіне сүйене отырып, тура, айқын жолдан айнымауы керек. Екіншіден, қазақ халқы басқа, өркениетті елдердің халықтары

сияқты білімге, ғылымға ұмтылғаны жөн. Үшіншіден, қалалар мен елді мекендер тұрғызып, онда білім алып, еңбек етуге жағдай жасалуы тиіс. Адам ұдайы оқып ізденуі тиіс. Ғылымсыз, білімсіз еш нәрсеге де қолы жетпейді. Ал, ғылымның, білімнің арқасында табылмайтын байлық жоқ. Сол байлықты барша адам баласының керегіне, пайдасына жарату керек [11, б. 85]. Бұдан ойшыл ақынның білім мен ғылымға көңіл бөлгенін байқауға болады. Оған әрине ақын бүгінгі ұрпаққа әлемдік ғылым мен мәдениетті ескере отырып, жастарға Шығыс пен Батыстың оқу жүйесіне сай білім беру керектігін, балаларға білім беруде халықтың материалдық байлығын пайдалану қажеттігін айтқан болатын.

Ұлы ойшылдар мен педагогтардың құнды идеяларынан бастау алған бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау мәселесі бүгінгі күнде педагогика ғылымының теориясы мен практикасында өз алдына дербес мәселе ретінде бірнеше ғалымдардың зерттеу еңбектеріне арқау болып, әр қырынан зерттеліп келе жатыр, мұның өзі оның үнемі дамуды, жетілдіруді қажет ететін мәселе екендігін дәлелдейді.

И.А.Зимняяның пікірінше, жоғары оқу орнында оқыту үдерісінің кәсіби оқуға бағдарлануы білім сапасын бағалауда нәтижеге бағыттап, яғни студенттердің кәсіби-педагогикалықдаярлығына мән берілу керектігіне назар аудартады [30,с. 57]. Автордың пікірін қорытындылай отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің даярлығы кәсіби сипатқа ие болып, олар субъектінің тұлғалықдамуын көрсететін іс-әрекеттің нәтижесі түрінде көрінеді, – деп санаймыз.

Б.С.Гершунскийдің пайымдауынша, «кәсіби педагогиканың бұл ерекшелігінде әрбір адам бірте-бірте баспалдақпен көтеріліп, тұлға ретінде қалыптасады. Бұл баспалдақтың мынадай табалдырықтары бар: жалпы және функционалдық сауаттылық – кәсіби құзырлылық – мәдениет – менталитет» [78].

Біздің зерделеуімізше, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің даярлығында жалпы даярлыққа мамандық бойынша меңгеретін білімдері мен біліктерін жатқызатын болсақ, бастауыш сыныптарда оқушылардың сауатты оқуы мен сауатты жазуы қалыптасатынын ескерсек, олардың маман ретінде функционалдық сауаттылығын қажет етсе, теориялық білімін қажетті жағдайда тәжірибеде қолдана білуі кәсіби құзыреттілігін көрсетсе, қоршаған ортада барлық адамдармен, оқушылармен мәдени қарым-қатынас жасай білуге үйренуі мәдениеттіліктің көрсеткіші болса, интелектуалдық деңгейінің жоғарылығы оның заманауи менталитетті меңгергенімен сипатталады.

Білім саласының қазіргі жағдайын саралай отырып, қоғамдық сұранысқа сәйкес жоғары оқу орнын бітірген мамандардың кәсіби дайындығында бірнеше тенденцияны бөліп көрсетеміз. Олар:

- жеке тұлғаның кәсіби әлеуеті және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндігін өзінің тұлғалық сапаларын жүзеге асыруға, жалпыадамзаттық құндылықтарды, болашақ мамандар өзінің дамуы үшін білім саласында жаңа ізденістер, жолдарды гуманизациялық тұрғыда қарастырады;

- болашақ мамандар даярлауға қойылатын талаптар оның кәсіби білімі мен жалпы дайындық деңгейіне ғана емес, оның шығармашылық қабілетінің дамуы мен интеллектуалдық әлеуетіне де байланысты;

- нарықтық экономика жағдайында адам еңбек нарқында белсенді рөл атқарады. Өзінің тұлғалық тауар ретіндегі басты сапалық капиталы болып табылатын – құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, біліктілік және осы біліктілігі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым ол еңбек нарқында еркін таңдауға ие болып, өмірде үлкен сұранымға ие болады;

- нарықтық экономика жағдайында адамдар үнемі өзгерістегі жағдаяттарға байланысты кей жағдайда қысқа мерзім ішінде жаңа мамандықты меңгереді;

- басқа мамандықтарға қарағанда ақпараттандыру аясындағы мамандар саны күн сайын өсіп келеді [79]. Қорыта келе, қазіргі ақпараттық қоғамда ашық ақпарат жүйесін пайдалану оның әрбір мүшесі үшін барлық ақпараттардың қолжетімді болуымен сипатталуы тиіс.

«Кәсіби-педагогикалық даярлық» ұғымының түсінігіне деген қазіргі кездегі көзқарастарды қарастырып өтсек, ол бірнеше бағытты қамтиды.

*Бірінші бағыт* – «кәсіби-педагогикалық даярлық» ұғымы жеке тұлғаның дамуы, оның білімділігі мен тәрбиелілігінің нәтижесі болып табылатын «мәдениет» түсінігімен байланысы. Ю.Г.Фокин «кәсіби-педагогикалық даярлық» түсінігін адам танымының, практикасының жаңа ашылымдары және жаңалықтарының мазмұндарымен ассимиляциялау арқылы байланыстырады, сонымен қатар білім беру жүйесінің әр типі, саласы мен сатысы үшін білім беру талаптарын анықтауға болатын перспективалық сипат береді. Жалпымәдени тұрғыда «кәсіби-педагогикалық даярлық» үш аспектілердің жиынтығы ретінде қарастырылады: мағыналық (мәдени мағынада жағдайды дұрыс түсінумен тұрады, яғни түсінудің, қарым-қатынастардың, бағалаудың қолда бар мәдени үлгілері мағынасында); проблемалық-практикалық (жағдайды дұрыс анықтай білуді, арнайы жағдайда мақсаттарды, міндеттер мен нормаларды дұрыс қойып, оларды тиімді орындауды қамтамасыз ету); коммуникативтік (мәдени мағынада дұрыс қарым-қатынас жасай білуге, қарым-қатынастың және өзара әрекеттесудің тиісті мәдени үлгілерін ескеретін жағдайларға назар аудару) [80]. Бұдан автордың болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық даярлығы жалпы мәдени қарым-қатынасынан туындайтын құрамдас бөлік болып табылады,– деген тұжырым жасағанын көруге болады.

Е.В.Бондаревская да кәсіби-педагогикалық даярлықты«мәдениет» түсінігімен байланыстыра отыра оның мәнін анықтайды. Мәдениет «мұғалімнің іс-әрекетінің және кәсіби қызметінің тәсілдері, құндылықтарының динамикалық жүйесі», – болып табылады деп тұжырым жасаған [81]. Авторлардың пікірін түйіндейтін болсақ, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-педагогикалық даярлығының негізі оның жалпы адамзаттық және жеке тұлғалық мәдениеттілігі құрайтынын айта келе, болашақ маман ретінде оқушылармен субъектілік тұрғыда мәдени қарым-қатынас жасау, қойылған проблеманы шешуде теория мен практиканы үйлестіре білу, кәсіби іс-әрекетті шешудегі педагогикалық шеберліктің қажеттігін көрсеткен.

*Екінші бағыт*– кәсіби-педагогикалық даярлықты қасиеттер мен шеберліктердің жүйесі ретінде түсіну. Б.Т.Лихачёв кәсіби-педагогикалық даярлық философиялық, психологиялық, әлеуметтік, мәдени және жеке тұлғалық мағынадағы аспектілерден тұратын тұтас жүйе ретінде түсіндіреді. «Адам – адам» (педагогтар, дәрігерлер, заңгерлер, қызмет көрсету еңбегінің қызметкерлері) жүйесінде істейтіндердің кәсіби даярлығы тек базалық (ғылыми) білімдерімен және шеберліктерімен ғана емес, маманның құндылық бағдарлығымен, іс-әрекеттерінің дәлелдігімен, дүниеде өзін және өзінің айналасындағыларды түсінуімен, өзі жұмыс істейтін адамдармен қарым-қатынасының стилімен, ортақ мәдениетімен, өзінің шығармашылық әлеуетіндамытуға деген қабілеттілігімен анықталады. Педагог мамандығында бұл тізімге пәнді оқыта білу әдістемесі, өз тәрбиеленушілерінің рухани өмірін түсініп, ықпал ете білуі, оларды құрметтеуі, өзінің жеке кәсіби мағыналы қасиеттері кіреді. Осы құрамдас бөліктердің біреуі жоқ болса, онда бүкіл жүйе бұзылып, педагог қызметінің тиімділігі төмендейді»[82]. Қорыта келе, кәсіби-педагогикалық даярлықты қамтамасыз ететінтерең теориялық білімді меңгеруде тұтас жүйе ретіндегі қарастырылатын педагогикалық шеберліктерді меңгеруі, педагогикалық үдерісті ұйымдастырудағы құндылық бағыттары, тілдік және қарым-қатынасы стиліндегі мәдениеттілігі, бастауыш сынып мұғалімінің шығармашылық іс-әрекеті және оны жүзеге асырудағы әдіскерлік шеберлігін атауға болады.

Э.Ф.Зеердің пікірі бойынша, кәсіби-педагогикалық даярлық дегеніміз – «арнайы деңгейде кәсіби міндеттерді орындауға мүмкіндікті қамтамасыз ететін тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттері, білімі, шеберліктері мен біліктілігінің жүйесі», – болып табылады[83]. Автордың пікірін түйіндейтін болсақ, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық даярлығы кәсіби білімі, кәсіби іскерлігі, кәсіби біліктілігі, кәсіби шеберлігі, кәсіби құзыреттілігін қамтуы тиіс.

*Үшінші бағыт* – кәсіби-педагогикалық дайындықты ұйымдастыру мәселесінен бөліп қарастырады. Бұл бағыттағы зерттеушілер кәсіби-педагогикалық даярлық мазмұнына біртұтастық элементтерін беріп, қандай да бір жиынтықты құрайтын инварианттық (тұрақты) және вариативтік (өзгермелі) бөліктерді біріктіреді. Инварианттық (міндетті) бөлігі философиялық, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік ғылымдар саласындағы іргелі білімдерді, кәсіби-педагогикалық шеберліктерді құрайды. Вариативтік бөлігі білім алушының ғылыми дайындығы жөніндегі ерекшеліктерін, оның жеке қызығушылығы мен бейімділігін қамтамасыз ететін таңдау пәндерін құрайды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық дайындығын іске асыруда педагогикалық үдерісті ұйымдастыруда бұл бағыттың басшылыққа алатын нормативті құжаты жалпыға міндетті жоғары кәсіптік білім беру стандарты болып табылады. Ал стандарт негізгі екі бөліктен тұратынын ескерсек, ол инварианттық (тұрақты) және вариативтік (өзгермелі) бөліктер болып табылады. Бірін-бірі толықтыратын екі бөлік 5В010200-

«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығына да қатысты іске асырылады[84].

С.С.Татарченкова кәсіби-педагогикалық даярлықты:«бұл еңбектегі өзгергіш заттардың (адам, топ, ұжым) қасиеттерін толық білумен, өндіріс құралдарын еркін меңгерумен, орындалатын жұмыстың сипаты, еңбектің нақтылы заттық мазмұнының мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеттерімен, оның өзін-өзі бағалауымен, еңбексүйгіштігімен анықталатын» педагогикалық іс-әрекеттерді жүзеге асыру формасы ретінде талдайды[85]. Авторлардың пікірін тұжырымдайтын болсақ, кәсіби-педагогикалық даярлық бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық кәсіби іс-әрекеттерді іске асыру әрекеттері, шеберліктерімен ізденімпаздық еңбектерінің нәтижесі деп есептейді.

*Төртінші бағыт* – «кәсіби-педагогикалық даярлық» пен «кәсіби іс-әрекетке деген дайындық» түсініктерінің ара қатынасын ажырату. «Кәсіби іс-әрекетке деген дайындық» категориясы түсінігі психологиялық-педагогикалық әдебиетте бір мағыналы емес: қырағылық жағдайы; мұғалімге деген кәсіби шартты талаптар жиынтығы; күрделі құрылымды білім беру; кәсіби маңызды қасиеттердің, себептердің, құзыреттіліктің, шеберліктің жүйесі; кәсіби құзыреттіліктің мағыналық компоненті; кәсіби дайындықтың нәтижесі.

Біздің ойымызша, «кәсіби іс-әрекетке деген дайындық – субъектіде арнайы әрекеттің құрылым бейнесі бар және оны орындауға сананың тұрақты бағытталғаны сияқты ерекше психикалық жағдай. Ол педагогикалық міндеттерді сезінудің әр түрлі нұсқауларынан, мінез-құлықтың мүмкін моделінен, іс-әрекеттің арнайы тәсілдерін анықтаудан, болашақтағы қиындықтарға қатысты өзінің мүмкіндіктерін бағалаудан және арнайы нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндіктерінен тұрады». Бұл бағытта кәсіби іс-әрекетке деген дайындық болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық сапаларының қалыптасуында кәсіби құзыреттіліктерді меңгеру нәтижесінде қалыптасқан мұғалім үлгісі алға шығады[86].

А.В.Либин кәсіби-педагогикалық даярлық оның педагогикалық ойлауға теориялық әзір екендігі мен педагогикалық әрекет етуге практикалық дайындығы тұтастығы» ретінде түсінеді[87].

С.С.Татарченкова кәсіби-педагогикалық даярлықты «субъект іс-әрекетінің жеке интегралдық сапалы сипаты, біртұтас жағдайы мен оны жүзеге асыруға жеке тұлғаның әзір екендігінде» деп түйіндеме жасаған. Педагогикалық мамандықтар арасында кәсіби іс-әрекетке деген дайындық «кәсіби-педагогикалық даярлықтың құрамдас бөлігі болып табылады және мұғалімнің педагогикалық мамандыққа рефлекстелген бағыттылығынан, дүниетанымдық көзқарасының жетілгендігінен; өзін-өзі үнемі кәсіби және жеке тұлғалық жетілдіру нұсқауларынан, өзін-өзі жүзеге асыру мен өзін-өзі тәрбиелеуден; оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің авторлық технологиясын жобалаудағы болжам мен қарқындылықты мақсат етуден тұрады»[85,с. 76]. Авторлар пікірлерін қорытатын болсақ, кәсіби-педагогикалық даярлық кәсіби іс-әрекетке еркін түсе алатын, мұғалім ретінде тәжірибеде өзін өзі іске асыруындағы шығармашылығы, шеберлігі, кәсіби құзыреттілігін құрайды.

*Бесінші бағыт* – А.И.Панарин, М.К.Кабардов кәсіби-педагогикалық даярлықбастауыш мектеп мұғалімінің жеке тұлғасының сипаты мен оның мазмұнына нәтижелі компоненттерді енгізу ретінде психологиялық жағынан қарастырады. А.И.Панарин кәсіби-педагогикалық даярлықты шеберліктердің жиынтығымен түйістіре отырып, жеке тұлғаның білімі мен білгендігін есепке алмай, кәсіби құзыреттілікті «мұғалім дайындығының маңызды сипаты, коммуникативтік, іскерлік, ұйымдастырушылық шеберліктері, сондай-ақ осы шеберліктерді өз жұмысында практика жүзінде қолдануға дайындығы мен қабілеттілігі»,– деп санайды[88]. Авторлардың пікірлері бірін бірі толықтыра отырып, қажетті біліктілік пен шеберліктердің қалыптасуы оларды меңгеру деңгейлері, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін негізі болып табылатын комуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру қажет, – деп есептейді.

*Алтыншы бағыт* – Р.Х.Шакуровтың пайымдауынша, кәсіби-педагогикалық даярлықты бір жағынан, оқушыларды тәрбиелеу мен оқытуға тікелей қатысатын педагогқа қажетті, ал екінші жағынан, өзінің және оқушы іс-әрекетіне басшылық жасап, оны бағалайтын жеке тұлғаның қасиеті ретінде қарастырады[89]. Автор болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-педагогикалық даярлығы педагогикалық үдерісті ұйымдастырып қана қоймайды, сонымен қатар оны басқаруды да іске асыратынын ескерте келе, оқушы тұлғасын қалыптастыруға жауапкершілікпен қарауды ұсынған.

*Жетінші бағыт* – Б.С.Гершунский, А.Д.Щекатуновалардың пайымдауынша, маман білімділігінің деңгейі ретінде кәсіби-педагогикалық даярлықты талдау қажет. «Кәсіби-педагогикалық даярлық» ұғымы ең алдымен, өзіндік кәсіби білім деңгейімен, адамның жеке қабілетімен және тәжірибесімен, өздігінен білім алу мен өзін-өзі жетілдіруг деген ұмтылысы, іске деген шығармашылық қарым-қатынасымен анықталады. Б.С.Гершунский кәсіби-педагогикалық даярлықты «танымдық және практикалық іс-әрекеттерде теориялық тәсілдерді меңгерумен сипатталатын жеке тұлғаның білімділігі мен жалпы мәдениеттілігі деңгейі» ретінде талдайды [78,с. 19]. Автордың пікірін тұжырымдайтын болсақ, теориялық білім мен практиканы байланыстыра қарастырып, оны мәдениеттілікпен бірлікте қарастырғанын көруге болады.

*Сегізінші бағыт* – кәсіби-педагогикалық даярлықты іс-әрекет тұрғысынан анықтаған ғалымдар: Н.В. Кузьмина, М.И.Лукьянова, А.К.Маркова және т.б. А.К.Маркованың пікірінше, кәсіби-педагогикалық даярлық мұғалімнің еңбек қызметінің бес түрінің жиынтығы болып табылады: педагогикалық қызмет, педагогикалық қарым-қатынас, педагогтың жеке тұлғасы, білімділігі, тәрбиелілігі [47,с. 38]. Бұдан автордың педагогтың тұлғалық сапасы мен кәсіби білімі, тәрбиесімен бірге педагогикалық үдерістегі қарым-қатынасқа түсе білуіне басымдық беріп отырғанын байқауға болады.

А.К.Маркова өзінің кейінгі еңбектерінде кәсіби-педагогикалық даярлықты «өз бетінше әрекет етуге ықпал ететін психикалық жағдай, адамның өз еңбегінің нәтижесінде арнайы еңбек функцияларын орындау қабілеттілігі мен шеберлігін меңгеруі»,– деп анықтайды [47,с. 39]. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-педагогикалық даярлығы оның кәсіби іс-әрекетті орындауға

бейімділігі мен шығармашылығынан көрінеді. Сондықтан авторлардың жасаған тұжырымдамалық ой пікірлері мұғалімнің кәсіби-педагогикалық даярлығында басшылыққа алынуы тиіс, – деп санаймыз.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлаудың ғылыми-теориялық, тарихи-педагогикалық негіздеріне арналған отандық зерттеулер қатарындағы еңбектерге талдау жасайық.

Т.С.Сабыров оқушылардың танымдық іс-әрекетін арттыруға қажетті оқыту әдістері мен формаларын тиімді пайдалануға мұғалімдердің даярлығын қалыптастырудың келесі шарттарын тұжырымдап ұсынған:

-оқушылардың білім қорының болуы және оларды қолдана білуі;

-оқушылардың көрген-білгендеріне байланысты ынта-ықыласымен өзіндік қатынасының болуы;

-оқушылар өз көзқарастары мен сенімдерін практикалық іс-әрекеттер арқылы жүзеге асыруға дайын болуы [90]. Автордың пікірін қорытатын болсақ, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда жоғарыда аталған шарттарды оқушылардың барлық мүмкіндіктері мен жеке ерекшеліктерін, практикалық тапсырмаларды орындатуда ескеру қажет,– деп санаймыз.

А.Н.Ильясова Қазақстанда1919-1930 жылдар аралығында педагогика теориясының қалыптасуына жасалған талдаулар негізінде келесі тұжырымдарды жасаған. Қазақстанда педагогика 20-жылдарда педагогиканың теориясының қалыптасуының негізгі шарттары болып табылатын мұғалімдер мен оқулықтарды дайындауда маңызды қадамдар жасалды, өйткені мұғалімдерді, бағдарламалар, оқулықтар дайындау арқылы халықтың сауатын ашу мәселесі шешілді. Сонымен қатар, білім беру мазмұнын айқындау мәселесі де шешілді[59,б. 97].

Республиканың экономикалық, аймақтық, ұлттық ерекшеліктерін есепке алудың объективті қажеттілігі туындады. Бұл міндетті орындау педагогикалық теорияның негізімен қаруланған, өзінің уақытына сәйкес келетін, практик мұғалімдердің үлесіне тиді. Мұғалім оқушыларға ақыл-ойын және дене дамуын қамтамасыз ететін берік білімнің негізін, іскерлік пен дағдыны меңгертуде олардың психологиялық, жас ерекшелігін ескеруге баса көңіл бөлу мен қатар басқарушылық рөл атқарды. Автордың ойынша, 20-жылдарда педагогиканың алдына ғылыми негіздеменің мақсатын, міндеттерін, мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістерін, яғни педагогикалық үдеріс пен педагогикалық құбылысқа жаңа құрылымда, жаңа идеологияның талаптарын ұсынды. Осы кезеңде пәндік құрылымдық идеялар: білім мазмұны, мектептегі оқытуды ұйымдастыру, сабақтың құрылымы мен ұйымдастыру, оқушылардың оқу жүктемесін азайту мәселелері ойластырыла бастады. Қазақстанда 20-жылдарда негізгі педагогикалық ұғымдар «білім», «дидактика» және оның басқа да ұғымдары бөлініп шығып, оқушылардың белсенді және өзіндік жұмысы, пәнаралық байланыс мәселелері шыға бастады. Сонымен қатар, тәрбие мәселесі де назардан тыс қалмады. Тәрбие теориясы, тәрбие үдерісінің құрылымы, педагогика пәні және оның негізгі ұғымдары, адамгершілік тәрбиесі, оның мазмұнындағдысы мен әдеті тұрғысынан айқындалды [59,б. 112]. Бұдан

шығатын қорытынды, Қазақстанда 20-жылдарда педагогика теориясының қалыптасуы автордың зерттеу кезеңіне сәйкес келгенін, оның бүгінгі күні педагогика теориясының дамуының негізі болып отырғанымен түсіндіріледі.Зерттеу тақырыбымыз болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау (1991-2011ж.ж.) мәселесі болғандықтан тарихи-педагогикалық зерттеулердің құнды тұжырымдарын басшылыққа алу қажет деп санаймыз.

Т.Ш.Домаев жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауды жетілдірудің жолдары мен құралдарына төмендегі мәселелерді жатқызады:

- оқу-тәрбие процесін бағдарламалык-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету, яғни оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, оқу-әдістемелік әдебиеттерді жетілдіру, жоғары педагогикалық білім беру жүйесінің мазмұнын саралау, студенттердің ғылыми және танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру мен дамытуды көздейтін арнайы курстар мен арнайы семинарларды көбейту;

- студенттердің оқудан тыс уақыттағы іс-әрекетінің бағдарламалық-мақсатты және кәсіби-педагогикалық бағыттылығын күшейту, яғни студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының, әсіресе дипломдық жұмыстардың сапасын арттыру; қоғамдық-саяси белсенділікті қалыптастыру мен дамыту;

- психологиялық-педагогикалық және әдістемелік даярлықтың формалары мен әдістерін жетілдіру;

-«мектеп – жоғары педагогикалық оқу орны – мектеп» жүйесіндебастауыш сынып мұғалімінің жеке тұлғасын қалыптастыру [91].

Қ.Т.Ыбырайымжанов бойынша, бастауыш білім берудің қалыптасуы мен дамуының тарихи жолын мүмкіндігінше анықтаудағы басшылыққа алынған әдіснамалық ұстанымдар тарихилық, шындық, жинақтылық және жүйелілік болып табылады, бұл педагогика тарихында орын алған тәжірибенің ғылыми тұрғыда толық талдануына негіз болады дей келе, әрбір ұстанымға сипаттама берген;

- тарихилық – бастауыш білім берудің қалыптасуы мен дамуы оларды туғызатын жағдайлар мен органикалық байланыстарды тану ұстанымы.

- шындық – зерттелу кезеңдерін қамтитын мұрағаттық деректердің түпнұсқасын тексеру.

- жинақтылық – бастауыш білім беруді әлеуметтік құбылыс – ретінде тани отырып, құбылыстың мәні қорғаушы күштері, ықпал етудің алғы шарттары, сыртқы жағдайлар, осыған байланыстыбұған басшылық жасау.

- жүйелілік – анықталған кезеңдерде Қазақстандағы бастауыш білім беру мәселесі құрамды бөліктерімен және және оны қоршаған орта, қоғамдағы әлеуметтік жағдаймен ішкі үйлесімділігін, өзара байланысын біртұтастық негізде қарастыру [62,б. 67]. Автордың пікірін қорытатын болсақ, зерттеу кезеңіне байланысты бұл ұстанымдар тарихи-педагогикалық зерттеу жұмысында басшылыққа алынуы тиіс, – деп есептейміз.

Р.К.Бекмағамбетова бастауыш сыныпқа мұғалім кадрларын даярлайтын оқу орындарының даму тарихын қоғамның әлеуметтік – саяси, экономикалық

және мәдени дамуына сәйкес жеті кезеңге бөліп қарастырады. Елдің дамуының әр тарихи кезеңінде бастауыш сынып мұғалімін даярлаудың өзіндік әлеуметтік бағыты болғандығын, соған сәйкес оқу орындарының да қызметі өзгеріп отырғанын зерделейді [63,б. 112].

Қ.О.Жеделовтың зерттеу еңбегінде Қазақстандағы бастауыш сыныптардағы бейнелеу өнері пәнінің қалыптасуы мен дамуы мәселесіне қатысты жүргізілген зерттеу жұмыстары, мұрағат материалдарына талдау жасай отырп, сонымен қатар хронологиялық, жүйелі-салыстырмалы және ретроспективті ұстанымдарын негізге алып,зерттеуге алған феноменнің қалыптасуы мен дамуындағы бірнеше кезеңдерді шартты түрде бөліп көрсеткен. Автор алтыншы кезеңдегі басты оқиға Қазақстан Республикасының бірнеше ғасыр бойы армандаған тәуелсіздігіне қол жеткізгенімен байланыстырған. Осы тәуелсіздік туралы Декларация және конституциялық Заң негізінде «Өз территориясында толық билік иегері, ішкі және сыртқы саясатын өз бетінше анықтаушы және жүргізуші демократиялық мемлекет – Қазақстан Республикасының» тарихында жаңа даму кезеңі басталды. Қазақстандағы ең ірі саяси оқиғаның арқасында білім беру саласында да күрделі өзгерістер болды: «Лицей», «Гимназия» туралы Ережелердің қабылдануымен түрлі типтегі оқу орындары ұйымдастырылды. Әрине бұл жағдай бейнелеу өнері білімінің пән ретінде қалыптасуы мен әрі қарай дамуы білім беру мазмұнының терең дидактикалық тұрғыдан түсінуге айқындалды. Қазақстанның білім беру жүйесін дамытудың, оның әлемдік білім беру кеңістігіне кезең-кезеңмен енуін көздеп, соған арналып жүргізіліп жатқан жауапты да күрделі жұмыстарда жалпы білім беретін мектепте оқылатын мазмұн ішінде бейнелеу өнері пәні елеулі орынға ие болып отырғаны туралы[64,б. 55]. Автордың пікірін түйіндейтін болсақ, 90-жылдардағы бейнелеу өнері білімінің пәніне арналған білім беру мазмұнына жасалған талдау нормативтік құжаттың жасалу сипаты, оның жәй-күйі туралы толыққанды қорытынды жасаған. Бұл әрине ата-бабамыздың асыл мұралары мен қазыналарын зерттеу, іздеумен шұғылданып, оны ұрпақ тәрбиесіне пайдалануды көздеп, үздіксіз білім берудің ұлттық жаңа үлгісін қалыптастыруда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің бейнелеу өнерінің пән ретінде оқытылуындағы жауапкершілігін арттырады, – деп санаймыз.

С.Қ.Әбілдина білім беру саласындағы өзгерістердегі бүгінгі күн талабынан туындап отырған этникалық толерантты тұлғаны қалыптастыруды біртұтас үздіксіз тарихи педагогикалық үдеріс ретінде қарастырады. Қазақстанда этномәдени білім беру теориясы дамуының негізгі үрдістерін ашып көрсетеді. Оның басты бағыттары: этномәдени білім берудің қалыптасуы мен дамуы жалпыадамзаттық және ұлттық қатынастың диалектикасы арқылы анықталады; әр тарихи кезеңде білім мазмұнын сол кезде басым болған этностық мәдениет құндылықтары (халықтың тәрбиелік тәжірибесі, ойшылдардың тәлімдік идеялары, ұлттық дүниетаным, т.б.) құрады; этномәдени білім беру этностың базалық құндылықтарына (ана тілі, төл мәдениеті, тарихи жады, салт-дәстүрі т.с.с.) негізделді; этномәдени білімнің тарихи-мәдени және педагогикалық

негізіне қашанда халық педагогикасы мен ұлттық тәрбие алынды т.б.Қазақстан орта мектептеріндегі этномәдени білім беру практикасының даму ерекшеліктері мен динамикасын көрсете келе еліміздегі бірнеше тіл аралас мектептердің ашылуы жайлы айтады. Егемендікке қол жеткен дәуірде этномәдени білім берудің ғылыми-теориялық тұрғыдан қамтамасыз етілгендігін пайымдауға болады[65].

Адамзаттың тарихи даму кезеңдерінің қайсысын алсақ та, жас ұрпаққа білім беру мәселесі белгілі бір педагогикалық деңгейде қаралып келгенін өткен тәжірибеге ғылыми-теориялық шолудың қажеттілігін дәлелдейді. Білім беру мазмұны – дидактикалық категория. Осы орайда Ү.Қ.Қыяқбаева білім беру түсінігіне оқытудың нәтижесі ретінде білім, білік, дағдыларды ғана емес, оқушының іс-әрекет пен қарым-қатынастың үздіксіз барысында мінез-құлықтық ұстанымдарын сындарлы ойлау, жасау, бағалау біліктерін де бастауыш сынып мұғалімінің қарастыруы қажет деп есептейді [66,б. 60].

М.З.Джанбубекова жаһандану жағдайында болашақ бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселесіне жүйелік-құрылымдық талдау негізінде кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке дайындықты келесі кезеңдер арқылы сипаттаған:

*Бірінші кезең.* Мамандыққа бейімделу. Бұл кезең көбіне кәсібиліктің *әлеуметтену* (*социализация)* үдерісін жүзеге асырады, жеке кеңістік және оның мазмұны арқылы кәсіби кеңістік жасалады, жеке кеңістікті жасау арқылы кәсіби-педагогикалық қызметті мақсатты түрде қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізіледі. Әлеуметтік кәсіби нормаларды құрайтын негізгі ережелерді, кәсіби іс-әрекет ету мен қатынас жасау нормалары түсіндіріледі. Студенттермен бірлесе жасалған жұмыста жетістігі мол кәсіби-педагогикалық қызметтің эталон нормасы жасалады. Оның ішкі жүйелері: тақырыптық норма, әлеуметтік-кәсіби норма және психологиялық норма анық көрініп тұрған жүйе ретінде қарастырылады.

Тақырыптық норма кәсіби-педагогикалық іс-әрекет құрамын анықтайды, нәтижелерге қойылатын талаптар мен оларды жүзеге асырудың тәсілдерін анықтайды. Әлеуметтік-кәсіби норма кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке қатынас жасау тәсілдеріне қойылатын талаптарға ерекше мән береді, мұғалім мен оқушы арасындағы қатынас белгілі бір педагогикалық теорияларды іске асырудағы педагогикалық технологияларды білдіреді. Психологиялық норма қазіргі заман мұғалімінің кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке маңызды психологиялық қасиеттерінің ең жоғары деңгейде болуын қамтамасыз етеді. Автор зерттеу жұмысында бейімделу критерийлері мұғалім мен қоғамның өзгеру кеңістігінде эталон нормасының үздіксіз жетіле беретінін мұғалімнің түсінуі болып табылады, – деген тұжырым жасаған.

*Екінші кезең.* Танымдық-кәсіби қызметте студенттің өздігінше актуалдануы. Тұлғаның жетіліп жатқандығы кәсіби-педагогикалық қызметте көрініс табады. Кез-келген қызметті адамның өзін-өзі көрсету формасы ретінде ғана бағалаймыз. Кез-келген жеке тұлғаның бойында сан қырлы қасиет болады, оларды мұғалім мамандығы ауқымында өзін-өзі жетілдіру процесіне қарай

оңтайлап, бұруға болады. Осы тұста біз кәсіби-педагогикалық қызметтің жеке тұлғалық бағытта қалыптасу үдерісін көреміз. Шығармашылықтың негізі – жеке тұлғалық бағыттағы кәсіби норма жасалады. Шығармашылыққа үйреткенмен, ол кәсіби-педагогикалық қызметтің жеке стилінің қалыптасуында жеке дара көрінеді. Мамандықта өзін көрсету стилі қазіргі «Мен» образын анықтайды. Бастысы өзін өзгертумен бірге өзін таныту формасы да өзгеретіндігін түсіну. Автор танымдық-кәсіби іс-әрекетте өзін-өзі жетілдіру жеткіліксіз әрі толыққанды болмаған жағдайда, кәсіби-педагогикалық іс-әрекетті меңгеруде кедергілер туындатады, – деп түйін жасаған.

*Үшінші кезең.* Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің кәсіби-педагогикалық іс-әрекетінің қалыптасуы танымдық-қызметтік тәсілмен жүзеге асырылады. Сондықтан студенттің болашақ кәсіби-педагогикалық іс-әрекетімен сәйкестілігін, үйлесімділігін сезінуге жағдай жасалуы тиіс. Біз бұл кезеңді оқу тәжірибесімен байланыстыра қарастырған. Оқу-қызметтік әдіс педагогикалық білім алуды, педагогикалық теорияларды, әдістерді, технологияларды меңгеруді көздейді және педагогикалық шығармашылықты дамытады. Студент оқуының соңында кәсіби-педагогикалық іс-әрекетті меңгерудің өзі қалаған нәтижесінің қаншалықты дәрежеде болуы керек екенін білуі тиіс (категория деңгейі). Кәсібилік деңгейі екі жолмен тексеріледі:

- арнайы білім мен дағдылардың қаншалықты меңгерілгендігі;
- кәсіби іс-әрекетті меңгеру қабілеттерінің қаншалықты басқарылуы.

Олар да дамиды. Барынша қарқынды дамушы жеке кеңістік кәсіби-педагогикалық қызметтің жан-жақты қалыптасуын қамтамасыз етеді. Кәсіби кеңістік көлемі жеке кеңістік ауқымына бағыттайды.

*Төртінші кезең.*Педагогикалық зерттеу жүргізуде жеке тұлғаның қалыптасу кезеңі, шығармашылық шабыттану әрі шығармашылық педагогикалық қызметтің барлық қызметін орындау қажеттілігін сезінетін кезең. Мұның нәтижесі әлеуметтік немесе пәндік норманы толықтыра түседі. Бұл шығармашылық курстық жұмысының, дипломдық жұмысының немесе шығармашылық тәжірибелік жұмыстардың орындалуында көрініс табуы мүмкін. Студентті осы кезеңге жеткізу қажет. Автор аталмыш кезеңді кәсіби-педагогикалық қызметке дайындаудың соңғы кезеңі (басқа да кезеңдері үшін де) үшін міндетті болып саналатынын ескертеді. Жоғары оқу орнындағы ортаны тұлғаның дамуына әсер ететін кәсіби-шығармашылық орта деп атауға болады, мұнда барлығы кәсіби-педагогикалық қызметті меңгеруге бағытталған. Сондықтан кәсіби маманның өзін-өзі жетілдіруі әрі мұны жоғары оқу орны қабырғасында жүріп жасауы тиіс,–деп санайды[67,б. 118]. Автордың пікірін тұжырымдайтын болсақ, кәсіби-педагогикалық даярлықтың негізгі көрсеткіші болып табылатын кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселесі бойынша айқындалған кезеңдерді өз жұмысымызда басшылыққа алу қажет деп есептейміз. Өйткені, жоғары оқу орнында болашақ бастауыщ сынып мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық даярлығы да олардың мамандыққа бейімделуінен бастап, кәсіби іс-әрекетті орындап үйренумен, яғни мұғалім мамандығының қыры мен сырын түсінуге дейін, теориялық білімін практикада тәжірибеде іске асыруды, білімін

кез келген жағдайда шешім қабылдауда қолдана білудегі шеберлігі, шығармашылығы, өзін-өзі ұйымдастырып, өзін-өзі жүзеге асыра білумен сипатталады.

Г.Ж.Менлибекованың пікірі бойынша, әлеуметтік құзыреттілік – әлеуметтік шындықты түсінуді, іс-әрекетке басшы ретіндегі нақтылы әлеуметтік білімдерді, өзін-өзі жүзеге асыруға және арнайы нормаларды шығаруға деген субъективтік қасиеттерді, өмірдегі басты іс-әрекеттерде әлеуметтік технологияларды жүзеге асырудың жеке шеберліктерін біріктіретін адамның кіріктірілген қасиеті. Адам өмірін уақыт бойынша өрістетумен байланысқан әлеуметтік құзырлық мазмұны адамның өз өмірінің сценарийін және өзінің өмірлік жолын жоспарлай білу шеберлігі ретінде беріледі. Әлеуметтік құзыреттіліктің қалыптасуы туралы мәселе – өз бетінше өмір сүруге, әлеуметтік өсу мен әлеуметтік қорғаныска дайындалу үдерісі. Қоғамды жаңартудың жаңа стратегиялық бағыттары білім беру секторының белсенді де құзыретті ықпал ету мүмкіндіктерін күшейтті. Сондықтан да құзыретті маманды кәсіби дайындауда қоғам мен мемлекеттің барлық институттарында педагогикалық түрде негізделген шешімдерді қабылдай білу шеберліктерін қалыптастыру маңызды мәселе болып табылады. Қоғам дамуының осы объективті қажеттілігі салдарынан педагогикада «әлеуметтік-педагогикалық құзыреттілік» түсінігі пайда болды,- деп түйін жасаған [92]. Автордың пікірін қорытатын болсақ, тұлғаның әлеуметтенуінде оның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыра алады, өйткені кәсіби білім алуда өзінің жеке іс-әрекетінұйымдастыруға үйренеді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері әртүрлі әлеуметтік топпенқарым-қатынасқа түсіп, олардың іс жүзінде туындаған проблемаларын шешуге көмек көрсетіп, өзінің тұлғалық адами сапалық қасиеттерін дамытады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде білім алушылар педагогикалық практика кезінде, оқушылармен «іс жүзінде» қарым-қатынас жасау нормаларының, ережелерінің, әлеуметтік рөлдерінің арнайы жүйесін меңгереді және оны іске асыру мүмкіндігіне ие болады.

Қ.А.Сарбасова бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауға кешенді тұрғыдан келуді қарастыра отырып,қазіргі жағдайда бастауыш сынып мұғалімінің іс-әрекетінің мазмұны сапалық тұрғыдан өзгерді, енді ол дамушы әлеуметтік-мәдени ортаны жобалай алатын, баланы тұлғалық-бағдарлап оқытуды жүзеге асыра білетін педагог болу керек. Сонымен бірге ол оқытудың әдістері мен құралдарын өздігінен таңдап алу мүмкіндігіне ие болуда. Мұғалімнің аталған жаңа және күрделі функциялары оның кәсіби даярлығының соған сәйкес деңгейін талап етеді. Сондықтан бүгінгі күнде бастауыш мектеп үшін мамандарды «педколледж-университет» жүйесінде *екі сатыда даярлау қажеттілігі* туындайды. Қазіргі кезде бастауыш мектептің алдында тұрған міндеттерді шешуге қабілетті мұғалімді осындай жағдайда даярлау көптеген *проблемаларды* шешумен тығыз байланысты. Олардың бірі – әрбір сатыдағы оқытудың мазмұнын анықтай отырып, колледж бен университетте білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету. Екінші мәселе біріншімен тығыз байланысты – бұл бастауыш сынып мұғалімінің әдістемелік даярлығының жаңа жүйесін жасау, өйткені бастауыш

сыныптың міндеттері өзгерді, оқытудың мазмұны едәуір өзгерді, мұғалімдерге вариативті бағдарламалармен және оқулықтармен жұмыс істеу құқығы берілді.

Бұл проблемаларды шешудің бір жолы оқытудың әрбір сатысында мамандарды даярлау мазмұны мен технологиясының сабақтастық байланысын анықтау болып табылады, – деген тұжырым жасаған [93]. Автордың пікірін түйіндейтін болсақ, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда қоғам сұранысынан туындап отырған талаптарға жауап беретін, кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан, өзін өзі жүзеге асыра алатын, өзін-өзі дамытатын, өзін-өзі ұйымдастыратын маман қажет болады.

Бастауыш мектеп мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлауды заманауи тұжырымдар аясында қарастыру мақсатында тарихи-педагогикалық тұрғыдағы ғылыми-зерттеулерге жасалған талдаулардан кейін бүгінде оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде басшылыққа алынып отырған психологиялық тұжырымдамаларды зерделеуді жөн көрдік.

*Л.В.Занковтың оқушылардың психикалық дамуына бағытталған тұжырымдамасын* зерттеу тақырыбымыз тұрғысынан талдайтын болсақ, оқытудың заңдылықтары мен ұстанымдарын меңгеру, кіші мектеп жасындағы оқушылардың жалпы психологиялық дамуы мақсатында оқытудың дидактикалық жүйесін дайындады. Аталған тұжырымдамада дәстүрлі оқытуға қарағанда дамыта оқытуда білім сапасын жоғары деңгейге жеткізуді көздеді. Л.В.Занковтың оқыту жүйесі келесі ұстанымдарға негізделді:

- оқытудың жоғары деңгейдегі қиындығы;
- бағдарламалық материалды тез меңгеру темпі;
- теориялық білімнің жетекші рөл атқаруы;
- оқу үдерісін оқушылардың  саналы сезінуі;
- барлық және нашар оқитын оқушыларды дамыту үшін мақсатқа бағытталған және жүйелі жұмыс жүргізу[40,с. 41]. Бұл тұжырымдаманың біздің зерттеу жұмысымыз үшін маңызы зор, өйткені болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда оларға мұғалімдік кәсіби қызметте нені басшылыққа алу керектігін, оқытуда нені ескеру қажеттігін үйретуге негіз болады. Педагогикалық үдерісте әр ұстанымның мәні толық ашылады. Мысалы: теориялық білімнің жетекші рөл атқаруын оқушылардың дамуына негіз болатын дағды мен іскерлікті қалыптастырады.

*З.И.Калмыкованың тұжырымдамасы бойынша,* оқыту дамытушы, ал қалыптастырушы табысты және шығармашылық ойлау болып табылады. Ондай ойлаудың негізгілері:

-дағдыдан алыс, жауап алуға мүмкін ойлаудың түпнұсқалылығы;

- қайталанбайтын ассоциалық байланыстың жылдам және бірқалыпты пайда болуы;
- проблеманы түсінушілік қабілеті және оны басқаша шешімін табу;

-ойдың жылдамдығы – ассоцианың саны, идеялар уақыт бірлігінің пайда болуы, оның кейбір талаптармен сәйкестігі [94].

Бұл тұжырымдама бойынша, ойлаудың табыстылығы меңгерген білімді кеңінен қолдануға, үйреншікті жағдайдан жаңа жағдайға көше білуге, кез келген

мәселені шешуге, ақыл ойдың дамуын ықпалы зор. Жаңа білімді меңгертуде оқушылардың психологиялық ерекшелігін ескеруде, табысты ойлаудың нәтижесінде оқушылардың қабілеттілігін дамытуға мүмкіндік туғызатынына назар аудартып болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлауда басшылыққа алу ұсынылады.

*Е.Н.Кабанова-Меллер дамыта оқыту тұжырымдамасында келесі шарттарды ұсынады:*

-оқытудың барлық бөліктері (бағдарламалар, оқулықтар, әдістеме, мектеп практикасы) оқушыларда оқу жұмыстарының әртүрлі дәрежесінде әдістер жүйесін қалыптастыруға бағытталуы керек;

-әрбір оқу пәніндеоқу жұмысының негізгі әдістерін бөліп көрсетіп, оларды оқушылардың білімді меңгеруіне байлынысты саралап қолдану;

-білімді қалыптастыру оқушылардың ақыл-ой әрекетінде сезіну мен ойлаудың өзара әрекеттестігін қамтамасыз етеді;

-оқыту үдерісін басқаруда оқушылар тарапынан өзінің оқу тұжырымдамасын, жеке тұлғалық дамуымен бірге қарастырады [95]. Қорыта келе, жоғарыда талданған тұжырымдамалар психикалық функциялардың дамуымен байланысты, ол әрине оқушылардың жалпы психологиялық дамуын ескеруге негіз болатын тұжырымдық пікірлер болып табылады, бұл болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда ескеретін мәселе деп санаймыз.

*С.А.Смирновтың тұжырымдамасы* бойынша, бірлестік шығармашылық әдістемесі мұнда педагогикалық үдерістің негізгі мақсаты баланың қабілетін барынша дамытуда әлеуметтік тәжірибесінің пәрменді жинақталуымен және оның ішкі психологиялық жайлылық пен өз күшіне сенімділігін қалыптастыру.

С.А.Смирновтың пікірінше, мұғалімнің іс-әрекетінде негізгі үш бағытты бөліп көрсетуге болады. Мұғалім іс-әрекетінің бірінші бағытында оқушы мен мұғалім, оқушы мен оқушының өзара әрекеттестігін ұйымдастыру алға шығады. Мұнда мұғалім алдында өте қиын міндет – достық қатынастықалыптастыру және оқушыларды тартатын қызықты атмосфера туғызуы қажет. Бұл қатынас екі бағытта: «мұғалім мен оқушы», «оқушы мен оқушы» арасында дамуы тиіс.Оқушылар арасындағы өзара әрекеттестік жұптық, топтық жұмыстарды кеңінен пайдаланғанда іске асырылады.Мұғалім іс-әрекетінің екінші бағыты оқу іс-әрекетінде ойын түрлерін, жекелеген ойындарды ұйымдастыру жатады. Ойынның бала дамуындағы әсері оң әсері оқыту үдерісін ұйымдастыруда мұғалімнің авторитарлы әдістерінен бас тартудың алғышарты болып табылады.

Мұғалім іс-әрекетінің үшінші бағытында оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін алға шығарады, ал авторлар оны өз кезегінде шығармашылықты екі деңгейде: эвристикалық және креативтік болып келген. Алғашқысы эмпирикалық сипатта, ал екіншісі теориялық. Шығармашылықтың осы екі түрі де адам үшін қажетті, сондықтан оны оқушылар меңгеруі тиіс [96]. Бұл тұжырымдаманың біздің зерттеу жұмысымыз үшін құндылығы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда мұғалім іс-әрекетінің үш деңгейінде меңгерту қажет. Өйткені олар педагогикалық практика кезінде осы үш деңгейді де яғни бірінші субъектілік қатынас орнату, екінші оқытуда ойын технологияларын саралап пайдалану,

үшінші оқу тапсырмаларын деңгейлеп оқыту технологиясын негіздеп, оның ішінде эвристикалық және шығармашылық тұрғыда құрастыра білуді меңгеруі тиіс.

*И.С.Якиманскаяның ұсынған тұлғалық-бағдарлы тұжырымдамасында* ол таным және пәндік іс-әрекет субъектісі ретінде қарастырылады. Соған сәйкес субъектілік тәжірибенің пайда болуының және түсіндірілуінің негізгі салалары ретінде автор тұтас өмір сүру әрекетін емес, тек таным және оқу іс-әрекеті салаларын ғана қарастырады. И.С.Якиманская оқушы біртіндеп оқыту субъектісі болмайды, ол әу бастан субъектілік тәжірибеге ие болушы болып табылады деп атап айтады. Ал оқытуда берілгеннің бар субъектілік тәжірибемен «кездесуі» іске асырылады, нәтижесінде соңғысы туындамайды ол байи түседі, «мәдениеттене түседі». И.С.Якиманская бойынша, оқытудың басты міндеті субъективті тәжірибені түрлендіру, өңдеу, байыту болса, онда автордың пікірінше, оның тұжырымдамасында зейіннің негізгі мақсаты оқушының бірегейлігін дамыту болып табылатын тұлғаға-бағдарлап оқытудың технологиясына аударылады.

И.С.Якиманскаяның тұжырымдамасында негізгі оқыту формасы ретінде сабақ қарастырылады, алайда дәстүрлі сабақ емес, тұлғалық маңызды оқытуды ұйымдастыру ережелеріне негізделетін тұлғаға-бағытталған сабақта:

- оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың оқушылардың субъектілік тәжірибесін ашуға жағдай жасайтын әртүрлі формалары мен әдістерін пайдалану;

-сыныптың жұмысына әрбір оқушының қызығушылығына жағдай жасау;

- оқушыларды пікірлерге, тапсырмаларды қате жіберіп алу, қате жауап алу сияқты қорқынышсыз және т.б. әртүрлі әдістермен орындауды пайдалануға ынталандыру;

-сабақ үстінде оқушыларға оқу мазмұнының өзіне ең маңызды түрлерімен формаларын таңдауға мүмкіндік беретін дидактикалық материалды пайдалану;

- оқушының іс-әрекетін соңғы нәтижеге ғана қарап емес (дұрыс-қате),

- сонымен қатар оған жету үдерісіне қарап та бағалау;

-оқушыны өз жұмыс әдісін табуға (есепті шешу); сабақ үстінде басқа оқушылардың жұмыс әдістерін талдауға, анағұрлым өнімді жұмыстарды таңдау мен меңгеруге ынталандыру;

- сабақ үстінде әрбір оқушыға белсенділік, өзіндік, жұмыс әдістерін таңдауда талғампаздылық танытуға мүмкіндік беретін педагогикалық жағдайлар құру; оқушының өзін таныта алуының үйреншікті жағдайларын құруды ұсынады [97]. Біз автордың тұжырымдамасын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда басшылыққа аламыз. Өйткені, заманауи тұжырымдама ретінде оның құнды ой тұжырымдарын басшылыққа алу маман даярлау мәселесінде қазіргі қоғам талабынан туындап отырған сұранысты қанағаттандырудағы маңыздылығымен сипатталады.

*Г.Н.Сериковтың тұлғалық-бағдарлы білім беру тұжырымдамасында*:

- үйреншікті, жаппай педагогикалық сана деңгейінде білім берудегі жекетұлғалық түсінігі педагог пен тәрбиеленушілердің қарым-қатынасының этика-гуманистік қағидасы ретінде түсіндіріледі. Ізгілікке, баланы жеке тұлға

ретінде қабылдауға педагогикалық ойдың классиктері ретіндегі Ж.Ж.Руссо, Л.Н.Толстой, М.Монтессори және т.б.

- тұлғалық түсінігі педагогикалық қызмет бағыттарын талдау принципі ретінде қарастырылады, оның басты мақсатының негізгі көзі – жеке тұлғалар. Педагогикалық үдерісте болып жатқанның барлығы осы мақсатқа жұмыс істейтін деңгейде ғана педагогтық болып саналады.

- тұлғалық түсінігі педагогикалық үдерісте жаңадан пайда болу механизмін жеке тұлғалық тұрғыда ашуды түсіндіретін принципі ретінде түсіндіріледі. Бұл принциптегі негізгі ой адам өміріндегі өзгерістердің ешқайсысы олардың орны мен жеке тұлғаның жетілудегі рөлін түсінбей тұрып түсіндірудің мүмкін еместігінде.

- тұлғалық түсінігі білім беру үдерісіндегі жеке тұлғаның еркіндік принципі, яғни зерделенетін мазмұнды өзіндік, жеке тұлғалық қабылдауын қалыптастыру, білім беру «бағыттарын», басымдықтарын таңдау ретінде де түсіндіріледі (жеке тұлғалық тәжірибе).

- тұлғалық түсінігі – жеке тұлғаның өзіндік қасиеттерін дамытуға және өздігінен дамуына арнайы бағытталған педагогикалық үдерістің (өзіндік ерекшелікті мақсаттар, мазмұны, технологияларымен) ерекше түрін құру түрінде қарастырылуы мүмкін. Осы түсініктердің әрқайсысының соңында педагогикалық қызметтің осы немесе басқа әлеуметтік мәдени жағдайдың өзінше аяқталған және тиімді педагогикалық қызметтің белгілі бір үлгісі ретінде қарастырылады[48,б. 25]. Аталған тұжырымдаманың біздің тақырыбымыз тұжырымдардың барлығын білім алушылардың әрқайсысы жетік меңгеріп, оны кәсіби іс-әрекетке дайындалуда тәжірибеде қолдана білуі тиіс,- деп түйін жасаймыз.

К.И.Салимованың пайымдауынша, педагогика тарихы кәсіби құзыреттіліктің негізін құрайтын кәсіби-педагогикалық көзқарастың дамуын қамтамасыз етеді[98]. Педагогика тарихы бойынша берілетін білімнің өзектілігі мен мәні болашақ мамандарды даярлауда мағыналы-құндылық қызмет атқаруында. Қазіргі қоғамдағы өзгеріс болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінен кәсіби құндылық бағдарды айқындап алуды талап етеді.

Г.К.Ахметова бойынша, қазіргі әлеуметтік мәдени қоғамда әртүрлі педагогикалық ағымдар, тұжырымдамалар, нұсқаулар бар. Болашақ мамандар педагогикалық іс-әрекетке қажетті адамгершілік және кәсіби құндылықтарды айқындауда қиналады. Бұл жерде нақты-тарихи амал жағдайында тарихи-педагогикалық білім студенттерге әр кезеңдегі педагогтар мен ғалымдардың қандай идеяларды басшылыққа алу керектігін, мәдени білімдік, адамгершілік құндылықтарға бағытталу керектігін нұсқайды [24,б. 49]. Тарихи-педагогикалық зерттеу нәтижесінде жоғары педагогикалық білім беру мазмұнының қалыптасуы, әдіснама парадигмасының көздерін зерттеу мәселесінің өзектілігін айқындаған. Автор, сонымен қатар тарихи-педагогикалық білім, ғылыми-педагогикалық, нормативтік-құжаттық, көркем туындылардың кейбір жағдайда субъектілік сипат алатынына тоқтала келе, оған тұлғаның субъектілік көзқарасын, субъектілік рефлексиясын, авторлық

жеке пікірін және т.б. жатқызады. Бұдан шығатын қорытынды, қоғам дамуына байланысты болып жатқан өзгерістерді зерделей отырып, әр кезеңнің өзіндік келбетін көрсететін педагогикалық тұжырымдарды саралап, педагогикалық мәдениет пен педагогикалық сананы объект ретінде қарастырақ, білім берудегі субъектілік өзара кірігіп, өзара әсер етіп, бірін бірі толықтырады, - деп тұжырым жасаймыз. Кәсіби-педагогикалық дайындықтың кез келген жүйесінің теориялық негізі кәсіби шеберліктің біртұтас тұжырымдамасы, оның негізі компоненттерін айқындауда басты бағдар болып табылады.

Отандық және шетелдік ғалымдар кәсіби шеберліктің біртұтас тұжырымдамасын дайындауға деген мынадай бағыттар қарастырылған: *құзыреттілік, жеке тұлғалық, жүйелілік, әлеуметтік.* Енді осыларға жеке-жеке тоқталайық.

*Құзыреттілік*– құзыреттілік ұғымы білім, біліктілік, дағдының жай жиынтығы емес, оқу нәтижелерімен қатар студенттердің шығармашылық іс-әрекеттері мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді. Құзыреттілік студенттің алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешу үшін қолдана алу қабілеттілігін сипаттайды. Студенттердің құзыреттілігі оқу үдерісінің негізгі сапа көрсеткіші, оның жетістігі қойылған педагогикалық мақсатқа жету болып табылады.

*Жеке тұлғалық* – тұлғаны субъект ретінде қабылдау. Тұлғаның өзіндік ерекшелігі. Тұлғаның жеке қасиетін аша білуге, әлеуетін дамытуға, жетілдіруге бағыттау. Студенттің кәсіби іс-әрекетті меңгерудегі ынтасы, қызығушылығы, белсенділігі, қажеттілігін өтеуге деген құлшынысымен сипатталады.

*Жүйелілік* – тұлғаның кәсіби іс-әрекетін жоспарлауда логикалық ойлау, шығармашылық қиял, шығармашылық қабілеттеріне мақсатты-жүйелі түрде ықпал ету арқылы дамыту. Студенттің кәсіби білімі мен біліктілігінің нәтижесі болып табылатын өзін өзі жүзеге асыруды жоспарлауы, өзін-өзі дамытуы, өзін өзі тәрбиелеумен сипатталады.

*Әлеуметтік* – тұлғаның әлеуметтік қатынастар жүйесіне түсуі. Әлеуметтік қатынастар жүйесінде тұлғаның белсенді кәсіби іс-әрекетін ұйымдастыруға бағыттау. Кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте субъектілік қарым-қатынасқа түсу, педагогикалық ұжым мүшелерімен, ата-аналармен, басқа әлеуметтік топпен қарым-қатынасқа түсудегі кәсіби әрекетімен сипатталады. Білім беру саласында тұлғалық-бағдарлы парадигмасын қабылдауда жеке тұлғалық, іс-әрекеттік, прагматикалық-әрекеттік жүйелілік, мәдениеттанымдық, акмеологиялық, аксиологиялық, синергетикалық, *нақты-тарихи*, тұлғалық-бағдарлы амалдар,іргелі-ғылымилық басымдық алады. Бұл әдіснамалық амалдар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық даярлығын қалыптастыру үдерісінің негізі болып табылады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық даярлығын қалыптастыруда әдіснамалық тұрғыда негіз болып табылатын амалдарға сипаттама беруді жөн көрдік.

Кесте 1 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық даярлығын қамтамасыз етуге қажетті әдіснамалық амалдар

| Әдіснама-лық амалдар | Амалдар сипаттамасы |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Жеке тұлғалық | Студентке деген құндылық қатынасты қалыптастыруға, адамның жекетұлғалық қасиеттері мен даралығының өрістерінің (зияткерлік, түрткілік, көңіл-күй, еріктік, пәндік-тәжірибелік, экзистенциалдық, өзіндік реттеу) қалыптасуына негіз болатын білім берудің ерекше мазмұнын айқындауға бағдарлайды. |
| Іс-әрекеттік | Білім алушының оқу іс-әрекетін, оқытушының кәсіби іс-әрекетін зерттеуге бағдарлайды, студенттердің, оқытушылардың әртүрлі іс-әрекеттегі жеке дара қабілеттерінің және жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасу мүмкіндіктерін айқындауға жағдай жасайды. |
| Прагмати-калық-әрекеттік | Белгілі кәсібіне байланысты тұлғаның өзін жүзеге асыруымен сипатталады, яғни оның мәдени-әлемдік көзқарас деңгейін айқындайтын, білімін қолдану дағдысынан көрінеді. Кәсіби пәндерде берілетін білім мазмұнын кеңінен жобалауда, ғылыми тұрғыда негізделген түсініктер мен идеялар бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлауда қолданылады. |
| Жүйелілік | Жүйелік амал педагогикалық құбылыстарды олардың өзарабайланысы түрінде қарастыруга бағдарлайды. Жүйелік амал барысында педагогикалық жүйе өзара байланысты құрамдас бөлшектердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Олар: білім беру мақсаты, педагогикалық үдеріс субъектілері, (педагог пен білім алушылар), білім беру мазмұны (білім, білік, дағды, құзыреттілік түрлері, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен көңіл-күй - әрекет қатынас тәжірибесі), педагогикалық үдерісті ұйымдастыру әдістері мен технологиялары, түрлері, мәліметтер қоры (құралдар). |
| Мәдениет-танымдық | Адамның шығармашылық тұлға ретінде қалыптасуын қарастыруға бағдарлайды, өйткені адам игерген мәдениеті (құндылықтар жүйесі, тәжірибелік іс-әрекет тәсілдері) арқасында дамып қана қоймай, оған өзіндік ерекше жаңалығын да қосады. Мәдениеттанымдық амал тұлғаның және әлеумет мәдениетінің даму заңдылықтарын жалпы меңгеруді кең тұрғыда педагогикалық құбылыс ретінде оның ұстанымдарын, қызметін, өзара байланысын, өзара тәуелделігін қарастырады. Оқытушының тұлғалық өзін өзі |

1 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 |
|---|---|
| | айқындауы үшін болжам жасайды, өйткені ол мәдени білімнің үйлесімді тұтастығын және ойлауды, шығармашылық әрекетті, сезімді, қарым-қатынасты, тәртіпті өзінің жеке тәжірибесі арқылы елестетеді. |
| Акмеоло-гиялық | Кәсіби шеберліктің шыңына шығу туралы ғылымның «акмеология» деген атауы грек тілінен аударғанда «шың», «биіктік» деген мағынаны береді. Акмеологияда адам өзін-өзі дамыту мен шығармашылыққа қабілетті, өзінің өмірі мен кәсіби әрекетін ұйымдастыра алатын өз әрекетінің субъектісі ретінде танылады. |
| Аксиоло-гиялық | Педагогикалық іс-әрекетті жалпы адазаттық, ұлттық және кәсіби құндылықтар, құндылық бағдарлы және педагогикалық іс-әрекетке бағыттау. Әртүрлі құндылықтардың өзара байланысы туралы білімі тұлғаның мәдениеттанымдық және әлеуметтік факторларымен шартталады. Тұлғалық шығармашылықты қалыптастыруға бағытталу іс-әрекеттің шығармашылық стилін, педагогикалық міндеттерді соны шешу, инновацияға қабілетті. Әдіснамалық тұрғыда бұл амал пәндік материалды шындық тұрғыдан меңгеруді көру, негізгі ұғымдарды, тұжырымдарды заңдылық тұрғысынан түсіну. Екінші жағынан бұл амал технологиялық тұрғыда меңгеруі, нақты іс-әрекет арқылы қойылған мақсатқа және практикалық міндеттерді шешуге сәйкес белгілі нәтижеге жету үшін шындықты өзгерту. |
| Синергети-калық | Білімнің синергетикасы білім берудің байырғы үлгілерінен өзге, жаңа педагогикалық әлемді синергетикалық тұрғыдан қарастыратын, білім алушыларға өзін-өзі танудың, өзін-өзі дамытудың жаңа әдістерін меңгеруге бағытталған жаңа әдіснамасын жасауды алға шығарады. |
| Нақты-тарихи | Тарихи-педагогикалық мұраларды меңгеру;білімдік-мәдени құндылықтарды және әртүрлі тарихи кезеңдердегі идеяларды көре білу мүмкіндігі;өткеннің мәдени әлеуметтік кеңістіктігіне бойлау, педагогтардың кәсіби мәдениетін дамыту.Тарихи-нақтылық амал білім алушыларға педагогикалық ұстанымдардың тарихи мазмұнын, кейбіреуі өзінің өміршеңдігін жойғанын немесе керісінше өміршеңдігін, баға беру үшін ашықтығын, әрқашан үнемі өзгерісте болатынын түсіндіреді. Тарихи-нақтылық амал тарихи-педагогикалық үдерістің табыстылығын, теория мен практиканың қазіргі деңгейге қалай жеткенін, жетістігін көрсетеді. |

1 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 |
|---|---|
| Тұлғалық-бағдарлы | Кәсіби іс-әрекетті қалыптастыру ұғымы туралы түсінігі;болашақ бастауыш сынып мұғалімінің өзін өзі дамытуға, өздігінен білім алуға, өзінің адамгершілік мәдениеті мен интелектуалдық әлеуетін педагогикалық іс-әрекетке жұмсауға деген қызығушылығы, әрбір білім алушының іс-әрекеті мен өзіндік жұмысқа белсенділігін арттыру болып табылады. |
| Іргелі-ғылымилық | Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлау берілетін білімнің ғылымилығына негізделеді. Дидактикалық даярлықтың мақсаты дүниені тану біркелкі ғылыми құрылымға негізделе отырып, іргелі түсініктер мен ұғымдарға сүйенеді. Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық даярлығы ғылыми ережелер, заңдылықтар мен оны оқып үйренудің логикасына байланысты болады. |

Тармақшаны қорыта келе, заманауи тұжырымдар аясындағы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздеріне талдау жасалды. Теориялық талдауларға сүйене отырып, бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық даярлығы дегеніміз – *заманауи тұжырымдарға негізделген теориялық білімін оқыту үдерісін ұйымдастыруда, тәжірибеде пайдалана білу шеберлігі мен болашақта таңдаған мамандығына сәйкес кәсіби даярлығына қатысты құзыреттіліктерді меңгеруі, оқыту технологияларын тиімді қолданып, өзінің даму деңгейіне сәйкес келетін және педагогикалық үдерісте туындаған кез келген мәселені мақсатына орай тез шешім қабылдай алатын, тұлғалық қасиеттер жиынтығы,- деген анықтамамызды береміз.*

Зерттеу мәселесі тұрғысынан зерделенген ғылыми еңбектер нәтижесінде бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлауды қамтамасыз ететін келесі әдіснамалық амалдар сараланды [99]. Олар: жеке тұлғалық, іс-әрекеттілік, прагматикалық-іс-әрекеттік, жүйелілік, мәдениеттанымдық, акмеологиялық, аксиологиялық, синергетикалық, нақты-тарихи, тұлғалық-бағдарлы, іргелі-ғылымилық амалдарға сипаттама берілді.

Психологиялық және педагогикалық тұрғыда талданған тұжырымдамалар бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық даярлауды іске асыруда яғни тәжірибеде өзін-өзі ұйымдастыруға, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі тәрбиелеуге негіз болады деп санаймыз. Өйткені, әрбір болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің ертеңгі маман ретінде бәсекеге қабілетті, шығармашыл, кәсіби-педагогикалық даярлығының жоғары деңгейде болуының негізі жоғары оқу орнында қалыптасуы тиіс, – деген түйін жасаймыз.

## 1.2Қазақстанда бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық тұрғыдан даярлау жүйесінің дамуының зерттеу кезеңіндегі алғышарттары

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық тұрғыдан даярлау жүйесінің қалыптасуы мен дамуының зерттеу кезеңіндегі алғышарттарын анықтауды «алғышарт» ұғымының мәнін анықтаудан бастадық.

Анықтамалық әдебиеттерде «алғышарт» ұғымы былайша түсіндіріледі:

1) тәуелді болатын жай-жапсар;

2) іс-әрекет пен өмірдің саласынды ұстанатын ережелер;

3) белгілі іс-әрекет өтетін жағдай[100].

Философиялық тұрғыдан алғанда «алғышарт» ұғымы тұлға, іс-әрекет, материя ұғымдарымен қатар қолданылып, заттың олардың көмегінсіз өмір сүре алмайтын қоршаған ортадағы құбылыстарға қатынасын көрсетеді[101]. Яғни, алғышарт күтілетін нәтижеге жетуді қанағаттандыратын қажетті сыртқы талаптардың жиынтығы деп түсінеміз.

Психологияда бұл ұғым психикалық даму тұрғысынан қарастырылып, адамның дамуын жеделдететін немесе кешеуілдететін ішкі және сыртқы себептердің қосындысы ретінде қабылданады[102].

Педагогтар алғышартты адамның денесінің, адамгершілігінің, мінез-құлқының қалыптасып дамуына ықпал ететін табиғи, әлеуметтік, психикалық әсерлердің қосындысы ретінде қарастырады[103].

Жасалған кешенді талдаудың негізінде «алғышарт» ұғымы ғылымның бар саласына тән екендігі, педагогикалық аспектіде оның мәні бірнеше жақтан сипатталатындығы анықталды:

1) алғышарт себептердің, жағдайлардың, нысандардың жиынтығы;

2)аталған жиынтық адамның оқуына, тәрбиесіне, дамуына әсер етеді;

3)алғышарттардың әсері даму, оқу, тәрбие үдерістерін тездетеді немесе кешеуілдетеді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық тұрғыдан даярлау жүйесінің қалыптасуы мен дамуының зерттеу кезеңіндегі алғышарттарын анықтау үшін осы жүйенің өмір сүруі үшін қажетті сыртқы талаптардың жиынтығын анықтадық. Қазақстанда бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық тұрғыдан даярлау жүйесінің қалыптасуы мен дамуының зерттеу кезеңіндегі алғышарттарына саяси-әлеуметтік және экономикалық үдерістерді,мемлекетіміздің білім беру саясатын анықтайтын құжаттарды жатқызуға болады.

Бірінші алғышартқа тоқталсақ, ХІХ ғасырдың 90-жылдары мен ХХІ ғасырдың басындағы күрделі саяси-әлеуметтік және экономикалық үдерістер,Кеңес Одағының ыдырап, одақтас республикалардың тәуелсіздік алуы, қоғамдағы демократиялық өзгерістердің басталуы, коммунистік идеологиядан бас тарту, жекешелендіру – осының бәрі Қазақстанның саяси және экономикалық даму моделінің өзгеруіне алып келді. Осы жылдары Қазақстанның ұлттық білім беру жүйесінің негізін қалаған іргелі стратегиялар қабылданды. Жоғары педагогикалық білім беру жүйесі, соның ішінде бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық тұрғыдан даярлау жүйесі бастауыш

мектеп мұғалімін қоғамның, қоршаған ортаның қажеттіліктеріне бағынатын, ашық, вариативті, рухани және мәдени толысқан, толерантты, отаншыл азаматтың қалыптасуын қамтамасыз ететін жүйеге айналуы керек. Яғни, білім беру– экономикаға маман даярлау емес, қоғамның зияткерлік және мәдени деңгейін көтеру, бәсекеге түсе білуін, инновация мен прогреске сай заманауи өмір сүру мәнерін өзін-өзі жетілдіру құралы ретінде пайдалана алатын азамат қалыптастыру.

Дүниежүзілік тәжірибеде білім беру ұлттық немесе әлемдік саясаттың жеке көрінісі болып есептелмейді, ол адам құқығын сақтауға, жақсы өмір сүру мен оны тиімді басқарудың, қоғамның саяси, әлеуметтік, экономикалық тұрғыдан тұрақты дамуының сенімді құралы, әлеуметтік жүйе, ұлттық ерекшелік пен рухани байлықты сақтау мен дамытудың кепілі ретінде қарастырылады. Сондықтан, білім беру жүйесіне мемлекет тарапынан көрсетілетін тікелей көмек, яғни алғышарт–оның материалдық-техникалық базасын жаңартып, нығайту, экономикалық мүмкіндіктерін жетілдіру. Білім беруді дамытуды дер кезінде басым бағыт деп анықтау әр елдің экономикалық жағдайына байланысты болғандықтан, дамыған елдер ХХ ғасырдың ортасынан бастап білім беруді дамыту мәселелерін мемлекеттің дамуының басым бағыты есебінде белгілеген. Дүниежүзілік тәжірибеге сүйеніп айтар болсақ, білім беруге бөлінетін қаржының экономика мен қоғамға елеулі қайтарымы болатыны дәлелденіп отыр.

Ал, экономикалық тұрғыдан алғанда, Қазақстанда жалпы ішкі өнімге шаққанда білім беруге жұмсалған мемлекеттік қаржы шығыны 1990-2003 жылдар арасында шұғыл азайған,1990 жылы жалпы ішкі өнімге шаққанда 8,2% болса, 1995-4,5%, 2003-3,1% дейін түскен[104]. Осы мәліметтерге сүйене отырып қорытынды жасайтын болсақ, зерттеу кезеңінің бастапқы жылдарында білім беру жүйесіне мемлекет тарапынан бөлінген қаржыландыру көлемі азаюы соңғы нәтиже, мамандарды дайындау сапасына да әсер еткенін көруге болады.

Жаңа жағдайда жалпы білім беру жүйесін, соның ішінде педагогикалық жоғары білім беруді қайта құру мәселесі туындады, өйткені осы сала экономикалық реформалар жолына түскен біздің еліміздің қажеттіліктерін қанағаттандыра алмады. Біз қарастырып отырған зерттеу кезеңінің 1991-1996 жылдары жүрген экономикалық реформалардың ғылыми және заңдық негізі болмағандықтан, республикамызда өнеркәсіптің қысқаруына, жекелеген кәсіпорындардың жабылуына, жұмыссыздықтың өсуіне алып келді. Осылардың салдарынан экономикада еңбек қатынастары бұзылып, олар өз кезегінде жоғары педагогикалық білім беру жүйесіне де әсер етті. Осы кемшіліктердің орнын толтыру үшін еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдары нормативті құжаттарды қабылдауды қолға алды.

Бұл өз кезегінде жаңа жағдайда жоғары педагогикалық білім беруді дамытудың маңызды алғышарты Қазақстанның білім беру саясатын анықтайтын тұжырымдаманы қабылдаумен сипатталды. Алайда, кәсіби білім беру тұжырымдамасын қабылдауға біраз уақыт қажет болды. Себебі: тәуелсіз

мемлекетіміздің білім беру саясатын тұжырымдауды біз бірнеше кезеңге бөлдік:

1) идеологиялық немесе философиялық-әдіснамалық (1991-1996жж.);

2) технологиялық (материалдық-техникалық) (1997-2003жж.);

3) инновациялық (2004-2011жж.).

Кезеңге бөлуді нормативтік құжаттардың негізінде жүргіздік. Ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырудың бірінші кезеңі 1991 жылы Қазақстанның тәуелсіздігі жарияланумен байланысты. 1991 жылы КСРО ыдырады, жоспарлы экономика келмеске кетті. Республикамыздың нарықтық экономикалық қатынастарға көшуіне байланысты шаруашылықтың барлық саласында дағдарыс басталды. Осының салдарынан елімізде 1991-1996 жылдары өндіріс өнімі едәуір қысқарып, дағдарыстан шығудың тиімді жолдары мен мүмкіндіктері болса да, экономикалық саясат ойдағыдай болмады яғни тәжірибе әлі жеткіліксіз еді. Халықаралық тәжірибеге сүйенсек, барлық мемлекеттер өз алдына стратегиялық, әлеуметтік, экономикалық даму міндеттерін қоятынын көреміз. Қазақстанға да сол кезеңге арналған жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өтудің өзіндік үлгісін жасау қажет болды.Қорыта кетсек, бұл кезең еліміздің заманауи дамуын «демократияландыру» ұғымымен байланыстырып, оның демократиялық мемлекет ретіндегі сипаттамасы Қазақстан Республикасы Конституциясының көптеген тармақшаларының мазмұнымен айқындалды.

В.А.Жексембекова: «Қоғамның экономикасы мен саяси өміріндегі түбегейлі құрылымдық жаңартулар кезеңіндегі басты міндеттерінің бірі әлемдегі ауыспалы үлгідегі мемлекеттерді реформалау тәжірибесін талдау және сыни тұрғыдан қайта қарау негізінде өтпелі саяси үдерістерді әзірлеу болып табылады,- деп жазған[105]. Сондықтан біз сипаттап отырған кезеңде, 1991-1996 жылдарда, Қазақстанның демократиялық мемлекет ретіндегі басым бағыты анықталып, кеңес дәуірінен қалған саяси жүйені демократиялық тұрғыда модернизациялау жүргізілді. Осы тұрғыда демократиялық модернизациялауды әлеуметтік өзгерістердің типтері ретінде анықтаған (А.Тойнби, О.Шпенглер, Г.Спенсер, Э.Дюркгейм, М.Вебер) еңбектерді, саяси шындық туралы (Т.Парсонс, Д.Истон, Ж.Блондель, Г.Амонд, Т.Пауэлл) тұжырымдарды, өтпелі кезеңдегі демократизациялау және модернизациялау теориясына ерекше үлес қосқан, батыстың саяси жүйесіне өзгеріс енгізген ғалымдарды (А.Пшеворский, С.Хантингтон, З.Бжезинский, Р.Даль, А.Лейпхарт) атап өтуге болады.

Ресей саясаттанушысы Г.Л.Купряшиннің еңбектеріндегі қоғамды демократиялық модернизациялау мәселелеріне жасалған ғылыми талдауларыерекше көңіл аударуға тұрарлық [106].

Қазақстанның демократиялық мемлекет ретіндегі жаңаруын белгілі ғалымдар Ә.Н.Нысанбаев [107], А.Қ.Бижанов [108] және т.б. зерттеген. Қоғамды демократиялық тұрғыда модернизациялаудың маңыздылығы Г.Н.Иренов [109], еңбектерінде атап өтілген. Саяси жаңарудың ұлттық ерекшеліктерін Р.Б.Абсаттаров [110] зерттеген. Қорыта келе айтарымыз,

аталған ғалымдардың еңбектері демократиялық модернизациялау үдерісінің логикасын, қоғамдық өмірді реформалау тетіктерін жүйелеген, Қазақстанның әлеуметтік-мәдени даму ерекшеліктерін анықтаған өтпелі кезеңдегі маңызды ғылыми зерттеулер болып саналады.

Екінші кезең, 1997-2003 жылдарды қамтиды, біз оны технологиялық кезең (материалдық-техникалық) деп атап отырмыз. Енді «технология» ұғымына анықтама берсек, технология дегеніміз –(гректің «techno»-өнер, «logos»-ілім, ғылым) өндірістік үдерісте пайдаланылатын материалды өңдеу тәсілдері туралы білім жиынтығы [111]. Мағынасы бойынша технология дегеніміз – түрлендіруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тәсіл. Сондықтан «технология» түсінігін материалдық өндіріс саласында ғана емес, адам іс-әрекетінің басқа да салаларында қолданылады.

Білім беру саласында «технология» ұғымын қолдану оқыту үдерісіне техникалық құралдарды енгізгеннен басталды. Педагогикалық тәжірибеге ақпараттық технологиялардың енуімен бұл ұғымның өзектілігі арта түсті. Яғни, адам іс-әрекетін басқару туралы айтқан кезде әлеуметтік технологиялар деген ұғым қолданылады.Халықаралық тәжірибеде пәрменді өзгеріп отыратын әлеуметтік құбылыстарды басқаруда әлеуметтік кеңістікті игерудің жаңа әдісі – технологизация қолданылады.

Әлеуметтік технологиялар түрлі әлеуметтік құбылыстарды зерттеп,болжам жасауда ғана қолданылмайды, сонымен қатар практикалық өмірге белсенді әсер етіп,тиімді әлеуметтік нәтиже алуға көмектеседі. Нақтылай кетсек, әлеуметтік технология адам өмірінің түрлі салаларындағы – білім берудегі, ғылыми-зерттеу жұмысындағы, шығармашылықтағы – әрекетті іске асыратын алгоритм ретінде қабылданады.

Заманауи білім беру ұжымдық сипатта болғандықтан, оны біз ұжымдық білім беру үдерісінің әлеуметтік технологиясы ретінде қарастырамыз.Бұл тұрғыдан алғанда әлеуметтік технология ұғымы нақты амалдарды іске асыру әдістерінің жүйесі және ұжымдық іс-әрекетті анықталған мақсат пен көрсеткіштерге сай тиімді күйде ұстап отыруға көмектесетін рәсімдер ретінде қарастырылады[112].

Білім берудің қоғамдық өмірдегі алатын орны оның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми прогрестегі жалпы маңыздылығымен және білім алушы, іскерліктер мен дағдыларды үйренуші жеке тұлғаның интеллектуалдық мүмкіншіліктеріне байланысты. Қоғам эволюциясының әр кезеңі білім беру үдерісімен байланысты және оның ерекшелігін анықтайды. Жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда білім беруді басқару келесі жағдайларсыз мүмкін емес: білім беру сапасын басқарусыз, қаржыландырусыз, ақпараттық технологияларсыз, нарықтық экономиканың талаптарына сай мамандық бойынша мамандардың санын болжамдаусыз. Білім беру жүйесінің, соның ішінде білім беруді басқару жүйесінің де, инновациялық ресурсы болып ғылым табылады.

Екінші кезең 1997 жылы «Білім туралы» Заңның қабылдануымен байланысты, осыдан бастап жаңа жағдайлар мен талаптарға сай жоғары

педагогикалық білім беруді реформалауға қатысты нақты іс-шараларды іске асыру және нормативтік құжаттар қабылдаумен ерекшеленеді. Осы кезеңде Қазақстан Республикасы жоғары білім беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасы қабылданып, ол еліміздің біртұтас білім беру кеңістігін сақтауға және дамытуға, ТМД елдерінің Ұлттық білім беру жүйелерімен кірігуге, үздіксіз білім ұстанымдарын және халықаралық білім беру Конвенциясын жүзеге асыру негізінде дүниежүзілік білім беру кеңістігіне енуге ықпал етуі тиіс болатын.

Жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда білім беруді дамытудың мемлекеттік-құқықтық негіздерін анықтайтын келелі құжаттардың ұзақ дайындалуы 1997 жылғы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын қабылдаумен аяқталса, заңның іс жүзінде қолданылу стратегиясы мен тактикасын анықтайтын құжат, 1998 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасы жоғары білім беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасы» болып табылады. Тұжырымдаманың авторлары, ең бірінші, жоғары білім беру жүйесінің және педагогикалық жоғары оқу орындарының мақсатын, іс-әрекет сипатын, әлеуметтік-педагогикалық тұрпатын өзгертуді басты назарда ұстады.

Ойымызды тұжырымдай кетсек, соңғы жылдары біздің қоғамымызда жүрген қайта құру экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени өзгерістерге алып келді, ал ол өз кезегінде жоғары педагогикалық білім беру саласындағы өзгерістерге әкелді. Бұл саладағы жаңа ұстанымдарды енгізу Қазақстандағы бүкіл жоғары білім берудің қалыптасу және даму кезеңдерінің бірізділігінің негізінде жүзеге асырылды. Бұл кезеңдердің даму тарихын зерттеу жоғары педагогикалық білім берудің маңызды жетістіктері мен кемшіліктерін анықтауға, білім берудің жаңа тұжырымдамаларын жүзеге асырудың басым бағыттарын белгілеуге көмектеседі.

Қоғам талабынан туындап отырған сұранысқа орай, қазақ бастауыш мектептеріндегі оқыту мен тәрбиелеудің түбегейлі өзгеруіне әсер етті. Еліміздегі жалпы орта білім беретін мектепті бастауыш сатысының оқу бағдарламалары 1993-1994 жж. қайта қаралып, өңделіп, жетілдірілді. 1996 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметі тарапынан «Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін» мектептерге оқу-әдістемелік кешендерін дайындау жөнінде бағдарлама қабылданып, осы бағдарламаға сәйкес бастауыш сыныптарға арналған «жаңа буын» оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендер дайындалды.

ҚР жалпы білім беретін мектептің білім стандартының алғашқы нұсқасы және осы нұсқаға негізделген оқу бағдарламалары (Р.М.Қоянбаев, Т.Қ.Оспанов, А.Е.Жұмабаевалардың басшылығымен) ҚР Білім және ғылым министрлігі алқасының 26.06.95 жылғы № 3/2 шешімімен жоба ретінде мақұлданып, баспадан жарыққа шықты. Аталмыш жоба Республика жұртшылығының жаппай талқыға түскеннен кейін министрлік алқасының 18.07.96 жылғы № 81⁄2 шешімімен бекітіліп, тұңғыш рет ҚР бастауыш білім берудің мемлекеттік стандарты тағайындалып, осыған сәйкес «жалпы орта білім беретін мектептің

оқу бағдарламалары (1-4 сыныптар бойынша)» 1998 жылдан бастап жарыққа шықты.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты деңгейінде оқыту үдерісін ұйымдастыру инновациялық технологияларды ендіруді міндеттейді. Бастауыш сыныптарға арналған оқулықтар Л.В.Занков, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдовтардың дамыта оқыту идеясына негізделіп дайындалды. Осыған орай болашақ әрбір бастауыш сынып мұғалімі «Дамыта оқыту» технологиясындағы сабақтың құрылымын, әдіснамалық негіздерін толық меңгеріп, өз іс-тәжірибесінде шығармашылықпен қолдана білуі тиіс.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері заманауи білім беру саласындағы оқытудың инновациялық технологияларын меңгермейінше, кәсіби маман болу мүмкін емес, сондықтан Р.Штайнердің теориясына негізделген Вальдорф педагогикасының идеялары, М.Монтессори мектебінің тәжірибесіпедагогикалық жоғары оқу орындарында таңдау компоненті ретінде оқытыла бастады. Бұл жердегі басты идея болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерін оқушылардың өзіндік ерекшеліктеріне баса назар аударып, соны дамытуға бағытталған оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыра білуге баулу.

Үкіметіміздің 2002 жылғы 24 сәуірдегі № 470 қаулысымен қабылданған 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру ауқымындағы іс-шаралар жоспарын орындау үшін 2003-2005 жылдарға арналған «Ауыл мектебі» бағдарламасына тоқтала кеткіміз келеді. Бұл бағдарлама ауылдық жерде білім беру жүйесін дамыту және тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету, ауыл оқушыларының білім сапасын көтеру, ауылдық білім беру ұйымдарындағы мұғалімдерді, оқушыларды әлеуметтік қорғауды негізгі міндет етіп отыр. Ауылдық жердегі білім берудің аталған жылдардағы жағдайына тоқталсақ, жаңа экономикалық қатынастарды қалыптастыру, жер, еңбек, меншік, ұлттық сана-сезім сияқты құндылықтарды қайта бағалау ауылдық мектептің рөліне, миссиясына және даму болашағына әсер етіп отырғанын көреміз. 2001-2002 оқу жылында ауылдық жерде 276 мектепке дейінгі ұйым, 6225 күндізгі жалпы білім беретін мектеп, 202 мектептен тыс ұйым жұмыс істеген. Оларда 1,6млн. шамасында бала оқыды,бұл жалпы республикада мектепте оқитын балалардың50%құрады. Баса айта кететін жағдай ауылдық мектептердің материалдық базасы тым нашар: республикада ауыл мектептерінің 51,2% бейімделген ғимараттарда орналасқан; мектеп ғимаратының 11,05% күрделі жөндеуді қажет етеді; 128 ауылдық мектеп үйі апатты жағдайда тұр. Негізгі және орта мектептердің 33,4%-ының физика кабинеті, 38,2%-ының химия, 46,6%-ының биология кабинеттері жоқ. Ауылдық мектептің әрбір үшіншісінде спорт залы, әрбір төртіншісінде оқу шеберханасы жоқ. Ауылдағы білім беруді жеткіліксіз қаржыландыру мемлекеттік стандарт ауқымында Қазақстан азаматтарының жалпы орта білім алуын қамтамасыз ету жөніндегі міндетін толық іске асыруға және мектептердің оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша жүйелі жұмыс жүргізуге жол бермейді. Білім беру ғимараттарын жөндеуге және жиһаздарын жаңартуға жеткілікті қаражат бөлінбей келді. 2001 жылғы күрделі жөндеуге қажетті сома

2 есе аз, ал ағымдағы жөндеуге қажеттіліктің 26%-ы көлемінде ғана бөлінді. Мектеп жабдығының 80% жаңартуды қажет етеді. ЖШМ жұмыс істеуі үшін жағдай жасау білім беру жүйесіндегі өткір проблема күйінде қалып отыр. Нақты жағдай мен оны дамытудың ықтимал жолдарын ескеріп отыратын жүйелі тиянақталған стратегия жоқ. Ауылдық мектептердің педагогикалық кадрларға мұқтаждығы 2,7 мыңнан астам адамды құрайды, орыс тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілі мен әдебиетінің, математика, информатика, шет тілі, еңбекке баулу, музыка пәндерінің оқытушыларына және мектеп алды сыныптарындағы тәрбиешілерге мұқтаждық сезіледі. Ауыл мұғалімдерінің үш мыңдайының жалпы орта білімі ғана бар. Ауылдық білім беру ұйымдарында педагогикалық кадрлардың тұрақтамауы жоғары болып отырды. Ауылдық мектеп оқушыларының әлеуметтік қалыптастыру нәтижелері орташа деңгейде. Әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларға байланысты жастарды материалдық тұрғыдан қамтамасыз ету арқылы ауылдық жерлерге жұмысқа тарту орын алды. Жастардың қоғамдастық еңбек дағдыларын қалыптастыру тұрғысында ұлттық идеялар іске асты. Еліміздегі нарықтық-экономикалық қатынастарға, ауылдық жерлердегі ірілендірілген бұрынғы совхоздар мен колхоздардың орнына шағын шаруашылықтар құрылуына және ауылдарда жұмыс болмағандықтан, тұрғындарының қалаға қарай қоныс аударуына байланысты тек шағын жинақты бастауыш мектептер саны ғана емес, сондай-ақ, негізгі және орта мектептер саны да кеми түседі. Қазақстандағы шағын жинақты мектептерді дамытудың негізгі проблемалары ретінде келесі мәселелерді бөліп көрсетуге болады. Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудағы оқушылар саны аз сыныптарда оқытудың дәстүрлі әдістемелерін қолдану үнемі мүмкін бола бермейді. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану мүмкіндігі жоқ, білім алушылар санының аздығына байланысты сапалы бейінді оқытуды ұйымдастыру да ойдағыдай емес.

Бүгінгі таңда біздің еліміз ауылдық мектептерді де интерактивті тақталармен жабдықтап, интернет жүйесіне оқу кабинеттерінің барлығын қосуға мүмкіндік жасауда. Бірінші деңгей мұғалімдері желілік қоғамдастық арқылы өз мектептерінің даму бағдарламаларына енгізген оң өзгерістері мен жұмыстың бағыты жайлы ой бөліседі. Күтілетін нәтижесі туралы болжамды біле отырып, басқалармен ой бөліседі. Біз бірінші деңгей мұғалімдері өзіміз көшбасшы болып қоймай, мұғалімдер арасынан да көшбасшылар дайындап, бірлесе отырып басқа мұғалімдерге ой салуымыз керек.

Негізгі идея – әрбір оқушыға әріптес ретінде қарап, оның тұлғалық қасиетін жан-жақты дамыту, толыққанды азамат болып шығуына, алған білімін өмірде қолдана білуіне ықпал ету. Міне, осы кезде оқушының өзін-өзі бағалауы қандай деңгейде, білімде, өмірде оқушы өзін қай орынға қояды, бала өзін қай салада шебермін деп бағалайды, қай мамандықты қалайды, қай салада өзін басқаға мойындата алады, міне осы қажеттілік келіп шығады.

Оқыту үшін бағалау мен оқуды бағалау модулін қазақстандық мектептерге енгізудің қажеттілігі байқалуда. Себебі, өзін-өзі бағалап, сыныптасына баға беріп, топтың мүшелерін дұрыс бағалап үйренген оқушы болашақта өзінің іс-

әрекеттеріне толық жауап бере білетін азамат болып шығары сөзсіз. Оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары артты, шығармашылық қабілеттері және сын тұрғысынан ойлау қабілеттері дамуда. Оқушылардың пікірі бойынша: неғұрлым оқушыны көбірек жұмыс жасатудың жолдарын қарастырған сабақтарды оқушылар өздері жоғары бағалайды. Бұл жолда алған білімдерін қолданудың түрлі әдістерін сабақ барысында қарастыру нәтижелі болмақ. Оқушылардың өз ойын ашық айтуға, дәлелдеуге мүмкіндік беру, сабақта еркін болуды назарда ұстау қажет. Жұмыс жасау барысында жеке, жұптық, топтық жұмыстың қыр-сырын меңгеруге және топты түрлі деңгейде қайта құрып, сабақ соңында топтардың жұмысын талдап отыруға, оқушылардың ұсыныс-пікірлерін жауапсыз қалдырмауға тырысу - сабақтың сәтті шығуының нәтижесі. Сабақты талдау мен бағалаудың өзіндік ерекшелігі бар, мұнда оқушы үйлесімді жұмыс жүргізіп, өзара және өзін-өзі бағалайды. Өзін-өзі бағалау және топтағы бағалау қасындағы сыныптасын басқа қырынан тануға жетелейді. Ұжымдық ынтымақтастығы артады, бір-біріне сенім білдіреді, бір-бірінің пікірін бағалай біледі.

Сабақ кезінде үлгерімі төмен оқушылар топтық жұмыстың алға басуына кедергі келтіреді, өздеріне ерекше көңіл бөлуді қажет етеді, керісінше топтың басқа белсенді мүшелері оларды үнемі ортаға тартып қатардан қалдырмауға тырысып, жетектеп отырады. Пән бойынша топтық жұмыстың тиімді жағы - оқушылардың өзін-өзі бағалауы, достарының пікірін тыңдай білуі, сондай-ақ сынып болып толықтай нәтижеге жетуге ұмтылуы, нәтижеге жету жолында кедергілермен өздерінің күресуі[113].

Аталған құжатта нарықтық-экономикалық жағдайда мұғалімдердің әлеуметтік мәртебесін көтерудің құқықтық негізін қамтамасыз ету үшін қолданыстағы заңнаманы жетілдіру, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктерінеорай, ауыл мектебінің жаңа моделін әзірлеу қажеттігіне баса назар аударылған.

Үшінші кезең, инновациялық, 2004 жылдан басталып, мемлекетіміздің инновациялық саясатын жүзеге асыру үшін жүргізілетін экономикалық, ғылыми-техникалық, құқықтық, ұйымдастырушылық шаралардың жүйесі анықталды. Жүзеге асыру құралына түрлі деңгейдегі әлеуметтік бағдарламалар, субсидиялар мен мақсаттық ассигнациялар, салықтық жеңілдіктер, инновациялық орталықтар, қажетті инфрақұрылымдар жатады. Яғни, осы жылдан бастап педагогикалық іс-әрекетке, білім беру мазмұнына, оны ұйымдастыру жолдарына жаңалықтар енгізілді.

Ғылыми әдебиеттерде «жаңалық» және «инновациялар» ұғымдары кездеседі. Жаңалық – бұл құрал (жаңа әдіс, әдістеме, технология, бағдарлама және т.б.), ал инновация жаңалықты ендірудің кезеңдері бойынша дамитын үдеріс. «Инновациялық үдеріс» ұғымы жаңалықтар ашу, қабылдау, бағалау және қолдану деген мағынаны білдіреді. Мұндағы негізгі ұғым – «жаңа». С.И.Ожеговтың сөздігінде: «Жаңа – алғашқы рет ашылған немесе жасалынған, жақында пайда болған, шыққан, бұрынғының орнына қайтадан ашылған, таяудағы өткенге немесе онша таныс емес. Егер де алғашқы рет ашылған

сипаттамасы бұрыннан таныс емес, жаңа деген түсінік берсе, жаңадан (қайтадан ашылған) сипаттамасы мұнда бұрынғының элементі бар екенін айғақтайды», - деген анықтама берілген[100,с. 57].

Сондай-ақ, 2005 жылдан бастау алып Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2007 жылы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының жетілдірілген нұсқасы, Қазақстан Республикасының 2010-2015 білім беруді дамыту бағдарламасы, ҚР 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, олардың негізінде жаңа экономикалық және әлеуметтік-мәдени жағдайдағы ұлттық білім беру моделінің алғышарттары айқындалды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2006 жылғы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басым бағыты» атты кезекті Жолдауында мемлекетіміздің білім беру саласына қатысты мәселелер жан-жақты қамтылып, жүзеге асырылуға тиісті нақты міндеттерді айқындап берді: «Білім беру жүйесін жаңғырту барысында біз үшін келесі іс-шараларды жүзеге асырудың маңызы зор. Біріншіден, оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу. Екіншіден, педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор. Үшіншіден, біліктілікті бекітудің тәуелсіз жүйесін құру қажет. Мемлекет бір мезгілде білім беру қызметтерін көрсетуге әрі олардың сапасына баға беруге тиіс емес»[114]. Қорыта келе, атап өтсек, білім беру жүйесінде осы жаңа талаптарға сай өзгерістер енгізу керек болды. Бұл өзгерістерді жасауды жоғары білімді бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауды жетілдірудің кезекті алғышарты деп түсінуіміз қажет.

Мемлекеттік құрылымымыз демократиялық тұрғыда даму жолына түскендіктен Қазақстан қазіргі уақытта білім беру, адам мен бала құқығын қорғау саласындағы негізгі халықаралық құжаттарға қатысушы болып табылады. Бұл – Жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясы, Бала құқықтары туралы конвенция, Адамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарының Халықаралық декларациясы, Еуропа өңірінде жоғары білім беруге жататын біліктілікті тану туралы Лиссабон конвенциясы, Болон декларациясы және т.б.

2010 жылдың 11-12 наурызында Қазақстанда білім беру жүйесі үшін тарихи жағдай болды: Білім беру министрлерінің екінші Болон Форумында Қазақстан Болон декларациясына қосылып – Болон үдерісінің 47-ші мүшесі болды. Болон үдерісіне қатысушылар ұстанатын негізгі қағидалар: көп деңгейлі жоғары білім беру, академиялық кредиттер жүйесін енгізу, оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығын (мобильность) қамтамасыз ету, көптілді диплом беру,диплом қосымшасын жалпы Европалық түрде беру, жоғары білім беру сапасын басқару және т.б. Елімізде соңғы жылдары реформалардың бәрі Болон декларациясының негізгі талаптарына сай жасалуда.

Қазақстанның Болон үдерісіне енуі стратегиялық қадам болып, жоғары білім беру жүйесінің алдына жаңа мүмкіндіктер ашылды. Қазақстанның Болон үдерісіне ену мақсаты – еуропалық білімге қол жетімділікті кеңейту,

қазақстандық жоғары білім беру сапасын жоғарылату, оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығын жетілдіру. Бұл мәселені түйіндей кетсек, біз болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда дүниежүзілік деңгейдегі сапа критерийлеріне сай болып, жетекші халықаралық рейтингтерге қатысуға дайындау.

Білім беру тарихында ең маңызды құжаттардың бірі болып Қазақстан Республикасының Президентінің жолдаулары табылады. Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында: «Ұлттық бәсекелестікке қабілет, бірінші кезекте, оның білімділік деңгейімен анықталады»,– деп жазылған. Қорыта келе, білімділік деңгейін көтеру үшін білім беру мәселелерін шешу жолдарын да айқындап, жоғары оқу орындарындағы инновациялар жалпы мемлекетімізде жүргізілетін реформаларға сай болу керектігіне баса назар аудару қажеттігін көрсететіндігін байқадық.

Тарихи тұрғыдан жүргізілген талдауымыз біз қарастырып отырған кезеңді қамтыған ғылыми-зерттеулердің аздығын анықтады. Олардың өзі зерттеу кезеңдегі білім берудің жеке сұрақтарын қарастырған, ал жалпылап, қорытқан еңбектер жоқтың қасы.

Осы тұрғыда М.З.Джанбубекованың «Жаһандану жағдайында болашақ бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың педагогикалық негіздері» атты еңбегін атап өткен жөн. Автор Қазақстанның дамуының қазіргі кезеңінде білім берудің рөлі оның демократиялық және құқықтық мемлекетке, нарықтық экономикаға көшу міндеттерімен, елдің экономикалық және қоғамдық дамудың әлемдік тенденцияларынан қалып қою қаупін жою қажеттілігімен анықталатындығын айта отыра, әрі жаһандық, әрі көпмәдени білім беру мәселелерінің, Еуропалық әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу мәселелерінің ел үшін маңызы зор екеніне баса назар аударады[67, 49б]. Автордың пікірін қорыта кетсек, жүргізіліп жатқан білім беру саясатын жұртшылық жағынан қолдау, үкіметтің бұл сала үшін жауапкершілігі мен белсенді рөлін қалпына келтіру, білім беруді терең әрі жан-жақты жетілдіру үшін қажетті ресурстар дайындап, оларды тиімді пайдаланудың механизмдерін жасау қажет деп тұжырым жасаймыз.

Жоғары педагогикалық білім берудің тиімділігі маңызды стратегиялық бағытпен, бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлаумен тығыз байланыстылығын көреміз. Бұл мәселені ресейлік З.Ф.Есарева[115], А.И.Щербаковтар[116] зерделесе, отандық ғалымдар да (Р.М.Қоянбаев, Т.Қ.Оспанов, А.Е.Жұмабаева, А.Н.Ильясова, Г.К.Ахметова, Қ.Т.Ыбырайымжанов, М.З.Джанбубекова, С.Қ.Әбілдина, Ұ.Қ.Қыяқбаева, Қ.А.Сарбасова, Қ.О.Жеделовтар т.б.) әр қырынан қарастырған. Авторлардың ойларын түйіндейтін болсақ, коммунистік саяси-қоғамдық жүйенің ауысуынан кейін тәрбие екінші қатарға көшкендіктен, жоғары мектеп педагогтарының ғылыми квалификациясына, кәсіби-педагогикалық құзырлығына жалпы кәсіби мәдениеті, интеллектуалдық дамуы жоғары, оңтайлы және бәсекеге қабілетті бастауыш мектеп мұғалімдерінің қалыптасуы тәуелді.

Р.М.Қоянбаев педагогика мамандықтары бойынша, оның ішінде «Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі» мамандығы бойынша жоғары кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының Қазақстандық жобасының алғашқы нұсқасын жасауға үлес қосты, соның нәтижесінде «Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі» мамандығының алғашқы заңнамалық негіздемесі дүниеге келді.

Р.М.Қоянбаев «Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі» мамандығы бойынша мамандар даярлауда көкейтесті мәселелерді туындататын себептерді төмендегідей атап көрсетеді:

- бүкіл әлемдік білім беру кеңістігіне ену;
- білім берудің ұлттық моделін құру;
-орта білім берудің сатыларының арақатынас құзырының айқындала түсуі;
- инновациялық технологиялардың оқу-тәрбие барысына кеңінен ендірілуі;
- педагогикалық үдерісті менеджмент теориясы тұрғысынан қарау;
- оқу-тәрбиенің нәтижесіне аралық бақылаулар мен мониторингтік зерттеулердің енгізілуі.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау осы көкейтесті мәселелелердің теориялық және тәжірибелік негіздерінен олардың тұлғасында білім, білік, дағдыларды қалыптастырудың қажеттілігін талап етеді деп көрсетеді[50,б. 174].

Олар бұл күрделі мәселені сын көзбен қарастырып, бір жағынан заманауи кезеңде нарықтық қатынастар жүйесіне ену үшін тәрбиелеудің жаңа тұжырымдамалары мен моделін ұсынса, екінші жағынан, жас ұрпақты елжандылық, азаматтық демократиялық қоғам тұғырларында тәрбиелеу қажеттілігін алдыға қояды. Заманауи кезеңде жоғары мектептің тиімділігі маңызды стратегиялық бағыттың іске асуымен, ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлаумен тығыз байланыстылығын, жоғары мектеп педагогтарының ғылыми біліктілігіне, кәсіби құзыреттілігіне жаңа формациядағы жалпы кәсіби деңгейі жоғары, оңтайлы және бәсекеге қабілетті педагогтарды даярлау тікелей тәуелділігін атап өткен.

XX ғасырдың 90-жылдары басталған әлеуметтік-экономикалық, саяси қайта құрулар білім беруге де әсер етті. Бұл қайта құрулардың арқасында педагогикалық білім беру жүйесіне, соның ішінде бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке даярлау жүйесіне де түбегейлі өзгерістер енгізілді. Елімізде саяси-әлеуметтік өмірдің жаңа жағдайларына, азаматтық демократиялық қоғамның дамуына бейімделу басталып, жоғары оқу орындарының академиялық автономияға, білім беру ұйымдарының көптігі мен білім беру бағдарламаларының баламалылығына көшу үдерісі басталды. Бұл үдерістер «Білім туралы» Заңда және «Қазақстан Республикасы жоғары білім беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасында» бекітілді. Осыдан келіп тәжірибеге енгізу үдерісінде алдыға қарай қаншалықты жылжыдық деген сұрақ туады. Біздің ойымызша, біраз қадамдар жасалды, жоғары педагогикалық білім беру, соның ішінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда өзгерістер болып жатыр, бірақ ол өзгерістердің қарқыны шындық өмірдегі

қажеттіліктерді әлі де қанағаттандыра алмады. Бұл өзгерістер бюджеттік қаржыландырудың азаюы, жоғары педагогикалық мектептің нормативтік-құқықтық базасының толық қалыптаспауы және профессорлық-оқытушылық құрамның жасының ұлғаюы сияқты және т.б. сипатталды.

Білім беру жүйесінің, соның ішінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың, кешенді жаңаруы әлі аяқталған жоқ, сондықтан заманауи білім берудің мазмұны мен құрылымы, материалдық базасы, ұйымдастырушылық-экономикалық және басқарушылық жағдайлары, педагогикалық қызметкердің, соның ішінде бастауыш сынып мұғалімінің қоғамдағы мәртебесі еліміздің заманауи талаптарына, тұлға, қоғам және мемлекетіміздің даму қажеттіліктеріне жауап бере алмай отыр.

Дегенмен, жоғары педагогикалық білім беру жүйесі қиын кезеңде аяғынан тұрып, одан әрі өмір сүріп, өзінің дәстүрлі инерттілігін жеңу үшін түрлі әрекеттер жасап, қарқынды даму үстінде. Қазіргі таңда білім беру жүйесін кешенді әрі терең модернизациялау Қазақстан Республикасының білім беру саясатының маңызды стратегиялық бағыты болып табылады. Осыған байланысты айта кететін бір жағдай, білім беру жүйесін реформалауды бастағанда реформаторлар бұл өзгерістердің соңғы нәтижесін толық анықтамаған еді. Қоғамда шұғыл түрде білім берудің ұлттық тұжырымдамасын қабылдап, жалпы білім беру жүйесінің, соның ішінде жоғары педагогикалық білім берудің, бүгіні мен болашағына байланысты сұрақтарға жедел жауап алу керек болды. Осы жағдайды түзету үшін Қазақстанда білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданды.

Нарықтық экономикаға көшу жоғары педагогикалық білім беруді, онымен қоса бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауды реформалауды мақсатты түрде жүргізуге мүмкіндік бермеді. Сонымен қатар өткен жылдардан жиналған бюджеттік қаржыландырудың жетіспеушілігі, материалдық-техникалық қамтамасыз етілудің жеткіліксіздігі сияқты мәселелер аяқтан шалды. Бұл жағдайда педагогикалық жоғары оқу орындарын қаржыландырудың көпжақты болып, бюджеттің түрлі деңгейінен (республикалық, жергілікті), қосымша білім беру қызметін және инновациялық ғылыми әрекетті кеңейту арқылы бюджеттен тыс қаржыландыру қажеттігі туындады.

Қарастырылып отырған зерттеу кезеңіндегі еліміздегі әлеуметтік-экономикалық тоқырау педагогикалық білім беру жүйесінде, атап айтқанда бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда, біраз шұғыл шешімін табуды қажет ететін мәселелерді анықтады.Бұл мәселелерді шешуде жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамы маңызды рөл атқарады. Жоғары педагогикалық білім беру жүйесін, соның ішінде бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау, реформалауда заманауи талаптарға сай профессорлық-оқытушылық құрамның кәсіби біліктілігін жетілдіру ең негізгі міндет болып саналады. Қорыта келе, мемлекетіміздің саясаты жоғары білім беруді еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының перспективалық талаптарына сай сапалы кадрлық құраммен қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс:

болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлға және кәсіби маман ретінде қалыптасу үдерісін жоғары мектептің профессорлық-оқытушылық құрамы анықтайтын болғандықтан, жоғары педагогикалық оқу орындарының оқытушылары қайта даярлау және біліктілігін жетілдіру жүйесі арқылы үнемі жалпы мәдени, кәсіби, психологиялық-педагогикалық және арнайы (сабақ беретін пәндерінің ауқымында) білімдерін жетілдіріп отыруы шарт.

Жоғары білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында атап кеткендей, бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-әрекетке даярлаудың сапасын көтеру ғылыми-зерттеушілік құзыреттіліктерін дамытусыз мүмкін емес. Атап айтқанда,бастауыш сынып мұғалімдерін даярлайтын педагогикалық жоғары оқу орындарының ғылыми-зерттеу жұмысын іргелі жұмыстарға бағыттау қажет, өйткені тек қана осы бағыт жаратылыстану және гуманитарлық білім берудегі алшақтықты жақындатуға көмектеседі.Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлау барысында жоғары педагогикалық білім беру жүйесі жаратылыстану және гуманитарлық ғылыми білімдердің негізінде жаңа жолға қойылуы керек деп көрсетілген.

Білім беру жүйесінде педагогикалық білім беру басым және жүйені анықтаушы болып табылатындықтан, оның сапасына басқа білім беру салаларының жетістігі тәуелді. Білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсеткендей, қазір елімізде 148 жоғары оқу орны бар,оның ішінде: 9 ұлттық, 2 халықаралық, 32 мемлекеттік, 12 азаматтық емес, 90 жеке меншік жұмыс, оның 16-ы акционерленген. Дегенмен, заманауи жұмыс берушілер, яғни бастауыш сынып, жоғары педагогикалық оқу орындарының түлектері, бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекет сапасына қанағаттанбайды. Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке бағыттайтын білім беру бағдарламалары мектептің күткен нәтижелеріне жауап бермейтіндігін және нарықтық экономика талаптарына әлі де сәйкес келмейтіндігін атап кеткіміз келеді.

Жоғары педагогикалық мектеп еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды рөл атқарады. Ол қоғамның білімділік, рухани, ғылыми, мәдени әлеуетін, оның жалпы адамзаттық құндылықтар, гуманизм, адамгершілік, демократия негізінде дамуын анықтайды.

Осы тұста тағы да білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында жоғары білім мен ғылымның ықпалдасуының жоқтығы аталып өткен. Бұдан шығатын түйін: жоғары мектепте педагогикалық үдерісті ғылыммен және өндіріспен тығыз байланыстыру заман талабы болғандықтан, біліктілігі анағұрлым жоғары ғылыми-педагогикалық және ғылыми мамандардың болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетін қалыптастыру үдерісіне қатысуы міндетті шарт болып табылады.

Қазақстандағы педагогикалық жоғары білім беру жүйесі бойынша мемлекеттік саясатты қалыптастыру бірнеше кезеңнен өтті. Жаңа мақсаттар мен білім беруді реформалау міндеттері 1991-1996 жылдары қалыптасты. 1997-2003 жылдары жоғары білім беру саласындағы мемлекеттік білім беру саясатының негізгі бағыттары анықталып, жоғары білім беру саласындағы

реформалардың әлеуметтік-экономикалық салдарын компенсациялауға бағытталған нормативтік құжаттар қабылданды. Бірақ оларда реформалауды жүзеге асыру механизмдері ұсынылмаған еді.

Сонымен қатар, зерттеу кезеңінде болашақ жоғары білімді бастауыш мектеп мұғалімдеріне білім беруге атсалысатын ғылыми-педагогикалық кадрлардың қызметін, даярлығын, біліктілігін жетілдіруін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар біршама өзгеруі, жаңаруы және толықтырылуы жоғары педагогикалық оқу орындарының ілгері дамуына алғышарт ретінде жағдай жасады. 1991-2010 жылдар аралығында ғылым кандидаты дәрежесі бар оқытушылардың саны өсті: 1991 жылы -6,1% болса 2010 жылы – 9,5% болды, ғылым докторы дәрежесі бар оқытушылардың саны 1991 жылы – 4,2% болса, 2010 жылы 8,7% болды [117].

Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-әрекетке даярлау ғылыми-зерттеу жұмыстарынсыз мүмкін емес. Бұл ретте негізгі мәселе материалдық-техникалық базаның әлсіздігі және жеткіліксіз қаржыландыру болып табылады. Республикалық бюджеттегі ғылымға бөлінетін қаржының көлемі жалпы білім беруде ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамытудың басым бағыттары болмағандығын дәлелдейді. Қорыта келе, ғылыми-зерттеу жұмыстарына жеткілікті көлемде қаржы бөлінбесе, жоғары педагогикалық оқу орындарының инновациялық іс-әрекеті алға баспайды. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын іргелі бағытқа қою арқылы ғана бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-әрекетке даярлау мәселесі ғылымға кірігеді.

Зерттеу кезеңінде қабылданған, қолданыста болған мемлекеттік жоғары кәсіби білім беру стандарттары бастауыш сынып мұғалімін даярлауды көпдеңгейлі жүргізуге жағдай жасады, бакалавриат деңгейінде тиімді білім алуды жолға қойып, қажетті мамандануларды магистратура деңгейінде қамтамасыз ету арқылы кәсіби маман даярлауды негіздеді. Дегенмен, болашақ бастауыш мектеп мұғалімдеріне жоғары білім берудің мазмұны мен құрылымының өзгеруі біраз мәселенің бетін ашты. Зерттеу кезеңінде білім берудің түрлі деңгейлерінде толыққанды бірізділік қағидасы сақталмағаны айқындалды. Бұл өз кезегінде білім беру нәтижесін бақылауға және маман даярлаудың сапасын бағалауға кедергі болады.

Қазіргі біздің қоғамда жоғары педагогикалық білім берудің маңыздылығы, бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлаудың басым бағыт екендігі, бастауыш сынып мұғалімінің тұлғасынан жас ұрпақ үлгі алатынын есте ұстаған жөн.Сондықтан да мемлекеттік деңгейде заманауи жағдайларды ескерген, ғылыми негізделген жоғары педагогикалық кәсіби білім беру саясатын дұрыс жолға қою қажет. Олай болса, болашақ бастауыш сынып мұғалімін дайындаудың құрылымдық рөлін, мақсатын, міндеттерін, мазмұнын, құралдарын, нәтижелерін анықтау, жолдары мен құралдарын бағалау арқылы ғана жоғары педагогикалық кәсіби білім берудегі саяси мақсаттарға қол жеткізуге мүмкін болады. Ойымызды түйіндейтін болсақ, осындай негіздегі жоғары педагогикалық оқу орындарындағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың мәнін, ерекшеліктерін, мазмұнын

және т.б. әрі ішкі және сыртқы қарама-қайшылықтарын, болашағын, замануи қоғамда тиімді іске асырылу жақтарын жүйелі түрде сипаттау мүмкін болады.

Жоғары педагогикалық оқу орындарында болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдіснамалық негіздерін мемлекеттік саясат деңгейінде қарастырғанда философиялық, жүйелілік, синергетикалық, болжамдық нормативті-құндылық, әлеуметтік-әрекеттік кіріктірілген ұстанымдар тұрғысынан қарастыру жоғары кәсіби мектепті дамытудың мемлекеттік саясатының негізгі аспектін толық ашуға мүмкіндік беріп, қоғамның кәсіби білім беруге қоятын талаптарын,үміттерін қанағаттандырудың маңыздылығын көрсетеді.

Экспектациялық ұстаным тұрғысынан алғанда мемлекеттік жоғары педагогикалық кәсіби білім беру саясатының әр компонентінің – басқарушылық, ғылыми-зерттеушілік, инновациялық, ақпараттық, кадрлық,экономикалық, нормативтік-құжаттық, жобалық-мақсаттық, халықаралық ынтымақтастық – сапасын қоғам күтетін жоғары деңгейде дамытуды зерттеу маңызды болып табылады.

Экспектация ұғымының мәнін аша кетсек – [ағылшын тілінен аударғанда expectation – талап-тілектер] – жеке тұлғаның әлеуметтік рөліне қатысты ережелерді орындауын күту, кейде тіпті, талап ету. Экспектация өз кезегінде топтың өз ішінде қолданылатын әлеуметтік санкциялардың ерекше түрі ретінде көрініс табады. Ресми қағидалар мен қызметтік нұсқаулардан гөрі экспектация бейресми сипатта болады және көзге түсе бермейді. Экспектацияға тән негізгі екі қасиет:

- айналадағылардан өз рөліне сай әрекет күту, талап ету құқы;
- басқалардың талап-тілектеріне сай әрекет жасау міндеттілігі [117,б. 42].

Бұл ұғым әлеуметтік психологияда кең тараған және заманауи білім беру үдерісіне енген жаңа терминдерінің бірі болып табылады. Индивидтің әлеуметтік рөлін орындау нормасына қатысты талаптары күтімдердің жүйесі болғандықтан, әлеуметтік санкциялардың әр түрі, топтағы өзара әрекеттесу жүйесінің реттілігін қажет етеді. Экспектация арнайы түсірілген бұйрық, ұйғарым сияқты емес, квалификациялық нұсқаулық және басқада ресми емес әрекеттерді реттеуші сипатта іске асады. Экспектация ұғымы лингвопрагматикада сөздік қарым-қатынасты түсіндіру үшін пайдаланады. Коммуникацияға түсетін адамдарда қарым-қатынастан түзілетін күтімдер болады. Сөз арқылы қарым-қатынасқа түскендегі «Алдын-ала болжау» қабілеті адамның өмір тәжірибесіне негізделеді. Қорыта келе айтарымыз, экспектациялық ұстаным білім беру саласындағы мемлекеттің саясаты мен қоғамның, әлеуметтік-экономикалық сфераның күтілімдері, сұранысы, талаптары арасындағы байланысты анықтайды.

Зерттеу жұмысында ұсынылған алғышарттарды іске асыру үшін бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлайтын педагогикалық жоғары оқу орындарының заманауи жағдайда бәсекеге қабілеттілігін бағалау критерийлерін жасау қажет. Мұндай критерийлерге келесілер жатады:

а) педагогикалық жоғары оқу орнының ішкі ұтқырлығы: стратегиялықменеджмент, жоғары оқу орнының құрылымы; сапа менеджменті; студенттердің бәсекеге қабілеттілігі; профессорлық-оқытушылық құрамының бәсекеге қабілеттілігі; түлектердің нарықтық экономикада бәсекеге қабілеттілігі; жоғары оқу орнының ішкі жағымды имиджі; білім беру қызметінің сапасы, қолжетімдігі, үздіксіздігі; білім беру мен ғылыми іс-әрекеттің интеграциясы; жоғары оқу орнының ғылыми-зерттеу және инновациялық мүмкіндігі; жоғары оқу орнының материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі; түлектерге жұмысқа тұруға көмектесу; студенттер мен профессорлық-оқытушылық құрамды әлеуметтік қолдау;

б) педагогикалық жоғары оқу орнының сыртқы ұтқырлығы: жоғары оқу орнының сыртқы жағымды имиджі; студенттер арасындағы академиялық ұтқырлық; жоғары оқу орындары арасындағыұтқырлық; ғылыми-зерттеу және инновациялық ұтқырлық; өндірістік практиканы ұйымдастырудағы оқыту ұйымдарымен байланыс; жоғары оқу орны мен өнеркәсіптің интеграциясы; арнаулы орта білім беретін ұйымдармен ынтымақтастық.

Қорыта келе, болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерін кәсіби-әрекетке даярлайтын жоғары педагогикалық оқу орнының бәсекеге қабілеттілігінің нәтижесі – мемлекеттің талаптары мен қоғамның сұранысына жауап беретін инновациялық жобалар, білім беру қызметтері, инновациялық өнімдер, инновациялық маман-зерттеушілер, мемлекеттік деңгейдегі іргелі және қолданбалы зерттеу жұмыстарына жоғары оқу орнының оқытушы-профессорлар құрамының тартылуы, соның нәтижесінде жоғары оқу орындарының инновациялық статусқа ие болуы деп білеміз.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке дайындаудың негізі – білім беру мазмұнын айқындайтын мемлекеттік білім беру стандарттары, типтік оқу жоспарлары, жұмыс оқу бағдарламалары, оқулықтар, оқу құралдары мен оқу әдістемелік кешендердің бүгінгі қоғамдық сұранысқа сәйкес даярланып тәжірибеге енгізілуі. Әрине жоғары оқу орнына оқулықтар мен оқу құралдарын жазатын оқытушы-профессорлар құрамына мемлекет тарапынан педагогикалық жүктемені азайту арқылы жағдай жасау қажет.

Сапалы маман дайындаудың негізі меңгертілетін білім мазмұнымен айқындалатынын ескерсек, оқулықтар мен оқу құралдарын дайындау және оны тәжірибеден өткізіп барып педагогикалық үдеріске енгізу қажет деп есептейміз. Бүгінгі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығын жоғары оқу орындарындағы әсіресе қазақ тіліндегі оқулықтардың студенттердің санына шаққан кездегі пайыздық көрсеткіші әлі де ойландыратынын айта кеткеніміз жөн.

Жоғарыда жасалған талдауларға сүйене отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың келесі алғышарттары орындалуы қажет:

1) педагогикалық білім берудің мектеп өмірінен артта қалуын болдырмау үшін бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлау үдерісін алдын-ала нәтижелі практикаға бағыттау;

2) бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауды іске асыратын кешенді бағдарламалар ұсыну;

3) бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың нормативтік-құқықтық базасын заманауи талаптарға сәйкестендіру;

4) бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауды қаржылық, материалдық, техникалық тұрғыдан қолдау;

5) бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауды ғылыми жолға қою арқылы еліміздің ғылыми-техникалық кешеніне кіріктіру;

6) бастауыш сынып мұғалімдері кәсіби іс-әрекетке тұлғалық даяр болуы үшін студенттермен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының жаңа технологияларын заманауи әлеуметтік-экономикалық жағдайға сәйкестендіру[118].

Әр алғышартқа тоқталып, сипаттама берейік:

1. Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлау үдерісін алдын-ала нәтижелі практикаға бағыттаужоғары кәсіптік білім беруді дамытудың тұжырымдамасына сай іске асырылуда. Республикамызда жоғары кәсіптік білім беруді дамытудың тұжырымдамасы Лиссабон Конвенциясының ұстанымдары мен критерийлеріне сай, халықаралық білім берудің біліктілік стандартын басшылыққа ала отыра жазылған. Жоғары кәсіптік білім беруді дамытудың қабылданған тұжырымдамасына сәйкес бакалавриат, магистратура стандарттары ұсынылып, оларда болашақ мұғалімдер, соның ішінде бастауыш сынып мұғалімдерініңнегізгі құзыреттіліктері мен кәсіби құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар анықталған.

Заманауи бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Заманауи бастауыш сынып мұғалімінің шығармашылығындағы ерекше іс-әрекет – оның сабақты түрлендіріп, кіші мектеп жасындағы балалармен қарым-қатынас орната білуі. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формациядағы бастауыш сынып мұғалімі – нәтижеге жеткізетін құзыреттілігі қалыптасқан, педагогикалық құралдарды меңгерген, өзін-өзі тұрақты жетілдіре алатын, толысқан шығармашыл тұлға. Нарықтық экономика жағдайындағы бастауыш сынып мұғаліміне қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби және әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Осы айтылғандарды қорытындыласақ, жаңа формациядағы бастауыш сынып мұғалімі – рефлексивті, өзін-өзі жүзеге асыра алатын, әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық, коммуникативтік, ақпараттық және т.б. құзыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.Нәтижеге бағытталған білім беру моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы ауқымында тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс-әрекетін дамытуға бағытталған оқу қажеттілігі туындап отыр. Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын үдеріс қажет.

Басқаша айтқанда, ғылым, білім және мәдениет жетістіктері арқылы оқушылардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділігін дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру арқылы бастауыш сыныпмұғалімінде кәсіби білімге деген қажеттілікті қалыптастыру. Заманауи білім беру парадигмасы «білімді адамға» бағытталған білім беруден «мәдениет адамына» бағытталған білім беруге көшу жағдайында,сондықтан, білім беруді жаңаша ұйымдастыруоның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін қайта қарауды қажет етеді.

Тұжырымдай келе айтарымыз, еліміздің заманауи білім беру жүйесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқыту үдерісін соны идеяларға негізделген жаңа мазмұнмен қамтамасыз ету міндеті тұр. Заманауи бастауыш сынып мұғалімдеріне жоғары педагогикалық білім беру сапасын арттыру және оны нәтижеге бағыттау барысында жоғары мектеп оқытушылары мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты белгілеген нәтижелерге жету үшін кәсіби шеберліктері,ғылыми-зерттеу құзыреттіліктері мен дағдылары, ақпараттық-коммуникативтік мәдениеті жоғары тұлғасы арқылы дамытушылық функцияны атқарады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімі осы құзыреттіліктерді меңгеру арқылы тек кәсіби қалыптасып қана қоймайды, сонымен қатар өз жеке басының нәтижелі іске асырылу мүмкіндігін, үнемі білімін жетілдіру, өзін-өзі іске асыру қажеттілігін қалыптастыра алады.

2.Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауды іске асыратын кешенді бағдарламаларда оқыту үдерісін технологияландыру, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен үздіксіз танысу, пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу, оқу барысындағы танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудағы жаңашылдыққа, субъективтік көзқарасты қалыптастыруға жағдай туғызу мәселелері қамтылуы керек: бастауыш сынып мұғалімдеріне жоғары білім беру мазмұнын жаңарту бойынша кешенді бағдарламалар жасау, білім берудің көпсатылы құрылымын жетілдіру мен вариативтілігін әдістемелік қамтамасыз ету, үздіксіз кәсіби білім берудің әр түрлі үлгілерін жасау; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу үдердісіндегі танымдық іс-әрекеттеріндамытуға бағытталған жаңа технологиялар мен оқыту әдістерін енгізу, олардың шығармашылық ойлауы мен өз алдына дербестігін қалыптасыру және оқу үдерісінің дамуын жеделдету.

3.Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың нормативтік-құқықтық базасын заманауи талаптарға сәйкестендіруді білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың мазмұнына сай жүргізген дұрыс. Қоғамның экономикалық жағдайының әр кезеңінің өзіндік бағытына сай білім берудің мазмұны анықталып, білім беру саласына байланысты нормативтік-құқықтық базасының жетілдірілуі қоғам сұранысына сәйкес іске асырылып отырады.

Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлауды реформалаудың нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру білім берудің басты мақсаты ретінде оларды кәсіби іс-әрекетке даярлаудың бағытын айқындайды. Осы орайда бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлауды

реформалаудың нормативтік-құқықтық базасы бойынша өзгерістер сол кездің ғана талабын қанағаттандыратын деңгейде іске асырылып отырды. Ең бірінші құқықтық құжаттарды қарастырсақ, оларға нормативтік және заңнамалық актыларды жатқызамыз: 1995 жылдың 30 тамызында жалпы халықтық референдумда қабылданғанҚазақстан Республикасы Конституциясының 30-тармақшасының мазмұнымен жоғары білім алу құқығы айқындалды.

Нарықтық экономика жағдайында білім беруді дамытудың мемлекеттік-құқықтық негіздерін анықтайтын құжат 1997 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, заңның іс жүзінде қолданылу стратегиясы мен тактикасын анықтайтын құжат, 1998 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасы жоғары білім беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасы» болып табылады. Бұл құжат еліміздің біртұтас білім беру кеңістігін сақтауға және дамытуға, ТМД елдерінің ұлттық білім беру жүйелерімен кірігуге, үздіксіз білім ұстанымдарын және халықаралық білім беру Конвенциясын жүзеге асыру негізінде дүниежүзілік білім беру кеңістігіне енуге ықпал етуі тиіс болатын.

Сонымен қатар 2005 жылдан бастап Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008–2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2007–2011 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» бағдарламасы, балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010–2014 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасы қабылданды. Сөйтіп, жаңа экономикалық және әлеуметтік-мәдени жағдайдағы ұлттық білім беру моделінің тиімді дамуының алғышарты қаланды.

Білім беру тарихында ең маңызды құжаттардың бірі болып Қазақстан Республикасының Президентінің жолдаулары табылады. Қазіргі таңда білім беру жүйесін кешенді әрі терең модернизациялау–Қазақстан Республикасының білім беру саясатының маңызды стратегиялық бағыты болып табылады. Қоғамда шұғыл түрде білім берудің ұлттық тұжырымдамасын қабылдап, жалпы білім беру жүйесінің, соның ішінде жоғары педагогикалық білім берудің, бүгіні мен болашағына байланысты сұрақтарға жедел жауап алу керек болды. Осы жағдайды түзету үшін Қазақстанда білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданды.

4.Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауды қаржылық, материалдық, техникалық тұрғыдан қолдау:1991 жылдан бастап мемлекеттің жоғары педагогикалық білім беруді әлеуметтік-экономикалық реформалаудың салдарын жеңілдетуге бағытталған ондаған нормативтік құжаттар қабылданданды. Бірақ олар іске асыру механизмімен, яғни бюджеттің шығыстық бөліміндегі қаржыландырумен бекітілмеді. Білім беру саласын қаржыландыру әрқашанда ең соңғы кезекте жүретін. Әйтседе, 1990 жылдан 1993 жылға дейін білім беру саласына бөлінген қаржы 4,7 % дейін төмендеп, 1998 жылы 3,45 % дейін жетті, ал 1999 жылы 3,63 %, ал 2000 жылы 3,75 % көтерілді. Сөйтіп, ХХ ғасырдың соңғы жылдары бастауыш сынып мұғалімдерін

кәсіби іс-әрекетке даярлаудың қаржылық, материалдық, техникалық жағы біртіндеп жолға қойылып, оның педагогикалық жоғары біліммен бірге алға қарқындап дамуының негізін салды.

Республикамызда білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасыбілім беру қызметіне тең қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағдарланған қаржыландыру жүйесін жетілдіру менсапалы білімге қолжетімділікті арттыруға бағытталған білім беруді қаржыландырудың жаңа тетіктерін әзірлеуді басты мақсат ретінде анықтап отыр.

5.Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауды ғылыми жолға қою арқылы еліміздің ғылыми-техникалық кешеніне кіріктіру заманауи жоғары педагогикалық білім беру жүйесінің тиімді дамуы маңызды стратегиялық бағыт, ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлаумен тығыз байланысты. Педагогикалық білім беруді ғылыми зерттеулерсіз дамыту мүмкін емес. Ең басты проблема болып әлсіз материалдық-техникалық база мен жеткіліксіз қаржыландыру болып табылады. Мемлекеттік бюджеттенғылымға бөлінетін қаржы көлемінің төмен деңгейде болуы ғылыми-зерттеу жұмыстарының білім беруді дамытудың маңызды міндеттерінің қатарында болмағандығын көрсетеді.Сондықтан жоғары оқу орындарының, соның ішінде педагогикалық жоғары оқу орындарының инновациялық іс-әрекетін белсендіру үшін қаржыландыруды көбейтуі жолдары шұғыл қарастырылуы керек.

6.Жоғары педагогикалық оқу орындарының ғылыми-зерттеу жұмысы іргелі бағытта жүруі қажет. Ғылыми-зерттеу жұмысын іргелендіру арқылы ғана жаратылыстану ғылымдары мен гуманитарлық ғылымдарды бір-біріне жақындатуға болады. Педагогикалық білім беру жүйесі заманауи жаратылыстану және гуманитарлық білімдердің негізінде құрылуы керек. Соңғы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты білім беру саласына мамандар даярлауды ғылымның соңғы жаңалықтары меноқытудың жаңа технологияларына сүйене отырып жүзеге асыру жолдарын ескеріп, жоғары кәсіби білім берудің көпдеңгейлі, маман даярлаудың бакалавриат деңгейінде жоғары педагогикалық білім берудің тиімді әрі сапалыболуын, керекті маманданулар мен олардың сапасын магистратура деңгейінде қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазақстанның заманауи білім беру жүйесінің алдында дүниежүзілік білім беру кеңістігіне ену мәселесі тұрғандықтан бакалавриат-магистратура-PhD докторантура деңгейлері білім беру қызметін экспорттау ауқымын кеңейтуге көмектеседі. Дегенмен, жоғары педагогикалық білім беруді құрылымдық және мазмұндық жаңарту бірнеше мәселенің бетін ашты.

Бүгінгі таңда мемлекеттік білім беру стандарттары білім берудің түрлі деңгейлері мен сатыларының бірізділігін толық қамтамасыз ете алмай отырғандықтан, білім берудің соңғы нәтижесі мен маман даярлаудың сапасын шын мәнінде қадағалау мүмкін болмай отыр.Бастауыш сынып мұғалімдері кәсіби іс-әрекетке тұлғалық даяр болуы үшін студенттермен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының жаңа технологияларын заманауи әлеуметтік-экономикалық жағдайға сәйкестендіру.

Қоғамымыздың заманауи даму мемлекетіміз кезеңінде тәрбие үрдісін жүзеге асыруға теориялық және практикалық дайындығы бар, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдістері мен технологияларын меңгерген, өз бетімен білім алып, түрлі жағдайлардан шешім тауып шыға алатын бастауыш сынып мұғалімдерін қажет етуде.

Тәрбие технологиясы — бұл бастауыш сынып мұғалімінің тәрбиелік іскерлігі. Тәрбие технологиясы жобаланған қорытынды мен жетістіктер тәсілінің жоспарымен, сол тәсілдерді моделдеумен, жасалған жоспар мен моделдің жүзеге асырылуымен, басқару іскерлігімен және осы жоспарды орындаушылардың мінез-құлқымен байланысты.Кіші мектеп жасындағы балалардың білімі қалыпты болса да тәрбиесі жеткіліксіз болуының қоғамға тигізетін жағымсыз әсері мол. Қоғамымыз дамып, алға жылжығанмен тілден, діннен безген, зорлық пен ұрлық, әділетсіздік пен қайырымсыздық сияқты жағымсыз жағдайлардың кездесуі: тәрбиенің кемшілігі екендігі рас.

Сондықтан заманауи бастауыш сынып мұғалімін даярлаудың алдында тұрған көкейкесті мәселелердің бірі - білім берумен қатар тәрбие жұмысын жетілдіру. Жалпы білімді ізгілендіре отырып, тәрбие беру жолдары: бастауыш сынып мұғалімін даярлайтын педагогикалық жоғары оқу орындары студенттеріне бастауыш білім беретін мектептегі оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмысын ұйымдастырудың мәнін, ұстанымдарын, мазмұнын, әдістемесін, технологиясын теориялық және тәрбиелеу шеберлігін, оқушылармен іс-әрекетті ұйымдастырудың әртүрлі әдістері мен формаларын практикалық тұрғыда меңгерту.

Бастауыш білім беретін мектептегі мұғалімдердің тәрбие үрдісіндегі қиындық көретін мәселелерін зерттеу мен талдау барысында, оның басты себебі оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру мен оны есепке алуға байланысты болды. Бұл қиындықтар олардың кәсіби – педагогикалық даярлықтарының жетіспеуінде жатыр.

Кіші мектеп оқушыларының танымдық қызығушылықтары мен белсенділігін қалыптастыру жұмысына бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау деңгейі педагогикалық оқу орындарының тәрбие құралдарында, тәрбиелеу үдерісінде жатыр деп ойлаймыз. Тәрбиелік қарым-қатынаста кіші мектеп жасындағы оқушы мен мұғалімнің іс-әрекетін ғылыми тұрғыда ұйымдастырудың маңызы зор. Осы мақсатта ортақ іс-әрекет арқылы мұғалімдер ұжымы мен оқушылар ұйымының бірігуі нәтижесінде баланың бос уақытын тиімді пайдаланудың ұтымды нәтижелері жасалады.

Бастауыш сынып мұғалімі ұйымдастыратын оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымдарына қатысуы, мектеп өмірін демократияландыру, түрлі танымдық кештер, іскерлік ойындар, көгалдандыру, танымдық жорықтарға шығу оқушылардың белсенділігін, тұлға аралық байланыстарын дамытуда үлкен рөл атқарады.

Бастауыш сынып мұғалімі – сыныптағы тәрбие жұмысының негізгі ұйтқысы, сондықтан болашақ бастауыш мектеп мұғалімінің әдістемелік шеберлігін нығайту, тәрбие жұмысының белсенді әдіс-тәсілдерін меңгеруге, өз

білімдерін жетілдіруге қол жеткізу, тәрбиелік шараларды еткізудің интерактивті түрлерін қолдана білуді үйрету маңызды міндет.Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының негізгі бағыты оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту арқылы қоршаған ортаға деген қатынасын қалыптастыру:

- ноосфера– баланың табиғатпен үйлесімді қатынасы;
- әлеуметтік орта–қоғамдық қатынастар–адамгершілік, құқықтық, экономикалық, т.б.;
- психологиялық орта– табиғи болмысы, саналылық, мінез-құлықтық, қабілеті т.б.

Тәрбие үдерісі оқыту мен дамыту үрдістерімен тығыз байланыста бола отырып, кіші мектеп жасындағы балалардың дамуында негізгі орын алады және тәрбие үрдісіне өзек болатын ғылым негіздерімен бірлесе отыра баланың қоршаған ортаға деген қатынасын қалыптастырады. Тәрбие технологиясы – тәрбие мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін формалардың, әдістердің, тәсілдердің және тәрбие құралдарының жиынтығы. Олар келесі топтарға бөлінеді:

-туындау негізіне қарай:педагогикалық тәжірибе немесе ғылыми тұжырымдама бойынша;

-мақсаттары мен міндеттеріне қарай: білімді қалыптастыру, тұлғалық қасиеттерін тәрбиелеу, дербестігін дамыту;

-педагогикалық құралдардың мүмкіндігіне қарай: ықпал ету құралының нәтижесі бойынша;

-тәрбиешінің технологиялар көмегімен жүзеге асыратын қызметтеріне қарай: диагностикалық қызмет, шекісулерлі басқару қызметі;

-балаға деген көзқарасына қарай: оқушы тұлғасының жеке-дара ерекшеліктерін ескеру.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімі өз жұмысында келесі тәрбие технологияларын қолдана алады:

- сұхбаттық технологиялар;
- пікірсайыстар, пікірталастар;
- «Коллаж» технологиясы;
- ұжымдық шығармашылық жұмыс;
- жобалар дайындау;
- қарым-қатынас тренингі;
- денсаулық сақтау технологиялары;
- жағдаяттық технологиялар.

Қорыта келе айтарымыз, кіші мектеп жасындағы оқушылардың психологиялық қауіпсіздігі – маңызды мәселенің бірі. Педагогикалық жоғары оқу орындары бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау барысында олардың кіші мектеп жасындағы балаларға психологиялық қолдау көрсетіп, байыпты сұхбаттасып, айтылған әрбір сөзіне зейін аударып, оның өз көзқарасын білдіруін жағымды қабылдап, жіберген қателерін әдепті түзетіп, дербес ойлау әрекетін марапаттап, әр баланың қабілетін ашуға ұмтылған педагогтың

бойында болуы тиіс қасиеттердің дамуына жағдай жасауы қажет. Оқушылар мектепке баға алу үшін емес, білмегенін білу, жаңа ақпарат алу үшін келуі тиіс.

Оқушы тапсырманы орындай алмай жатқанда оның бойында эмоционалдық қысым мен қолайсыздық туындамауы, үрей мен қорқыныштың болмауы кіші мектеп жасындағы бала бойындағы психологиялық кедергілерден арылып, ойын батыл айтуға, өз көзқарасын ашық білдіруіне көмектеседі. Сонымен қатар, бастауыш сынып мұғалімі кіші мектеп жасындағы балалардың өзін-өзі басқару дағдыларын қалыптастыра отыра, оқушылардың әлеуеті мен жасаған әрекеттері үшін жауапкершілік сезімдерін дамыта білуіөте маңызды.

Болашақ бастауыш сынып мұғаліміңнегізгі мақсаты – оқушылардың белсенділігін арттыру үшін жағдай жасау арқылы өзіндік талдау жасауға ұмтылысын мадақтай отыра, олардың өз мүмкіндіктеріне деген сенімін күшейте білу. Заманауи бастауыш сынып мұғалімі сыныптың психологиялық қауіпсіздігі мен эмоционалды көтеріңкі көңіл-күйін қамтамасыз ететінтехнологияларды қолдану арқылы оқушылардың оқу қабілетін арттыружолдарын білуі керек, сонда ғана оқушылар білімді барынша сапалы меңгеріп, жоғары нәтижелерге қол жеткізеді. Оқу-тәрбие үдерісінде теріс факторлардың болмауының нәтижесінде сабақ аяқталғаннан кейін оқушылар сыныптан жағымды көңіл-күймен шығады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің университетте оны іске асырудың әдістемесін жетік меңгеруі тиіс, - деп санаймыз.

### 1.3 Ұлттық білім беруді реформалау жағдайындағы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесін жаңарту

Қазақстан Республикасының 1991 жылы тәуелсіздік алуымен байланысты біздің қоғамымыздың басты мақсаты дүниежүзілік қоғамдастыққа ену болғандықтан, отандық білім беру жүйесінің алдында да осы мақсат – әлемдік білім беру кеңістігіне үйлесімді кірігу мәселе ретінде – тұрды. Қойылған мақсатқа байланысты білім беру саласындағы мемлекеттік саясат білім берудің заңнамалық негіздерін, оны басқару мен қаржыландыру жүйесін реформалау бағытында жүрді.

Еліміздегі білім беру жүйесі бұрынғы әдіснама, құрылым мен мазмұнда қалып, отандық білім беру саласының әлемдік кеңістікке енуіне бөгет болып, нарықтық экономиканың заманауи талаптары мен қажеттіліктерін қанағаттандырмай, жаңа инновациялық өзгерістердің енуін артқа тартып келді. Сондықтан білім беру саласында қоғамның әрбір мүшесінің назарынан тыс қалмайтын өзгерістер жасалуда. Қазіргі уақытта руханилық пен адамгершілікке негізделген, демократия мен гуманизм ұстанымдарына сай, білім беру мен тәрбиелеудің жаңа құндылықтарын ретке келтірудің жолдары іздестіріліп, қазіргі білім беру философиясына сәйкес әлемдік білім кеңістігіне енудің қазақстандық үлгісін жасау жүзеге асырылуда.

Жоғары кәсіби білім берудің дамуы қоғамның даму мәселелерімен тығыз байланысты және келесі әлеуметтік-экономикалық заңдылықтармен шартталады:

- қоғамның нарықтық экономикаға көшуі, соның салдарынан өндірістік күштер мен өндірістік қатынастардың жаңа сипатқа енуі, өндірістің субъектілерінің әлеуметтік статусының өзгеруі;

- ғылыми зерттеулердің нәтижелеріне негізделген өндіріс орындарының көбеюі, ал олардың қызметін тиімді ұйымдастыру үшін көбінесе жоғары кәсіби даярлығы бар мамандар қажет болды;

- ғылыми және техникалық ақпараттың соңғы бес жылда екі есе ұлғаюы және ақпараттың жаңаруы әр үш жыл сайын жүреді деген болжам;

- технологиялардың тез ауысуы, соның арқасында өндірістік күштердің тез артта қалуы, мамандардың біліктілігінің жеткілікті деңгейге жетпей жатқандығы;

-түрлі ғылымдардың тоғысқан жерінде жүргізілген ғылыми жұмыстардың интегративті сипаты;

- дене еңбегі мен ой еңбегінің автоматтандырылуына алып келетін заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды интеллектуалдық іс-әрекеттің құралы ретінде қолдану.

Республикамызда жоғары кәсіби білім беру жүйесін реформалау 1995 жылдан бастап пәрменді түрде жүре бастаса да, оның қарқыны мен тереңдігі жеткіліксіз болып, қажетті жаңартуларды енгізуге экономикалық қиындықтар кедергі жасады. Дегенмен де, жүргізілген әлеуметтік-экономикалық реформалардың арқасында жоғары кәсіби білім беру саласында жекелеген жағымды тенденциялар көріне бастады:

-жоғары білім берудің демократиялануы мен оны басқарудың децентрализациясы;

-жоғары оқу орындарының желісі мен құрылымының диверсификациясы;

- жаңа нормативтік – құқықтық және заңнамалық базаның жасалуы;

- жоғары білім берудің жаңа мемлекеттік стандарттарының енуі;

- мемлекеттік бюджеттен қаржыланбайтын студенттер санының өсуі.

Бірінші кезеңнің негізгі міндеттері болып республикамыздың кадр даярлаудағы тәуелсіздігін жеткілікті деңгейде сақтау, нарықтық экономиканың, облыс пен аймақтардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жоғары оқу орындарының жүйесін құру болып табылды. Бұл кезеңде жүргізілген іс-шаралар Қазақстан Республикасының «Жоғары білім беру туралы» (1993 жыл) Заңында бекітілген. 1994 жылы Қазақстан Республикасының жоғары білім беру стандарты (негізгі қағидалары) қабылданып, онда тұңғыш рет еліміздегі білім берудің көпдеңгейлі құрылымы анықталып, бакалавр мен магистр академиялық дәрежелері енгізілді.

Екінші кезеңде жоғары білім беру жүйесін модернизациялау, оның мазмұнын жаңарту іске асырылды. Бұл кезең жоғары білім беру жүйесін дамыту концепциясын тұжырымдаумен, білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты тұжырымдаған Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы мемлекеттік саясат жайлы Ұлттық кеңес 1995 жылғы 4 тамызда бекіткен Концепцияның қабылдануымен, жоғары оқу орындарының іс-әрекетін реттейтін жаңа нормативтік-құқықтық ережелердің қабылдануымен

сипатталады. 1995 жылдан 1997 жылға дейін 310 мамандық бойынша жоғары кәсіби білім берудің тұңғыш қазақстандық стандарттары қабылданды. 1996 жылы Қазақстан Республикасының 342 мамандықты қамтыған жоғары білім беру мамандықтарының Классификаторы (тізім) жаңа редакцияда бекітілді. Осы жылдары мемлекеттік емес білім беру секторы белсенді дами бастады.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін жүргізілген жоғары білім беру жүйесін реформалаудың кезеңдерін келесі суреттен көруге болады.




Сурет 1 - Қазақстан Республикасында жоғары білім беру жүйесін реформалаудың кезеңдері

Үшінші кезең білім беруді басқару мен қаржыландырудың мемлекеттік емес формаларына көшу, білім беру ұйымдарының академиялық еркіндіктері мен тәуелсіздіктерінің кеңеюімен ерекшеленді. Бұл кезеңде білім беру ұйымдарының орталыққа бағынуы азайды. Жоғары оқу орындарына қабылдау қағидалары түбегейлі өзгеріп, жоғары кәсіби білімі бар мамандарды даярлауды мемлекеттік білім беру сұранысы негізінде жүргізуге бет бұрылды. 1999 жылдан бастап жоғары оқу орындарының студенттік контингентін жасақтаудың жаңа моделі енгізіліп, ол абитуриенттерге конкурстық негізде мемлекеттік білім беру гранттары мен мемлекеттік білім беру кредиттерін беру арқылы жүзеге асырылды.

Төртінші кезеңде жоғары кәсіби білім беру жүйесінің XXI ғасырдағы негізгі стратегиялық, қарқынды даму бағыттары анықталды. Атап айтсақ, жоғары педагогикалық білім беруді реформалаудың, соның ішінде бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың бастапқы кезеңі жүзеге асты, соның арқасында жоғары кәсіби білім беруді реформалаудың және дамытудың стратегиялық және маңызды бағыттары анықталып, жаңа ұлттық білім беру моделі қалыптасты. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуы ұлттық дәстүрлердің және білім беру саласындағы

дүниежүзілік тенденциялар негізінде жүзеге асырылуда. Қазақстандық білім беру жүйесінде барлық сатылардағы білім алуға қолжетімді, оның элементтері мен талаптары біртұтас, барлық сатылардағы білім беру сабақтас жүреді. Жоғары кәсіби білім беруді дамытудың негізгі тенденциясы–білім беруге деген мемлекеттің монополиясынан, білім беру саласын басқарудың орталықтанған қатаң түрінен және жоғары оқу орындарының қатаң регламентінен бас тарту. Осының нәтижесінде жоғары білім берудің мемлекеттік емес секторы дами бастады, бұл жағдай білім беру қызметінің нарықтық экономика жағдайына енгенін, кез-келген нарық сияқты бәсекелестік заңдары бойынша өмір сүре бастағанын көрсетеді. Мемлекеттік оқу орындары студенттерді ақылы негізде қабылдап, оқытуға құқылы болды, сондықтан жоғары білім беруді қаржыландыру көздері диверсификацияланды.

Жоғары білім берудің көпдеңгейлі құрылымы бір жағынан, көп сатылы білім беруді қамтамасыз етсе, екінші жағынан кәсіби маман даярлаудың альтернативтілігін, ұтқырлығын, икемділігі сияқты көрсеткіштерімен қоса бір мезгілде іргелілігін және әмбебаптығын қамтамасыз етеді. ҚР жоғары кәсіби білім берудің көп сатылы құрылымы осы сатылар арасындағы сабақтастықты сақтау, олардың арасындағы өзара байланысты білім беру бағдарламаларымен келістіру және тұтас білім беру кеңістігіне бейімдеу, кәсіби білім берудің әр сатысын нақты статуспен тәмамдауды, «бакалавр», «магистр», «доктор PhD(философия докторы)» қамтамасыз етеді.

Қазіргі кезде республикамыздың жоғары білім беру жүйесінің оқу орындары үш типке бөлінеді:

-классикалық университет;

-бейіндік университет немесе академия;

-институттар.

Жоғары білім беру жүйесі бүгінгі таңда алдын-ала білім беруді іске асыра алмай отыр, яғни, технологиялық прогресске бағытталған және әмбебап, мамандығын тез өзгерте алатын маман даярлау жолға қойылмай жатыр. Ал маман даярлауды осындай жолға қою тек қана өндірістің техникалық базасының даму темпінің жылдамдауынан, технологияның жиі өзгеруінен ғана емес, еңбек нарқының өзгеруіне де байланысты.

Заманауи Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің құрамында 171 азаматтық жоғары оқу орны бар, оның ішінде 34 мемлекеттік, 12 акционерлік қоғам, 3 халықаралық, 122 жекеменшік, 124 филиал, 12 азаматтық емес оқу орны бар. Бірақ, кез келген мемлекеттің білімділігі ондағы қызмет атқарып тұрған жоғары оқу орындарының санымен емес, білімнің сапасымен өлшенетіндігі белгілі. Елімізде жұмыс істеп отырған 149 университет білім берудің сапасын көтеруге әлі келмей жатыр. Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев атап өткендей, бүгінде нарықтық экономиканың қажеттілігін қанағаттандыруға қызмет атқаратын жоғары оқу орнының жаңа моделі қажет. Мысал ретінде Назарбаев Университетін атап өтуге болады, оның қабырғасында еліміздің интеллектуалдық болашағы шешілуде.

Бүгінгі таңдағы басты мәселелердің бірі болып 12 жылдық орта білім беруге көшу табылып отыр. Отандық білім беру жүйесінің жаңа арнаға түсуі, Қазақстанның білім беру жүйесіне жағымсыз әсер ететін бірқатар факторларға байланысты, солардың ішінде маңызды орында артта, кешеуілдеп қалған, оқушыларды ынталандыра алмайтын оқу жетістіктерін бағалау жүйесін атауға болады. Сонымен қатар, оқушыларда тұлғалық, азаматтық және адамгершілік-рухани қасиеттердің қажетті деңгейде дамымауы, өз қызығушылықтары мен болашағын саналы түрде түсінбеуін де атап өтсек болады. Осыған байланысты еліміздің басшысы Нұрсұлтан Назарбаев 12 жылдық орта білім беру жүйесі 2020 жылда іске қосылуы керек деп атап өтті.

12 жылдық орта білім беруді енгізу арқылы еліміз әлемнің дамыған елдерінің қатарына қосылады. Еуропа Кеңесінің Декларациясына сай әлемдік білім беру кеңістігінде 12 жылдық орта білім беру 136 елде жүзеге асырылуда: АҚШ, Германия, Франция, Жапония және т.б. Беларусь, Украина, Өзбекстан, Балтика елдері дүниежүзінде кең тараған орта білім беру жүйесіне көшу үрдісін бастады.

12 жылдық орта білім беруге ауысу қажеттіліктерін айқындайтын факторлар:

*1.Білім беру парадигмасының өзгеруі.*

Заманауи білім беру тұлғаға бағытталған стратегияны жүзеге асыруға бағытталған. Оның негізі – оқушыларға жаттанды білім беру емес, олардың табиғи қабілеттері мен әлеуметтік сұраныстарына көңіл бөле отыра, өмір сүрулеріне қажетті құзыреттіліктерін қалыптастыратын білім беру кеңістігін құру.

*2. Оқушылардың денсаулығын сақтау.*

Қазіргі таңда бірінші сынып оқушылары аптасына белгіленген 20 сағаттың орнына 22 сағат, жоғарғы сынып оқушылары 38 сағаттың орнына 40-42 сағат оқиды. Қазақстан РеспубликасыныңДенсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің мәліметтеріне жүгінсек, 2 миллионнан астам бала (66%) түрлі аурулармен диспансерлік есепте тұрады. Мектеп жасындағы балалар арасында тыныс алу жүйесінің, көз, ас қорыту жүйесінің, жүйке жүйесінің, тірек-қозғалыс жүйесінің аурулары салыстырмалы түрде бірнеше есеге артқан.

12 жылдық жылдық орта білім беруге көшкен кезде оқу жүктемесі азаяды, оқушылардың бос уақыттарында өз қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруына мүмкіндік жасалады.

*3. Оқушыларды әлеуметтендіру.*

12 жылдық орта білім беру мектеп оқушыларының әлеуметтенуіне, болашақ мамандықтарын мектеп қабырғасынан таңдап, мақсатты түрде мамандыққақажетті дағдылар мен іскерліктерді қалыптастыруына, нарықтық экономика жағдайына тез бейімделіп, бәсекеге қабілетті болып шығуына көмектеседі.

*4. Білім беру сапасын арттыру.*

12 жылдық орта білім беруге көшу оқу жүктемесін төмендету есебінен жалпы орта білім берудің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.Білім беру

сапасын арттыру инновациялық педагогикалық оқыту технологияларын қолдану нәтижесінде жүзеге асады.

*5. Қазақстандық аттестаттардың шетелдерде мойындалуы.*

Еуропа Кеңесінің Декларациясына сай әлемдік білім беру кеңістігінде 12 жылдық орта білім беру 136 елде жүзеге асырылуда. 12 жылдық орта білім беру жүйесіне Қазақстан Республикасының өтуі бәсекеге түсе алатын түлектерді даярлауды, шетелдерде біздің аттестаттарымыздың мойындалуын қамтамасыз етіп, қазақстандық мектеп түлектерінің халықаралық білім беру жобалары мен бағдарламаларына қатысуларына мүмкіндік жасайды.

12 жылдық орта білім беруге байланысты мектеп құрылымына жаңалықтар енгізіліп, шешілетін мәселелер көбейеді. 12 жылдық орта білім беру жүйесі толығымен енсе, бастауыш сынып оқушыларының психикалық және тән саулығын сақтау үлкен мәселе ретінде көтеріледі. Сондықтан, бұл проблеманы жан-жақты зерттеп, 12 жылдық орта білім беруге өтугемұқият дайындалу қажет. Бұл дайындықтың көптеген жылдарға созылатынына назар аудара отырып, басты мәселе – 6-18 жас аралығындағы оқушылардың алатын білім мазмұны болмақ. Республикамыздың түрлі мектептерінде тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізілуде, осы эксперименттің нәтижесі жан-жақты сараланып, негізделуі арқасында, алдын-ала жасалған дайындықтардан кейін ғана 12 жылдық орта білім беруге көшу мүмкін болмақ. Қазіргі таңда 12 жылдық орта білім беруді психология ғылымы тұрғысынан негіздеу қажеттігіөзекті болып отыр.

Біздің ойымызша, Қазақстан Республикасында 12 жылдық орта білім беруге көшу мына міндеттерді жүзеге асыруды жолға қояды:

-12 жылдық орта білім берудің мемлекеттік стандартын, тұжырымдамасын, бағдарламасын, оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдарын даярлау;

-мектептердің материалдық-техникалық базасын жетілдіру, қаржыландыру;

-кіші мектеп жасындағы балалардың жалпы мәдениетін қалыптастыру;

-оқушыларды кәсіби бағыттау үшін мектептің психологиялық көмек көрсету қызметінің жұмысын жолға қою.

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында айқындалған міндеттерді жүзеге асыру, сапалы білім беру арқылы жоғары білікті мамандарды қалыптастыру, оның ішінде қоғамның сұранысына қажетті мамандарды дайындап, білім мен ғылымды интеграциялау арқылы білім берудің сапасын арттыру және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану мәселелеріне қол жеткізу, еліміздегі білім беру жүйесін дүниежүзілік озық тәжірибеге сай реформалауды пәрменді жүргізуді талап етіп отыр [1,б. 17]. Еліміздің білім беру мекемелерінің алдында тұрған ең басты міндет–кәсіби біліктілігі жоғары педагог-мамандар даярлау.

Бұл мәселе Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында көтерілген болатын: «Білім реформасының басты көрсеткіші

- біздің еліміздің белгілі бір бағытта білім алған және біліктілікті меңгерген әрбір азаматының әлемнің кез келген елінде қажет маман ретінде танылатын деңгейге жету»[4,б. 14]. Сондықтан да соңғы жылдары еліміздің жоғары педагогикалық білім беру жүйесін жаңарту мәселесі күн тәртібінен түспей, соның ішінде оқытудың мерзімі, орта білім жүйесінің құзіреттілікке негізделген жаңа білім беру стандарттары мен жаңа бағдарламалары, оқулықтар жобасы жасалып, олар барлық деңгейде талданып келе жатыр.

Жаңа экономикалық және әлеуметтік-мәдени жағдайларға сәйкес Қазақстанда жоғары білімді дамыту бойынша жүргізіліп жатқан шаралар мамандар даярлау сапасын арттыруды, қарқынды ғылыми-зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамытуды, жоғары оқу орындары зерттеулерінің әлеуметтік сала мен экономиканың қажеттіліктерімен тығыз байланысын орнатуды, білім беру мен ақпараттық технологияларды жетілдіруді, бірыңғай ақпараттық білім ортасын қалыптастыруды, білім беру процесін оқу-әдістемелік және ғылыми тұрғыдан қамтамасыз етуді көздейді [2,б. 2].

Мұның өзі білімнің негізін салатын бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлықтарына жоғары талаптар қойып, оларды жаңа ғылыми идеяларды шығармашылықпен қабылдай алатын, оқытудың жаңа технологияларын игерген және қазіргі заманғы технологиялық процесті басқара алатын маман ретінде қалыптастыру мәселесін тудырады. Сондықтан мектептің таяу уақыттарға бағытталған талаптарына сәйкес жоғары оқу орындарында инновациялық педагогикалық технологиялар негізінде білім берудің жолдарын айқындап, бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығын үнемі жетілдіріп отыру аса қажет.

Бастауыш сынып мұғалімдерін халықаралық құзыреттіліктерге сай даярлау XXI ғасырдағы жаһандану үрдісінің талаптарына сай туындап отыр. Жаһандану үрдісінің ауқымдылығы мен күрделілігі әлеуметтік өмірдің барлық деңгейлеріне, білім беру саласы мен мәдениетке әсер етуі болашақ бастауыш сынып мұғалімін даярлауды Болон келісімі ауқымында қайта қарауды талап етіп, мәдениет аралық қатынастар мен пәрменді кірігу жағдайындағы коммуникация мәселелерін алдыңғы қатарға шығарды.

Көп ұлтты және полимәдениетті Қазақстанға жаһандану қатты ықпал етіп, коммуникация көкейкесті мәселе болып табылады. Қазіргі таңда халықаралық әлеуметтік кеңістікте тұлғаның сұранысына жауап беретін, қоғамның өмірін өзгерте алатын, басқа мәдениетті түсінетін, білімнің сапасы үшін оқушының алдында жауапкершілікті мойнына ала алатын мұғалімнің жаңа типі қалыптасуда. Болон үдерісіне атсалысу дегеніміз – сапалы білім беру негізінде бәсекеге қабілетті бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау үшін жауапкершілік алу. Болон үдерісіне ену негізінде еуропалық талаптарға сай құзыреттілік білім беру моделін қалыптастыру жоғары педагогикалық оқу орындарындағы жаңашыл, шығармашылық ортаны дамыту, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен инновациялық-ізденістік жобалар негізінде жүзеге асуда.

Замануи Қазақстанның білім беру ортасының өзгеруіне жаһандану, көптілділік, құзыреттілік тұғыр, жоғары оқу орындарының түлектерін көпдеңгейлі дайындау сияқты үрдістердің әсер етуіне байланысты бакалавриат деңгейінде бастауыш сынып мұғалімдерін сапалы даярлауды қамтамасыз ететін жоғары мектепті модернизациялау жолдарын іздеу қажеттілігі ғана емес, түрлі аспектілер мен ұстанымдардың кірігуін теориялық тұрғыдан негіздеу мұқтаждығы туындап отыр.

Модернизацияұғымына анықтама бере кетсек, модернизация дегеніміз– әлеуметтік-экономикалық және технологиялық дамуында артта қалудан арылуға талпынатын елдерді немесе аймақтарды қамтитын үрдіс. Модернизация (ағылшынша Modern — жаңарған, заманауи, ғылыми білімдердің тез дамуы) — жаңа талаптар мен нормаларға, техникалық шарттар мен сапа көрсеткіштеріне сай нысананы жаңарту, сәйкестендіру. Көбінесе машиналар, құрал-жабдықтар, технологиялық үрдіс модернизацияланады.

С.Н.Гавров бойынша, тарихи тұрғыдан алғанда модернизация ұғымы үш мағынада қарастырылады:

- еуропалық өрлеу дәуіріне қатысты Батыс Европа және Солтүстік Америка елдерінің ішкі дамуы;

- қуып жету үшін жүргізілетін модернизация, бірінші топтағы елдердің қатарына енбейтін елдерде жүреді;

- алдыңғы қатарлы дамыған елдердің эволюциялық даму үрдісі ретіндепостиндустриалды қоғамға өту үшін жүргізілетін реформалар мен инновациялар[119]. Яғни, модернизация – қоғамдық жүйенің дамуын жеделдету үшін жартылай немесе толық қайта құру үрдісі. Модернизацияның қорытындылары мен мазмұны әлемнің болашақ бағыты мен қалыптасу қисынын анықтайды. Өз кезегінде, қарқынды жаһандану модернизациялық үрдістің классикалық үлгісінің бейнесін өзгерте отырып, оған елеулі өзгертулер енгізуде.

Кез-келген модернизация үш келелі мәселені шешуді қажет етеді:

1) даму моделін таңдап алу;

2) ескіден жаңаға көшіп прогреске жету үшін әлеуметтік ұтқырлықтың болуы;

3) экономикалық дамудың арқасында өмір сүру деңгейі мен сапасының көтерілуі.

Біздің ойымызша, жоғарыда аталған мәселелерді шешу үшін келесі міндеттер қойылады:

- дәуірдің даму деңгейіне шығу;

- мемлекеттің толық, мәдени және технологиялық, тәуелсіздігіне қол жеткізу;

- демократиялық қоғам құру;

- тұлғаның өз мүмкіншіліктері мен қабілеттерін толық ашуға мүмкіндік жасау;

- прогресті қамтамасыз ететін материалдық-техникалық база, іске асыру механизмін қалыптастыру;

- қоғамның әлеуметтік құрылымын өзгерту, қоғамының алдыға қарай дамуын қамтамасыз ететін тап қалыптастыру.

Қазақстандағы көпдеңгейлі білім берудің дамуы құзыреттіліктердің кең спектрімен қаруланған және өзін-өзі дамыта алатын жоғары мектептің оңтайлы түлектерін даярлау үшін біртұтас білім беру кеңістігін әлемдік тенденциялар мен Болон келісімінің идеяларының таралуымен байланысты.

Қазақстандағы жоғары педагогикалық білім беруді модернизациялауды пән ретінде ғылыми зерттеу барысында түрлі аспектілер ашылды: педагогикалық білім беруді жобалаудың жаңа әдіснамалық ұстанымдарын ұсыну (гуманистік, тұлғаға бағытталған, құзыреттілік, полимәдени), сапалы маман даярлаудың механизмдерімен қамтамасыз ету (ғылыми-әдістемелік, сапаны басқару, сапаны мониторлау, сапаны өлшеу), мемлекеттің білім беру саясаты және оны білім берудің гуманистік парадигмасы контекстінде дамыту.

Заманауи білім беруді модернизациялау бағыттарының бірі Болон келісімінің халықаралық талаптарына сай болып, еуропалық білім беру кеңістігіне ену үшін мамандарды даярлаудың көпдеңгейлі моделіне, яғни бакалавриат-магистратура- PhD докторантураға көшу болып табылады. Бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың көпдеңгейлі моделі ұлттық білім үлгісінің негізгі бағыты — адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, психикалық дамуына мән беру, сол арқылы оның рухани жан-дүниесінің баюына, саяси көзқарасының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау. Яғни, XXI ғасырдың болашақ бастауыш сынып мұғалімі – жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдардан хабардар, рухани бай, ұлтшыл, кәсіби маман, оқушылармен тиімді қарым-қатынас жасайтын, олардың пікірімен санасатын, кез келген жағдайдан шыға алатын, жауапкершілігі мол, қоғамда алатын орны мен атқаратын рөлі бар, қайталанбайтын дара тұлға. Ал мұның бірден-бір жолы – жоғары білім алу, өйткені жоғары білім – үздіксіз білім беру жүйесінің шешуші тетігі. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімін маман ретінде ғана қарамай, қоғам мүшесі, азамат, жеке тұлға, келешектің тірегі ретінде тану қажет. Ұлттық үлгідегі жаңа парадигманың негізгі бір мәселесі – білім алушыларға іргелі, жүйелі білім беру. Іргелі білім берудің міндеті – болашақ бастауыш сынып мұғалімін ғылыми ойлауға, қоршаған ортаны қабылдаудың әдіс-тәсілдерін білуге, өзін-өзі дамытуға, өмір сүру барысында білім алуға түрткі болып, іштей қажеттілігі мен қызығушылығын туғызу.

Болашақ бастауыш сынып мұғаліміне білім берудің мазмұны жаңа ақпаратты қабылдау, өңдеу жолдарының дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарықтық экономика жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен кеңею үстінде. Атап айтқанда:

-есте сақтағанын қайта жаңғыртуға негізделген білім алудан, алған білімін пайдалана отырып, ойлауын дамытатын білім алуға көшу;

-білімнің статистикалық түрінен динамикалық жүйесіне көшу;

-оқушыға орташа деңгейде білім беретін бағдарламадан дифференциалды оқыту бағдарламасына көшу.

Білім беру саласындағы өзгерістер жаһандану барысында міндетті түрде болатын жағымсыз әсерлерге қарсы жасампаз, дамушы өзгерістерді қарсы қою мақсатымен туындап отыр. Қазақстан Республикасының заманауи жоғары педагогикалық білім беру саласы өзінің басым бағыттарын тек қазіргі өзекті мәселелермен ғана шектеп қоймай, қоғамның ұзақ мерзімді сұраныстарына сай анықтауда. Сондықтан жоғары педагогикалық білім беруді реформалау мен модернизациялау болашақ бастауыш сынып мұғалімінің рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға байланысты мәселелерді басты орынға қойып отыр.Қазақстан Республикасының жоғары педагогикалық білім беру жүйесі ашық әлеуметтік, саяси, экономикалық, мәдени өзгерістерден тұруы керек.

Осыған орай жоғары білім беру мазмұнын модернизациялаудың факторлары ретінде келесілерді атап өтеміз:

1.«Қазақстан-2030» стратегиясына сай нарықтық экономикаға негізделген тұрақты дамитын елдер қатарына қосылуы;

2.Қазақстан Республикасының инновациялық-индустриялық бағытта қарқынды дамуы;

3.Республикамыздың дамыған алдыңғы қатардағы елу елдің қатарына енуі;

4.Жаңа сапалы жоғары кәсіби білім беруді жолға қоюы;

5.Жоғары кәсіби білім берудің инфрақұрылымын кеңейтуі.

Жоғары педагогикалық білім беру мазмұнын модернизациялаудың негізгі мақсаты – білім беру мазмұнының әлеуметтік бағытталуына қол жеткізу, білім берудің сапасын бақылау құралдарын жетілдіру, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық іс-әрекетке өзін-өзі жұмылдыруын, бәсекелестікке қабілеттілігін дамыту. Осыған орай, жоғары педагогикалық білім беруді модернизациялаудың міндеттері төмендегідей болып табылады:

1) педагогикалық білім беру сатыларының (бакалавриат-магистратура-докторантура) біріздiлігі мен практикаға бағытталуын қамтамасыз ететін мемлекеттік жоғары білім беру стандарттары мен тұжырымдамаларына түзетулер мен қосымшалар енгізу, жаңарту;

2) қоғамның сұранысы мен қажеттілігіне сай жоғары педагогикалық білім берудің басты бейіндік бағыттарын анықтау;

3) жоғары педагогикалық білім берудің көкейкесті мәселелерін анықтап, оларды шешуге бағытталған білім беру бағдарламаларын жасау;

4) болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау үшін заманауи электрондық оқулықтар мен әдістемелік оқу құралдарын дайындау, оларды экспертизадан өткізу, практикаға енгізу;

5) болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқыту үрдісіне жаңа технологияларды енгізу;

6) болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқыту үрдісіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу арқылы оларды АКТ мүмкіндіктерін толық пайдалануға машықтандыру;

7) болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің мектеп ұжымына тиімді әлеуметтенуіне жағдай жасау.

Модернизация, яғни, өткен ғасырдан жаңа ғасырға өту үрдісі, тек қана жаңа сападағы білімді ғана емес, сонымен қатар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін заман талабына сай жаңалықтарды мектеп өміріне ұтқыр енгізе білетіндей қылып даярлауды талап етеді. Жоғары педагогикалық білім беруді модернизациялау барысында біз бұл мәселені тез шешуге көмектесетін жағдайларды да естен шығармағанымыз жөн, ол жоғары педагогикалық оқу орындарындағы ғылыми әлеуеті – оқытушылық-профессорлық құрам. Жоғары мектепті модернизациялаудың қазіргі кезеңінде, ең бастысы, осы ғылыми әлеуеті елімізді өзгертудің ғылыми, мәдени, саяси бағыттарына да кіріктірілгені жөн.

Заманауи жоғары педагогикалық кәсіби білім беру жүйесі бәсекеге түсе алатын болу үшін басқа білім беру жүйелерімен салыстырғанда әлеуметтік сұранысқа ие білім беру өнімін ұсыну қажет болып отыр, ол үшін білім беру бағдарламасын жоғары педагогикалық оқу орнының құрылымдық, ұйымдастырушылық және функционалдық қатынастарын тиімді пайдалана білу арқылы инновациялық жобалар мен білім беру бағдарламаларын ұсыну және жаңашыл педагогтармен зерттеушілерді қолдану арқылы жетуге болады. Бұл жоғары педагогикалық білім беруді модернизациялаудағы қарама-қайшылықтарды жеңу нарықтық экономика жағдайында білім беру ұсыныстарын жетілдіру барысында инновациялық іс-әрекетті тиімді ұйымдастыру арқылы осы саладағы көшбасшы болу арқылы шешіледі. Жоғары педагогикалық кәсіби білім беруді модернизациялаудағы басым бағыт әлеуметтік-саяси фактор мемлекеттік саясатты іске асырудағы эталон - бәсекеге қабілеттілік- болып табылады. Осыған орай жоғары педагогикалық кәсіби білім берудегі инновациялық-стратегиялық саяси бағыттар жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігіне ерекше талаптар қояды:

- ұлттық білім беру кеңістігіндегі инновациялық басым бағыттар отандық білім беру жүйесін дүниежүзілік стандарттар мен жетістіктерге сәйкестендіруге бағытталуы;

- жоғары педагогикалық кәсіби білім беру деңгейіндегі инновациялық басым бағыттар қоғамның жаңа формациядағы – белсенді әлеуметтік-құнды азаматтық позициясы бар, кәсіби құзыретті, шығармашылықпен ойлайтын, тәні және жаны сау – тұлға қалыптастыру қажеттілігін қанағаттандыруға;

- жеке жоғары оқу орны деңгейіндегіинновациялық басым бағыттар оның нарықтық экономика жағдайындағы білім беруді жоғары бәсекеге қабілеттілігін сақтауға қажет ресурстық әлеуетін қалыптастыруға және мемлекеттің білім беру саясатын іс жүзінде іске асыруға бағытталуы.

Сонымен қатар, жоғары педагогикалық білім берудің бәсекеге қабілеттілігінің заманауи жағдайын одан әрі дамыту үшін оның шындықтағы табиғи жағдайын ескеру өте маңызды. Біздің жүргізген зерттеуіміздің ауқымында бәсекеге қабілетті жоғары педагогикалық білім берудің пайда болуы, қалыптасуы және жүзеге асуы ұлттық білім беру жобаларынан мықты

мемлекеттік білім беру саясатына көшумен, білім беру әлеуетінің рөлін көтеру және әлеуметтік-инновациялық қызметін іске асырумен, жеке адам мен ұлттың білімі, білімділік әлеуетін тек қана экономикалық емес, сонымен бірге тұлғаның, отбасының, аймақтың, өңірдің, мемлекеттің негізгі өмірлік капиталына айналдыру, мемлекеттік деңгейде жоғары педагогикалық білім берудің басымдылығын мойындаумен себеп-салдарлы байланыстылығын анықтадық. Талдауымыздың нәтижесінде бәсекеге қабілеттіліктің келесі әлеуметтік-саяси ерекшеліктері анықталды:

-білім беру кеңістігіндегі өзінің ешкімге ұқсамайтын ерекшелігін анықтай білу;

-қоғамның және мемлекеттің қажеттіліктеріне сай жоғары педагогикалық білім беретін оқу орнының бәсекеге қабілеттілігін өзектілендірудің ерекшелігі;

-жоғары оқу орнының стратегиясының анықтығы және оны іске асырудағы инновациялық іс-әрекет;

-технологиялық негізді құрастырудағы инновациялық және оны іске асыруға тиімді күштер мен құралдарды пайдалана білу.

Бірақ педагогикалық жоғары оқу орындарының ерекшеліктерін қолдау үшін, ең алдымен ел ішіндегі жоғары педагогикалық оқу орындары арасындағы жағымды бәсекелестікті жүзеге асыратын атмосфера қалыптастыратын кәсіби педагогикалық білім беру саясатын іске асыратын тиімді механизмдер қажет, жоғары оқу орындарының мен оқу бағдарламаларыныңкөп түрлілігін, диверсификацияны қолдайтын барлық жоғары оқу орындарына бірдей қойылатын талаптар шарт, сонымен қатар, жоғары педагогикалық оқу орындарының өзінің білім беру іс-әрекетін бағалайтын әділ және объективті механизм ұсыну, бизнес, ғылым және білім беруді кіріктіру керек болып отыр.

Жоғары педагогикалық білім беру саясатын жүзеге асырудың тиімді механизмі болып жоғары білімді педагогтардың нарықтық қажеттілігін болжамдай білу табылады.Бірақ, біздің қоғамымыздың заманауи экономикалық, әлеуметтік-саяси,нарықтық еңбек жағдайында белгілі саланың дамуын, ел мен аймақтың нақты қандай мамандарға мұқтаж болатындығын ұзақ уақытқа болжамдау қиын соғады. Мұндай жағдайда тиімді болып білім беруді басқару ұйымы мен жоғары педагогикалық оқу орындары деңгейінде 2-3 жылға болжамдау тиімді болып табылады. Бұл болжамдық модель білім беруді басқару ұйымдары мен жоғары оқу орындарының, мектептердің серіктестігі механизмін одан әрі жетілдіру, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың сапасын көтеру үшін жағдай жасауды іске асыруды қажет етеді.

Мемлекетіміздің жоғары білім беру саласындағы стратегиялық мақсаты – экономиканың инновациялық дамуына сай келетін, қоғам мен тұлғаның заманауи талаптарына сай қол жетімді сапалы жоғары білім беру.

Бірінші міндет – негізгі білім берудің инновациялық сипатын қамтамасыз ету.

Екінші міндет – білім беру институтын әлеуметтік даму құралы ретінде модернизациялау.

Үшінші міндет – замануи үздіксіз білім беретін жүйе қалыптастыру.

Төртінші міндет – білім берудің сапасын бағалау механизмін қалыптастыру, халықаралық салыстырмалық зерттеулерге қатысу.

Осы міндеттерге сай келесі *бағыттар* бөлініп алынды:

-жоғары педагогикалық білім берудегі ғылымға негізделген саясат;

-жоғары педагогикалық білім берудегі әлеуметтік бағытталған саясат;

-жоғары педагогикалық білім берудегі инновацияға бағытталған саясат;

-жоғары педагогикалық білім берудің сапасына бағытталған саясат;

-жоғары педагогикалық білім берудегі профессорлық-оқытушылық құрамның сапасына бағытталған саясат;

-жоғары педагогикалық білім берудегі кіріктіруге бағытталған саясат;

-жоғары педагогикалық білім берудің адамзаттық құндылықтарға бағытталуы.

*Іске асыру механизмдері:*

-нормативтік-құқықтық;

-ұйымдастырушылық;

-қаржылық-экономикалық;

-жоғары педагогикалық білім берудегі мемлекеттің саяси имиджі;

-этноұлттық;

-маркетингтік;

-әлеуметтік-саяси мониторинг;

-ақпараттық-желілік;

-жүйелі білім беру кешендерін құру;

-инновацияларды нақты бағытталған түрде енгізу.

Жоғары педагогикалық білім берудегі мемлекеттің саясатының нәтижесі ретінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің, жоғары оқу орнының профессорлық-оқытушылық құрамының, жұмыс берушінің, жоғары оқу орнының, мемлекеттің мұқтаждығын қанағаттандыру алға шығады.

Осылайша, заманауи талаптарға сай жоғары педагогикалық оқу орындарын дамытудың басым бағыттарын болашақ бастауыш мектеп мұғалімін экономикалық реформалардың жағымсыз әсерлерінен қорғайтын, отандық педагогикалық жоғары білімнің дәрежесін көтеретін, жоғары педагогикалық оқу орындарының республикада ғана емес, халықаралық білім беру кеңістігінде де бәсекеге қабілеттілігіне жағдай жасау сияқты бағыттар басым болатындығы анық.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың көпдеңгейлі жүйесіне көшуге байланысты соңғы мемлекеттік жоғары білім беру стандарттары бакалавриат деңгейінде жоғары білім берудің тиімділігін, магистратура деңгейінде қажетті мамандандырулар мен сапалы даярлықты қамтамасыз етуге бағытталған. Осы тұрғыда «сапа», «білім беру сапасы», «сапалы даярлық» ұғымдарына тоқтала кетейік. «Сапа» ұғымы өнім, еңбек, қызмет көрсету, денсаулық, білім беру, мәдениет, қоршаған ортадан бастап адам өмірінің сапасына дейінгі аралықты қамтиды. С.Е.Шишов пен В.А.Кальней «Сапа – нақты қажеттілікті қанағаттандыратын барлық

сипаттамалардың жиынтығын анықтайтын норма»– деген анықтама береді [120].

Ғылыми зерттеулерде «сапа» ұғымына әртүрлі анықтамалар берілген:

- сапа – мақсатқа сәйкестік;
- сапа – сұранысты қанағаттандыру;
- сапа – бақылау құралы;
- сапа – үрдісті жетілдіру әдісі.

К.Акишев пен Г.Дарибаева бойынша, сапа болжамалы қажеттілікті қамтамасыз етуге сәйкес қажеттіліктер жиынтығы. Ол үш элементті қамтиды: объект, қажеттілік, көрсеткіштер. Сапа ұғымының мәнін түсіну үшін осы элементтерді талдау қажет. Объект ретінде өнім, қызмет көрсету, мекеме, жеке тұлға, процесс, іс-қимылдар немесе олардың сан түрлі қиыстыруларын қабылдауға болады. Соңғы кезде шетелдерде де, біздің елімізде де тұтынушылардың мүддесі мен құқығын қорғау мәселесін өмір сапасы тұрғысынан қарастырады. Бұл ұғым адамның қажеттілігін қамтамасыз етудің көптеген жағдайларын қамтиды: тауар мен қызмет көрсету сапасын, қоршаған ортаны қорғау, адамның денсаулығын сақтау, білім беру сапасын және т.б. Сапаның екінші элементі – қажеттілік. Қажеттілік сатылы түрде болады. Оның төменгі сатысында физиологиялық қажеттіліктер жатса, жоғарғы сатысында эстетикалық, шығармашылыққа мұқтаждық жатады. Бүгінгі күнде ішкі, әсіресе, сыртқы рынокта бәсекеге түсу үшін тұтынушылардың бағалауларындағы өзгерістерді уақытында болжап, келешектегі қажеттілікті біліп отыру керек. Сапаның үшінші элементі – көрсеткіштер. Көрсеткіштер сапалық және сандық болып екіге бөлінеді. Сапалық көрсеткіштер материалдың түсі, бұйымның түрі т.б. сандық көрсеткіштер тауарды қолдану шеңбері мен жағдайын анықтау және сапаны бағалау үшін қолданылады. Сапа көрсеткіші - тауар сапасына жататын бір немесе бірнеше қасиеттердің сандық сипаттамасы.Сапа көрсеткіші тауардың қажеттілікті қамтамасыз ету мүмкіндігін сандық көрсеткіштермен сипаттайды[84,б. 73].

«Білім беру, оқыту барысындағы басты мақсатыңыз не?» – деген сұраққа кез келген бастауыш сынып мұғалімі «сапалы білім беру» деп жауап береді. Бірақ «Білім беру сапасы деген не және оны қалай анықтайды?» – деген сұраққа жауап таба алмай, ойланып қалады. Демек, оқушыларға сапалы білім беру үшін болашақ бастауыш сынып мұғалімі білім мазмұнына не кіретінін, оның қандай сапалық қасиеттері болатынын және оны қалай анықтайтынын білуі тиіс. Содан кейін, білімнің қай сапасы қандай жолмен тиімді бағаланатынын білуі керек.

Сапалы білім беру дегеніміз – ғылыми негізделген жүйелі бағдарлама бойынша теориялық, практикалық іске қабілетті жан-жақты тұлға тәрбиелеу болып табылады. Білім беру сапасы – қоғамдағы білім беру үрдісінің жағдайын, нәтижесін, жеке тұлғаның кәсіби қалыптасуын және даму болашағын, қажеттілігін анықтайтын әлеуметік категория[121].

Ал, білім беру сапасына келсек, біз білім сапасын ағымдағы оқу жылындағы «жақсы», «өте жақсы» деген бағалардың пайыздық көрсеткіштерімен өлшеп келдік. С.Е.Шишов пен В.А.Кальней: «Білім беру

сапасы – бұл білім беру үрдісіне қатысушылардың білім беру мекемелеренің қызметіне қанағаттану дәрежесі»– деп пайымдайды [120,б. 45]. Түйіндей кетсек, жоғары педагогикалық білім берудің сапасын жұмыс берушілер анықтайды.

Жоғары педагогикалық білім берудегі мақсат – болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлаудың сапасын дүниежүзілік стандарттар деңгейіне көтеру. Ал, дүниежүзінде «сапа» ұғымы КСО 9000:2000 халықаралық стандарт сапасына сәйкестікпен анықталады, ал біздің алдымызда осы стандартқа сай болу үшін мектептің материалдық-техникалық базасын заманауи құралдармен жабдықтау, оқу бағдарламалары мен оқулықтарды жаңарту, жаңа оқу-әдістемелік кешендерді ұсыну және қолдану міндеті тұр. Осыған орай білім беру жүйесіне 2020 жылға дейін халықаралық PISA, TIMSS, PIRLS, ADVANCED бағдарламалары енгізілмек.

Заманауи қоғам мен мемлекеттің дамуының негізгі құралы білім беру, ал оның дамуына үлес қосатын педагогтар қауымы. Қазіргі жағдайда сапалы білім беруге жету, әсіресе білімнің сапасын халықаралық деңгейге жеткізу үшін, ең бірінші педагогтардың, соның ішінде бастауыш сынып мұғалімдерінің, кәсіби даярлығының жоғары деңгейі қажет. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығының жоғары деңгейі келесі көрсеткіштермен өлшенеді:

-оқытудың электрондық әдістемелерін, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жетік білу;

-басқару менеджментін білім беру үдерісінде қолдануы;

-бірнеше тілді білуі, кем дегенде үш тіл;

- өмір сүру мен қарым-қатынас этикетін меңгеруі;

-педагогикалық парадигмалар өзгерген кезде кәсіби құзыретті болу;

-білім беру үдерісіне сапа менеджментін енгізу;

-ақпараттық, коммуникативтік және интеллектуалдық әлеуетін жетілдіріп отыру;

-өмір сүру барысында үздіксіз білімін жетілдіру, өз жеке басының мүмкіншіліктері мен қабілеттерін шығармашылықпен өмірде қолдану[114, б. 47]. Осыған орай, қазіргі таңда жоғары педагогикалық білім берудің алдында Қазақстанның дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кірігуіне байланысты міндеттер тұрғандықтан бакалавриат пен магистратура деңгейінде білім беру қызметінің экспортының ауқымын кеңейтуге мүмкіндік бар деп пайымдаймыз.

Білім мен ақпараттың маңызы артқан қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізі болып табылады. Заманауи қазақстандық білім беру жүйесі іргелілік және сапалылық қағидаларына сүйене отыра, нарық заңдылықтары негізінде пәрменді алға басу үстінде.

Білім беру жүйесін модернизациялау, жаңарту барысында тоқтаусыз жүргізіліп жатқан жұмыстардың тиімділігін, білім беру жүйесінің барлық деңгейлеріндегі оқыту нәтижелерін нақтылау тек Қазақстанда ғана маңызды емес, батыстың алдыңғы қатарлы дамыған елдерінде де көкейкесті мәселе болып отыр. Л.Л.Любимовтың пайымдауынша, бұл заманауи экономиканың

нарықтық жолға түсуінен туған заңдылық: «Ғасырлар бойы экономикалық даму жер байлығына, өндірістік факторлар ретіндегі еңбек пен капиталдың өсуіне байланысты болып келсе, өткен ғасырдың аяғына қарай экономикалық факторлар қатарында технологиялық прогресс қарқындап өскендігі белгілі. Ал, жаңа ғасырдың басы мен алғашқы жылдарына тән экономиканың жаңа түрі – «инновациялық экономика» ұғымы қалыптасуда» [122]. Қорыта кетсек, аталған дәстүрлі факторларға мән берілмей, инновациялық үрдіспен бірге еніп келе жатқан білімділікке, құзыреттілікке сұраныс нарықтық экономикажағдайындағы фактор ретінде қалыптасуда. Бұл экономика, Н.Назарбаев атап өткендей, парасатты экономика деп аталады.

Заманауи нарықтық экономиканың қатаң талаптары қай салада болса да маманның құзыреттілігін, кәсібилігін, қоршаған ортаның өзгермелі жағдайларына бейімделгіштігін өз білімін қажеттілікке орай жетілдіріп отыруды талап етеді.

Қазіргі таңда алған білімінің негізінде бір қызмет атқарып отыратын бастауыш сынып мұғалімі болу жеткіліксіз, өйткені, білім үнемі өзгеру үстінде, барлық кезеңде де қолдануға болатын білім жиынтығын үйрету, меңгерту мүмкін емес. Сондықтан заманауи бастауыш сынып мұғалімі өзінде бар білімімен қоса жаңа ақпаратты пайдалана отырып, қажет болған жағдайда бүгінгі күн талабына сай білімін үнемі жетілдіріп отыруы тиіс. Сөйтіп, бастауыш сынып мұғалімін ақпаратты өздігінше жинап, оны өңдеп, талдап сосын өз біліміне айналдыра білуге үйрету ғана қажет емес, сонымен қатар, өзіне керек білімді өзі анықтай білуге даярлау негізгі мәселе болыпотыр.

Кәсіби-педагогикалық құзыретті бастауыш сынып мұғалімін қалыптастыру қажеттілігі білім берудің мазмұнын өзгертуді, білімді тасымалдау негізінде ғана емес, білім алу жолдарын меңгертудің негізінде жүзеге асырудың маңыздылығы алдыңғы қатарға шығып отыр. Яғни, болашақ бастауыш сынып мұғалімі қоғамдағы өз орнын анықтай алуы, өзіне қажетті білім алатын ортаны, білім мазмұны мен қажет пәндерді таңдай білуі тиіс. Осыған орай, оқытудың сипаты да өзгеріп, оны негізінен білім алушылардың өздерін ұйымдастыруға бағыттау қажеттігі туындайды.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің нәтижелі де табысты еңбек етуі төмендегі факторлармен тығыз байланысты:

1) бүгінгі таңда білім беру түрлері көбейіп, өздігіншебілім алушыларға мол мүмкіндік туып отыр;

2) білім алу кеңістігінде өз бағытынанықтап, өздігінен білім ала білу;

3) тұлға ретінде өзіндік қызығушылықтары мен қажеттіліктері, түрлі мотивтері болуы;

4) жұмыс істейтін орнында үнемі даму үстінде болуына жағдай жасалуы.

Еңбек орнында нәтижелі болу факторларын іске асыру үшін болашақ бастауыш мектеп мұғаліміне келесі сапалар қажет:

1) жалпы ғылым негіздерін білу, өзіне қажетті ақпаратты таңдап ала білу дағдылары;

2) өзіне қажетті ғылым негіздерін сапалы және тез игеру;

3) меңгерген дағдыларын жаңа жағдайда пайдалана алуы.

Елбасымыз алдымызға қойып отырған парасатты экономикаға қызмет ететін жаңа сипаттағы адами капиталдың қалыптасуы қоғамымыздың заманауи сұраныстарынан туындап отыр. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне білім беру жүйесі төмендегі сұраныстарды қанағаттандыруы қажет:

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдері білім берудің жоғары стандарттарын меңгеруі шарт;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдері қажетті ақпаратты сұрыптап ала білуге және қарым-қатынаста өзінің пікірін еркін білдіре алуы тиіс;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдері үнемі өз білімін жетілдіріп және жаңа дағдыларқалыптастырып отыруға машықтанған болуы керек.

Қорыта айтқанда, заманауи білім беру нәтижесіне қойылатын талаптар дәстүрлі білім, іскерлік, дағдыларды қалыптастырудан жоғары, бірақ олардың маңызын жоққа шығармайды. Білім, іскерлік, дағдыларға негізделген білім берудің нәтижелері мен жаңа нарықтық экономиканың қажеттіліктері арасындағы қарама-қайшылық анық байқалады. Заманауи қоғам талабы білім беру нәтижесі ретінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің құзыреттілігі мен адами құндылықтықтарын нарықтық экономиканың сипатына сай анықтап отыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11-бабының 9-тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған[121,б. 18]. Заманауи білім беру жүйесінің ерекшілігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуға, үздіксіз өз білімін жетілдіруге қажеттілік тудыру. Білім беру саласындағы инновациялық үрдісті жүзеге асыру болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінен өз мінез – құлықтарын, ұстанымдарын, мүмкіндіктерін жан-жақты іске асыруды талап етеді.

Оқытудың ауқымды және жергілікті жүйелерін ойдағыдай пайдалана білудің нәтижесінде білімнің базалық және деректердің банкілік мәліметтеріне, клиент – сервер, мультимедиа, компьютерді оқып үйренуші жүйелерге, электрондық оқулықтарға, оқу-әдістемелік материалдарға, қашықтықтан оқыту жүйесінің технологиясымен үйлесімді болып келетін, алдағы уақытта оқыту тәсілдерінің ішінде кең тараған бес аспап әрі өміршең түрлері бола алатындай жайлы оқулықтарға, бағдарламаларға еркін кіруге болады.

Білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі бағыты XXI ғасырдың талаптарына сәйкес қоғамды дамытудың жоғары тиімділікті технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру бағыты жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, қашықтықтан оқыту, дара тұлғаға бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігімен жоғарылатуды көздейді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау деңгейінде инновациялық бағыттар қоғам қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағдарланған жаңа формациядағы тұлға қалыптастыруға бағытталған. Заманауи білім беру жүйесінде маңызды мәселелердің бірі–оқу үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, білім беру жүйесіне бірыңғай ақпараттық-коммуникациялық кеңістікті енгізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білім берудің сапасын арттыру, білім беру үрдісін модернизациялаудың тиімді тәсілдерін пайдалану және жетілдіру, ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық құзіреттіліктерін қалыптастыру. Заман талабына сай ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалана білу болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінекіші мектеп жасындағы балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік беретіндігі анық, өйткені оқушылардың ақпараттық құзыреттілігі мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру бүгінгі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең өзекті мәселелердің бірі. Оқытушы сабағында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оның тиімділігін жүйелі түрде көрсете біледі.

Қоғамның ақпараттандыру үдерісі қарқынды дамуымен байланысты соңғы онжылдықта ақпараттық-коммуникациялық технологиялар екпінді өсуде. Қоғамның ақпараттандыруы деген жаңа есептеу технологиялар мен ақпараттарды жіберу құралдары негізінде ақпаратты алу, жинақтау, өндеу және сақтау әдістерінің жаппай ендірілуі болып саналады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар адам қызметінің барлық салаларына енуімен қоса күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігі болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдарын пайдалану әртүрлі ақпараттың түрлерімен жұмыс істеу үдерісін тездетеді және жеңілдетеді.

Үлкен көлемді ақпараттармен жұмыс істеу мақсатында оқушылардың логикалық, алгоритмдік, жүйелік және сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін қалыптастыруына және дамуына ықпал етеді.

Қазіргі таңда білім беру жүйесіндегі қашықтықтан оқыту тәсілімен оқытатын оқытушыларға және осы істе мүдделі басқа да адамдарға бірнеше талаптар қойылады:

- оқытушы компьютермен жоғары дәрежеде сауатты жұмыс істей білуі қажет.

- қашықтықтан оқытудағы мақсаттары мен міндеттері, оның алдағы уақытта ақпараттық технология және коммуникация құралдарының негізінде дамуы туралы білуі қажет.

- қашықтықтан оқыту технологиясын жетік білетін, білім саласындағы қызметкерлерді, оқушыларды таныстыра білуі қажет.

- оқытушының ақпараттық құралдармен жұмыс істеуге іс жүзінде дағдылануы қажет.

- оқытудың телекоммуникациялық құралдарын қолдану ісіне дағдылануын қалыптастыру, атап айтқанда: тұтынушылар арасында ақпараттар алмастыру және ақпараттық жүйелердегі ресурстарды пайдалануға дағдылануын қалыптастыруы қажет.

- жинақталған түрде оқу бағдарламасын құрайтын белгілі бір тәртіптегі модульдік курстардың әдістемелерін баяндай және курстарды өткізуді ұйымдастыра білуі қажет.

- оқу үрдісін қашықтықтан оқыту шеңберінде жүргізу ісіне жан-жақты даярлау, қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша сабақ өткізу үрдісінде үйлестіруші болуы қажет[123].

Бүгінгі таңда ақпараттық қамтамасыз ету жүйесіне баса мән бермейінше, білім берудің ақпараттық технологияларын, дәлірек айтқанда, электрондық оқулық және бейнефильмдерді, басқа да электрондық басылымдарды қашықтықтан оқытудың спутниктік арнасы арқылы ендірмейінше, кез-келген әлеуметтік-экономикалық саланың алға басуы мүмкін емес.

Республикалық білім беруді ақпараттандырудың ғылыми-әдістемелік орталығы ақпараттық қарым-қатынастық технологиялардың білім берудегі педагогикалық мүмкіндіктерін зерттеу жолында ЮНЕСКО институтының тірек нүктесіне жатады және онымен бірге қашықтықтан оқытудың спутниктік каналын ендірудің жобасын жүзеге асыруда.

Ақпараттық коммуникациялық технологияларды бастауыш сыныптардын оқушыларына қолданудың мақсаты оқушыларды нақты объектілер мен үдерістердің ақпараттық модельдерін түрлендіру, құру және қолдану. Сонымен қатар, басқа да оқу пәндерін оқыту үшін оқушыларды ақпараттық-коммуникациялық құралдарымен жұмыс істеу дағдыларымен, біліктерімен және базалық білімменқамтамасыз ету.

АКТ-ның негізгі мақсаты – оқушыны қазіргі қоғам сұранысына сай, өзінің өмірлік іс-әрекетінде дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдаланатын жан-жақты етіп тәрбиелеу. Білім беруде АКТ-ны пайдалану мен оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай АКТ-ны, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. АКТ-ны сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Сонымен қатар, АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында бастауыш сынып оқушыларының оқуға, білім алуға деген ұмтылысының артуы АКТ құралдарымен жұмыс істей алу жаңалығымен ғана емес, сонымен берілетін оқу тапсырмаларын қиындық деңгейі бойынша реттей алу мүмкіндігінен, тапсырманың дұрыс нәтижесі үшін марапаттай алу қызметінен де байқалады. Заманауи АКТ құралдарымен жұмыс істеу оқушыларды ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар аудара білуге баулиды, сондай-ақ, АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында оқушылардың өзінің жеке іс-әрекетін дұрыс жоспарлауға, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді.

Оқушылардың ақпаратты теледидар, компьютер және техникалық құралдардың көмегімен жақсы қабылдайтынын жақсы білеміз[124].

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалану – оқытудың тиімді әдістерінің бірі. Заманауи жоғары педагогикалық білім берудің алдында тұрған тағы да бір келелі мәселе – «білім беру» мен «білім алу» бизнес пе, әлде рухани-адамгершілік сапа ма деген сұраққа нақты жауап алу. Ресми түрде қабылданған шешім болмағандықтан жоғары педагогикалық оқу орындарында жоғары рухани-адамгершілік туралы көп айтылады, ал оны бітіріп шыққан түлектер өмірде прагматикалық, рационалдық жағдайға тап болады. Нәтижесінде жоғары мектеп қабырғасында айтылған мәселелерге өмірдегі жағдай қарама-қайшы келеді.

Сондықтан, егер біз нарықтық экономикаға сүйенген мемлекет құрып жатсақ, онда білім де, білім беруде – бизнес. Бизнес дегеніміз – мекеме, оның өмір сүруінің де, құрып кетуінің де маңызды факторы – қызметкерлердің кәсіби квалификациясы мен құзыреттілігі. Бірақ, білім адамның арнайы, ерекше ресурсы болып табылатындықтан, білімді кітаптан таба алмайсыз, кітаптан тек ақпарат ала аласыз. Білім дегеніміз – ақпаратты нақты бір іс-әрекет саласында қолдана білу. Тек бірдеңені білу үшін ғана жинақталған білімнің пайдасы жоқ, ал егер ол адамның өміріне үлес қосса, нәтиже әкелсе онда ол тиімді болып табылады. Осылайша, білім – бизнес. Ал, Қазақстанда білім бизнес болып есептеле ме? Жоқ. Міне, осы жағдай біздің оңға, солға ауытқып, қалай қарай жүрерімізді айқындап ала алмай, тосып, алдын алатын шаралар қолдана алмай жүргеніміздің бірден-бір себебі. Біз бір аяғымызбен нарықтық экономикаға қадамдасақ, екінші аяғымыз әлі бұрынғы білім беруде жатыр. Осы жағдай жоғары педагогикалық білім беруді реформалау мен модернизациялауды артқа тартуда. Кеңес үкіметінен мұра болып қалған жоғары білім алсам болды, бәрі өзінен-өзі болады деген психологиядан әлі арыла алмай келеміз.

Көптеген жоғары педагогикалық оқу орындарын бітіруші түлектер өз тараптарынан ештеңе жасамаса да жұмыс орны табылатынына сенімі мол, сондықтан өздерінің білімдерін жетілдіру, жеке бастарын дамыту, құзыреттіліктерін асыру үшін ешқандай әрекет жасамайды. Ал, білім бизнес болса, онда құр білім алу ештеңені шешпейді, оны түрлі технологиялармен толықтыру қажет. Технология – бұл білімді жұмыс барысында, өмірде қолдану, білімнің бір түрі. Білімнің бір түрін ғана қолданып нәтижеге, жетістікке жете беретін іс-әрекет түрі жоқ. Сондықтан қазір біздің идеалымыз қандай? Білім алу және қоғамға қазір қажетті болу үшін өзінің білімін үнемі жетілдіріп отыру. Сонымен, жоғары педагогикалық білім беруді модернизациялау дегеніміз– қалыптасқан дәстүрлер мен инновацияларды ептілікпен кіріктіру, қабыстыру, білім беруді сапалы түрде жаңарту.

Қорыта келе айтарымыз, жоғары педагогикалық білім беруді модернизациялау үшін келесі шаралар қажет:

1) нарықтық экономиканы саралап, талдау;

2) білім мазмұны мен білім беруді сараптау;

3) білім беруді маңыздылығына қарай қайта реттеу;

4) білімді тиімді пайдалану;

5) әлемдік стандарттарға сай болу;

6) білімнің прогрессивті болуы;

7) бар білімдерді жетілдіру және жаңа білімдерге деген мұқтаждықты қанағаттандыру;

8) білімнің барлық саласындағы алдыңғы қатарлы технологияларды қолдану, соның ішінде, бизнестегі де;

9) диагностикалық және болжамдық жұмыстар жүргізу.

Бүгінгі таңда Қазақстанның дүниежүзілік білім беру кеңестігіне ену барысында жалпы білім беру мәселесін қайта қарап, таптаурын әдіс-тәсілдерді инновациялық үрдістермен алмастыру арқылы білім сапасын арттыру маңыздылығы қажет болуда. Осы орайда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-педагогикалық даярлығын қалыптастыру үшін оқыту үдерісінде қолданылатын технологияларды терең талдаудан өткізіп, тиімдісін қолдану қажеттігі туындап отыр. Жоғары педагогикалық оқу орындарындағы оқыту технологиялары тек білім негіздерін беріп қана қоймайды,сонымен қатар білім алушыларды тұлға ретінде дамытуға бағытталған.

# 2 ЗЕРТТЕУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН КӘСІБИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДАЯРЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ МАЗМҰНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

## 2.1 Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлауды реформалаудың нормативтік-құқықтық базасы

Қазақстан Республикасы Білім туралы Заңында: жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламалары негізгі түрлері университет, академия, институт және оларға теңестірілгендер (консерватория, жоғары мектеп, жоғары училище) болып табылатын жоғары оқу орындарында іске асырылады, – деп көрсетілген [121,б. 18].

Білім беру саласындағы мемлекеттік реттеу білім алуға конституциялық құқықтарды іске асыруды қамтамасыз ететін жағдайларды жасауға және білім беру ұйымдары ұсынатын білім беру қызметтерін көрсетудің жоғары сапасын қамтамасыз етуге бағытталған.

Аталған заңда білім беру жүйесінің міндеттері төмендегідей айқындалған:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау.

2) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;

3) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту;

6) педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

7) білім беру ұйымдарының еріктілігін, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру;

8) қоғам мен экономиканың қажеттеріне жауап беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі;

9) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;

10) жалпы оқытудың, жұмыс орны бойынша оқытудың және еңбек нарығының қажеттері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге өзінің білімге негізделген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін өмір бойы дамыту;

11) білімнің, ғылымның және өндірістің интеграциясы;

12) білім алушылардың кәсіптік бағдарлануын қамтамасыз ету;

13) жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптестермен белсенді өзара іс-қимыл арқылы техникалық және кәсіптік білім берудің озық қарқынмен дамытылуын қамтамасыз ету болып табылады [121,б. 48].

Бүгінде осы міндеттерді жүзеге асырып отырған жоғары оқу орындарында бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлауда басшылыққа алынуда. Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлауды іске асырудамеңгерілетін тәжірибе қандай дегенге тоқталып, талдайтын болсақ, біріншісі – мамандыққа байланысты тәжірибе, екіншісі – адамзат атаулының әлеуметтік (эмоционалдық-адамгершілік) тәжірибесі. Мамандыққа байланысты тәжірибеге тоқталар болсақ, оған қажетті біліммен іскерлік дағдымен қаруландырады. Ал екіншісі адамзат атаулының әлеуметтік (эмоционалдық-адамгершілік) тәжірибесі оның өзінен бұрынғы бар, қорланып жинақталған өмір тәжірибесінің байлығына енгізіп, оның адамзат атаулыға маңызды қарым-қатынас пен сезімге бағыттауын меңгертеді.

Қазақстан Республикасында 2005-2010 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы жарық көрді. Оған қоса ҚР 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы жасалды. Зерттеу көздеріне сәйкес мемлекеттік деңгейдегі құжаттарды бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық дайындауды реформалаудың нормативтік-құқықтық базасы ретінде қарастырайық.

Білім беруді дамытудың міндеттері: халықтың жаппай сапалы білімге қол жеткізуін қамту;

- жалпы білім беруді басқаруды әрі қарай демократияландыру тұрғысында білім берудің ұлттық жүйесінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіре түсу;

- елжандылыққа, толеранттылыққа, биік мәдениетке, адамның құқықтары мен бостандықтарын бағалай білуге тәрбиелеу;

- біздің мемлекеттік тілімізді басым түрде дамыту;

- ұлттық және отандық дәстүрлер мен әлемдік тәжірибенің және тұрақты даму қағидаттарыныңбарысында білім беру мазмұны және құрылымын жаңашалау;

- қазіргі таңда 12 жылдық жалпы орта білім беруге көшу;

-білім беруді халықаралық стандартты жіктеуге сәйкес кәсіптік білім беру және кадрларды дайындау жүйесінің құрылымын қайта жасау;

-білім берудің жинақтаушы кредиттік жүйесіне негізделген мамандарды даярлаудың біртұтас үш сатылы моделін түзу (бакалавриат – магистратура – PhD докторантура);

- барлық салалар үшін жоғары білікті, сондай-ақ бәсекеге қабілетті маман дайындаудың сапасын арттыру;

- әлемдік білім кеңістігіне ену;

- білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін құру;

- білім беруде жаппай ақпараттық орта қалыптастыру;

- білім беру үрдісін оқу-әдістемелік және ғылыми жағынан қамтамасыз ету жағдайын жетілдіру;

- білім беру жүйесінің материалдық-техникалық базасын нығайту;

- білім беру мен ғылым және өндірісті ықпалдастыру;

- бүгінгі сұранысқа ие педагог мамандардың әлеуметтік мәртебесін жоғарылату, білім беру жүйесін қаржы жағынан және мамандармен қамтамасыз етуді жетілдіру, білім беру жолындағы менеджерлерді тағайындау;

-үздіксіз білім берудегі мемлекеттің, қоғамның және жеке тұлғаның мүдделерінтең құқылы қамтамасыз ету,- көрсетіліп отыр.

ҚР 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы білім беруді жалпы ұлттық басымдық ретінде белгілейді және мемлекеттің ҚР-ның ұзақ мерзімге арналған білім беру саясатын дамытудың негізін қалайды, әрі заңнамаға, қаржыландыру жүйесіне, білім берудің мазмұнына, білім беру жүйесінің құрылымына, білім беруді басқару жүйесіне, кадрлық және әлеуметтік саясатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

ҚР 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының мақсаты: әлемдік білім беру кеңістігіне сай және жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандырып отырған көп деңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық үлгісін ұсыну үшін білім беруді дамытуға байланысты стратегиялық басым бағыттарын көрсету болады.

Жоғары білімді дамытудың негізгі үдерісі мамандар даярлау сапасын арттыру, қарқынды ғылыми-зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, жоғары оқу орындары зерттеулерінің әлеуметтік сала мен экономиканың қажеттіліктерімен тығыз байланысы, білім беру және ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады.

*Жоғары білім берудің мақсаты* – қоғамның, мемлекеттің және жеке тұлғаның сапасы жоғары білім алуға деген мүдделерін қанағаттандыру, әр бір адамға оқытудың мазмұнын, нысанын және мерзімдерін таңдауға кеңінен мүмкіндік беру,- деп айқындалған.

*Жоғары білім берудің міндеттері:*

-қолданбалы және іргелі білімді терең меңгере білген, бастамашыл әрекетте болатынын, еңбек нарығы мен технологиялардың қойылатын талаптарына бейімделген, ұжым мен топта жұмыс істей білетін жаңа түрпатты кадр дайындау;

-білім беруді демократияландыру жолында жоғары білім берудің барлық жүйесінің сапалы білім беру қызметін ұсынуға деген мотивті күшейту;

-ЖОО-н халықаралық аккредиттеуге әзірлеу.

-жоғары оқу орындарын дамытуға объективті жағдайлар жасау;

-жоғары оқу орындарын басқарудың жаңа ұстанымдары мен тәжірибесін қалыптастыру, стратегиялық жоспарлау жүйесін енгізу, - қажеттігі көрсетілген [121,б. 23].

ҚР білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаттарының бірі ретінде 12 жылдық оқыту моделіне көшу; қоғамның және экономиканың индустриялық-инновациялық даму сұраныстарына сәйкес техникалық және кәсіптік білім (бұдан әрі – ТжКБ) жүйесін жаңғырту, әлемдік білім беру кеңістігіне бірігу; еңбек нарығының, еліміздің индустриялық-инновациялық даму міндеттері мен жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыратын және білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін жоғары білім сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізу; өмір бойы білім алу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету; жастардың бойында белсенді азаматтық ұстанымды, әлеуметтік жауапкершілікті, отансүйгіштік сезімді, жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру көзделген. Аталған мақсаттарды іске асыратын міндеттеріне сапалы білімге қолжетімділікті арттыруға бағытталған білім беруді қаржыландырудың жаңа тетіктерін әзірлеу; білім беру жүйесін жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету; педагог қызметкерлердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды күшейту; білім берудегі менеджментті жетілдіру, оның ішінде корпоративтік басқару принциптерін енгізу, білім беруде мемлекеттік-жеке әріптестік жүйесін қалыптастыру; білім беруді дамытудың мониторинг жүйесін жетілдіру, оның ішінде халықаралық талаптарды ескере отырып, ұлттық білім статистикасын құру; оқу үдерісін автоматтандыруды енгізу үшін жағдай жасау [125].

Білім беру мазмұнын анықтайтын құжаттардың, яғни жоғары кәсіптік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, типтік оқу жоспары мен оқу бағдарламасының қайта қарап жасалуы, әр кезеңнің үлесінде тиіп отырғаны белгілі.

Қоғамдық-экономикалық формацияның әртүрлі тарихи кезеңінде өзіндік бағыт ұстануына сәйкес білім берудегі мазмұнды айқындауға деген ұмтылыс үнемі жасалып отырған. Сондықтан да мемлекет тарапынан маман кадр даярлау жөнінде білім беру саласына байланысты нормативтік-құқықтық базасының жетілдірілуіқоғам сұранысына сәйкес іске асырылып отырған. Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлауды реформалаудың нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру арқылы білім берудің басты мақсаты оны кәсіби іс-әрекетке даярлаудың бағытын айқындайды. Осы орайда бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлауды реформалаудың нормативтік-құқықтық базасы бойынша ізденіс пен өзгерістер еліміздің тәуелсіздік алғаннан бастап, 2011 жылға дейінгі аралықта қоғамдық құрылыста болашақ бастауыш сынып мамандарындаярлаудағы білім берудің мәні сол уақыттың талабын ғана қанағаттандыратын деңгейде іске асырылып отырды.

Білім беру мазмұнын айқындайтын құжаттарды талдау барысында жалпы педагогикалық жүйенің заңдылығына сүйену, педагогикалық үдерісті іске асыратын күштің не екенін білу, білім беру үдерісіндегі заңдылықтар мен

қағидаларды және олардың өзара байланыстылығын, оқыту мен тәрбиелеудің біртұтастығын түсіну қажет.

Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан кейін отандық ғалымдар педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі мамандығы бойынша зерттеу кезеңіндегі бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлауды іске асыратын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын дайындау мүмкіндігіне ие болды. 0315–«Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі» мамандығы бойынша алғашқы жоғары білім мемлекеттік стандарты Қазақстан Республикасы Білім Министрлігінің 1996 жылы 18 қаңтардағы № 11 бұйрығымен бекітілді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің 2001 жылы 29 мамырдағы № 400 бұйрығымен 031540-«Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі» мамандығы бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының толықтырылған екінші нұсқасы бекітілді[126].

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті («Стандарт» түсінігі латын сөзінен аударғанда, «үлгі», «өлшем» деген мағынаны білдіретіндіктен, білім беру стандарты мән-мағыналық тұрғыдан сауаттылық, білімділіктің өлшемі ретінде қабылданып, қоғамдық мұратқа ойластырылған), «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР заңының 56-бабына сәйкес әзірленді және білім алушылардың дайындық деңгейіне, бастауыш білім беру мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптарды айқындайды [121,б. 21].

2004 жылы ҚР МЖМБС 5.03.001-2004 негізінде жасалынған «050102-Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша білім мазмұны мен бакалаврларды даярлау деңгейіне қойылатын талаптарды белгілейтін жаңа мемлекеттік стандарт бекітілді [127]. Сонымен, еліміз егемендік алғаннан бері бастауыш мектеп мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлауды іске асыратын үш стандарт жасалып, тәжірибеге енгізілді.

Алғашқы екі стандартқа сәйкес осы мамандықтың түлектеріне бастауыш сынып мұғалімі біліктілігі, ал үшінші стандарт бойынша бастауыш сыныптар мұғалімі мен бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесінің бакалавры біліктілігі мен қызметі тағайындалған. Бакалаврдың біліктілік сипаттамасын кәсіби іс-әрекетінің шеңбері (бастауыш сынып оқушыларын оқыту мен тәрбиелеу), кәсіби қызмет объектісі (бастауыш сыныптың оқу-тәрбие үдерісі), пәні (оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты, міндеттері, мазмұны, ұйымдастыру формалары, нәтижелері, Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту тұжырымдамасы талаптарын жүзеге асыру жолдары), түрлері (ұйымдастырушылық-технологиялық, басқару, жобалау, ғылыми-зерттеу), кәсіби іс-эректінің міндеттері (оқушының тұлғасын қалыптастыру және дамыту үшін қоғамныңәлеуметтік сұранысын орындау, бастауыш білім берудің сапалық деңгейін көтеру, озық педагогикалық технологияларды меңгеру және оны іс-тәжірибеге ендіру), кәсіби іс-әрекет бағыттары мен мазмұнын құрайды[126,б. 79].

1996 жылғы мамандықтың негізгі жоғары білім мемлекеттік стандартына сәйкес төмендегідей пәндер циклін оқыту қарастырылған:

1.*Жалпы әлеуметтік-ізгілендіру пәндері(1820 сағат):* философия - 170; қазақ (орыс) тілі - 200; шетел тілі - 340; мәдениеттану - 100; Қазақстан тарихы - 120; дене тәрбиесі - 450; құқық негіздері - 40; әлеуметтану - 60; саясаттану - 60; экономикалық теория -100; психология - 80 сағат.

2. *Жалпы жаратылыстану ғылымдарының пәндері* (430 сағат): тіршілік әрекетінің негіздері - 70; информатика, есептеу техникасы мен оқытудың техникалық құралдары - 140; экологиялық білім - 60; анатомия, жас ерекшелігі физиологиясы және кіші мектеп жасындағы оқушы гигиенасы - 60 сағат.

3. *Жалпы кәсіби пәндер(3722 сағат):* педагогика - 339; этнопедагогика - 63; педагогикалық шеберлік - 90; дефектология негіздері -66; қазіргі қазақ (орыс) тілі - 540; балалар әдебиеті - 150; қазіргі әдеби процесс -57; жаратылыстану негіздері - 285; математика - 540; бастауыш сыныптарда тәрбие жұмысының әдістемесі - 48; кіші мектеп жасындағы оқушы тұлғасының психологиялық-педагогикалық диагностикасы - 48; ғылыми- педагогикалық зерттеулер әдістемесі - 48; алтыжасарларды оқыту мен тәрбиелеу - 48; көркем мәтінге тілдік талдау әдістемесі - 42; балаларды жазуға үйретудің негіздері - 42; шешендік өнерге баулу әдістемесі - 126; көрнекі құралдарды дайындау әдістемесі - 204; бастауыш мектепте қазақ (орыс) тілін оқыту әдістемесі - 180; бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі - 180; бастауыш мектепте дүниетануды оқыту әдістемесі - 180; бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі және оның практикумы - 165; еңбекке баулуды оқыту әдістемесі және оның практикумы - 165 сағат.

4. *ЖОО бекітетін арнайы пәндер (971 сағат):* музыка тәрбиесі әдістемесі және оның теориялық негізі - 150; дене тәрбиесі әдістемесі және оның теориялық негізі -150; музыкалық аспап - 158; ән және хор айту тәрбиесі - 315; қазақ (орыс) тілінен, математикадан, қазақ (орыс) тілін оқыту әдістемесінен, математиканы оқыту әдістемесінен, Қазақстан тарихынан, бастауыш мектеп педагогикасынан жинақтау курстары - 198 сағат [93, б. 8].

Сонымен, барлығы 7128 сағат бөлінген. Практикалардың (26 апта) мынадай түрлерін өткізу қарастырылған:

Бастауыш сынып оқушыларымен тәрбие жұмысының әдістемесі бойынша педпрактика (3 апта);

1. Кіші жастағы оқушы тұлғасының психологиялық-педагогикалық диагностикасы (3 апта);
2. Ғылыми-зерттеу жұмысының әдістемесі бойынша практика (3 апта);
3. Жаратылыстану негіздерінен оқу-далалық практикасы (3 апта);
4. Бастауыш сыныпта сабақ беріп көру практикасы (5 апта);
5. Дүниетану әдістемесінен практикум (1 апта)
6. «Баланың мектептегі алгашқы күндері» педпрактикасы (3 апта);
7. Бастауыш мектепте педагогикалық оқу-тәрбие практикасы (5 апта)[126,б. 47].

2001 жылы 031540 –«Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі» мамандығы бойынша бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес төмендегідей пәндер циклін оқыту қарастырылған ( жалпы сағат саны - 6894 сағат):

1. *Әлеуметтік-ізгілендіру пәндері (1583 сағат):* Қазақстан тарихы - 220; мәдениеттану - 100; экономикалық теория - 100; шетел тілі - 340; қазақ (орыс) тілі - 200; дене тәрбиесі - 213; әлеуметтану - 60; құқық негіздері - 40; психология - 40; педагогика - 40; философия - 70; саясаттану - 60 сағат,

2. *Жаратылыстану ғылымдарының пәндері (440 сағат):* информатика-85; есептеу техникасы мен оқытудың техникалық құралдары - 65; экологиялық білім - 60; тіршілік әрекетінің негіздері - 70; жас ерекшелігі физиологиясы және кіші мектеп жасындағы оқушы гигиенасы - 60 сағат.

3. *Жалпы кәсіби пәндер (3275 сагат):* педагогиканың жалпы негіздері және тәрбие теориясы - 111; дидактика - 63; педагогика тарихы және мектептану - 191; этнопедагогика - 93; дефектология негіздері - 66; қазіргі қазақ (орыс) тілі - 540; балалар әдебиеті - 150; қазіргі балалар әдеби процесі -57; жаратылыстану негіздері - 285; математика - 540; тәрбие жұмысы әдістемесі - 48; кіші мектеп жасындағы оқушы тұлғасының психологиялық-педагогикалық диагностикасы - 48; ғылыми-педагогикалық зерттеулер әдістемесі - 48; бірінші сынып оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық негіздері - 48; жазуға үйретудің психологиялық-педагогикалық негіздері - 42; шешендік өнерге баулу әдістемесі - 126; бастауыш сыныптарда қазақ (орыс) тілін оқыту әдістемесінің тарихы - 81; бастауыш сыныптарда математиканы оқыту әдістемесінің тарихы - 78; бастауыш сыныптарда бейнелеу өнері мен еңбекке баулуды оқыту әдістемесінің тарихы - 78; музыкалық аспап - 161;ән және хор айту тәрбиесі - 321 сағат.

4. *Арнайы пәндер (1596 сағат)*: педагогикалық шеберлік - 90; мәтінге тілдік талдау әдістемесі - 42; бастауыш сыныптарда қазақ (орыс) тілін оқыту әдістемесі - 159; бастауыш сыныптарда математиканы оқыту әдістемесі - 159; бастауыш сыныптарда дүниетануды оқыту әдістемесі - 141; бейнелеу өнері және оның практикумын оқыту әдістемесі - 141; еңбекке баулу және оның практикумын оқыту әдістемесі - 141; музыка тәрбиесі әдістемесі және оның теориялық негізі - 141; дене тәрбиесі әдістемесі және оның теориялық негізі - 140; математикадан дидактикалық материалдар дайындау әдістемесі -69; қазақ (орыс) тілінен дидактикалық материалдар дайындау әдістемесі - 69; дүниетанудан дидактикалық материалдар дайындау әдістемесі - 69; шағын комплектілі бастауыш мектепте қазақ (орыс) тілін оқыту әдістемесі - 45; шағын комплектілі бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі - 45; шағын комплектілі бастауыш мектепте оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру әдістемесі - 45 сағат [126,б. 49].

Білімдік-кәсіби бағдарламасын меңгеру мерзімі күндізгі оқыту нысаны бойынша 204 аптаны құрайды, оның ішінде теориялық оқытуға 175 апта, практикаларға 29 апта бөлінген:

1. Оқу-4 апта;

2. Тәрбие жұмысы әдістемесі бойынша педпрактика (3 апта);

3.Ғылыми-педагогикалық зерттеулер бойынша педпрактика (3 апта);

4.Кіші мектеп жасындагы оқушы тұлғасының психологиялық-педагогикалық диагностикасы бойынша педпрактика (3 апта);

5.Педагогикалық «сабақ беру» практикасы (5 апта);

6. «Баланың мектептегі алғашқы күндері» педпрактикасы (2 апта);

7. Мемлекеттік педпрактика (5 апта)

8.Диплом алдындағы педпрактика- 4 апта.

2004 жылғы стандарт бойынша пәндер жалпы білім беру, базалық, мамандық пәндері болып бөлінеді және қосымша білім беру бағдарламалары (практикалар) көрсетіледі. Сонымен бірге, кредиттік оқыту жүйесіне байланысты мұнда әрбір пәнге бөлінген кредит саны және дәстүрлі оқыту жүйесі үшін академиялық сағат саны беріледі. Оқу пәндеріне жалпы 5760 сағат бөлінген:

Жалпы білім беру пәндері (кредит саны-32, академиялық сағат саны-1440): Қазақстан тарихы - 135; философия - 135; қазақ (орыс) тілі - 180; шетел тілі - 270; информатика - 135; экология - 45 сағат.

*Базалық пәндер (кредит саны-64, академиялық сағат саны-2880):*педагогика - 225; педагогика тарихы -135; ғылыми-педагогикалық зерттеулер әдістемесі - 90; педагогикалық шеберлік - 90; тәрбие жұмысының әдістемесі - 90; психология - 90; кіші жастағы оқушы тұлғасының психологиялық-педагогикалық диагностикасы - 45; қазіргі қазақ (орыс) тілі - 225; математика 225; дүниетану негіздері - 135; балалар әдебиеті - 90 сағат.

*Мамандық пәндері (кредит саны-32, академиялық сағат саны-1440):* бастауыш мектепте қазақ (орыс) тілін оқыту теориясы және технологиясы -225; бастауыш мектепте математиканы оқыту теориясы және технологиясы -225; бастауыш мектепте дүниетануды оқыту теориясы және технологиясы -90; бастауыш мектепте шетел тілін оқыту теориясы және технологиясы - 135; бастауыш мектепте информатиканы оқыту теориясы және технологиясы - 45; шағын комплектілі бастауыш мектепте қазақ (орыс) тілін оқыту теориясы және технологиясы - 45; шағын комплектілі бастауыш мектепте математиканы оқыту теориясы және технологиясы - 45; жазуға үйрету технологиясы - 45 сағат.

*Қосымша білім беру бағдарламалары-практикалар:* педагогикалық іс-әрекетке кіріспе (кредит саны - 2, академиялық сағат саны - 90); тәрбие жұмысының технологиясы (кредит саны - 3, академиялық сағат саны - 135); кіші жастағы оқушы тұлғасының психологиялық-педагогикалық диагностикасы (кредит саны - 2, академиялық сағат саны - 90); ғылыми-зерттеу жұмысының әдістемесі (кредит саны - 3, академиялық сағат саны-135); дүниетану негіздерін оқу практикасы(кредит саны - 1, академиялық сағат саны - 45); сабақ беріп көру практикасы (кредит саны - 5, академиялық сағат саны - 225); баланың мектептегі алғашқы күндері (кредит саны - 2, академиялық сағат саны - 90); мемлекеттік педагогикалық практика (кредит саны - 5, академиялық сағат саны - 225); диплом алды практикасы (кредит саны-4, академиялық сағат саны - 180) [127,б. 51].

2006 жылғы 050102 -«Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі» стандартында пәндер жалпы білім беру, базалық, мамандық пәндері болып бөлінеді және қосымша білім беру бағдарламалары (практикалар) көрсетілген. Аталған стандартта осы оқу пәндер циклі бойынша білімділікке қойылатын талаптар айқындалған. Мысалы: мамандық пәндері бойынша біліктілікке қойылатын талаптар. Бастауыш сыныпта оқу пәндерін оқытудың теориясы және технологиясы бойынша практикалық және теориялық білім, білік, дағдыларды қамтитын тұлғалық сапалардың қалыптасуын қарастырған.

050102 - «Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі» мамандығы бойынша білім беру аясында бакалаврды дайындауға қойылатын талаптар ұсынылған. Онда оқу үдерісін ұйымдастырудан бастап, оқу жылын академиялық кезеңдерге бөліп, блоктық, модульдік жүйені енгізуді көздеген. Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарын, курстық,ғылыми жобалар және т.б. кредиттер есебінен орындалатыны көрсетілген.

Сонымен қатар, бакалавриатта білім беру процесі аяқталғандығының негізгі критерийі студенттердің теориялық оқудың ең кемі 128 кредитін немесе 5760 сағатын меңгеру болып табылады, ең кемі 6 кредиттік практика. Осы жағдайда студент міндетті компоненттен 71 кредитті, таңдамалы компоненттен 57 кредитті игеруі көзделген. Диплом жұмысын (жобасын) жазу және қорғауға 5 кредит беріледі. Стандарт соңында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын дайындауға, жаңартуға (өзгертуге, түзетуге) қойылатын талаптарда берілген [128]. Бұл өз кезегінде келесі жетілдірілген жалпыға міндетті білім беру стандартын дайындауға негіз болады.

2009 жылғы – 5В010200 - «Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі» мамандығы бойынша дайындалған стандарттың ерекшелігі бакалаврының шешуші құзыреттілігіне қойылатын талаптардың берілуінде. Осы стандартта пәндер жалпы білім беру, базалық, кәсіптендіру пәндері болып бөлінеді және қосымша білім беру бағдарламалары (практикалар) көрсетілген.

Стандарттың басты өзгешелігі академиялық кезең – жоғары оқу орны өзі үшеуінің ішінен белгілеген теориялық оқыту кезеңі семестр – ұзақтығы 15 апта, триместр – ұзақтығы – 10 апта, квартал ұзақтығы – 8 апта. Каникул ұзақтығы 7 аптадан кем емес. Диплом жұмысын жазуға және қорғауға 4-8 апта кредит немесе 130-360 сағат бөлінеді. Кәсіби практиканың барлық түріне жалпы көлемі – 6 кредиттен кем болмауы тиіс. Бір академиялық кезеңде күндізгі бөлім студенті 18-22 кредитті, 810-990 сағатты меңгерту көзделген.Стандартқа қосымша типтік оқу жоспары тіркеме ретінде ұсынылған. Типтік жоқу жоспарында: жалпы білім беру пәндері – 32 кредит (1440 сағат), базалық пәндер – 64 кредит (2880 сағат), кәсіптендіру пәндері – 32 кредит (1440 сағат). Барлығы: 128 кредит - 5760 сағат бөлінген[129].

Келесі стандарт 2010 жылы 5В010200 - «Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі» мамандығы бойынша дайындалды. Онда осы мамандық бойынша білім мазмұнын меңгертудің нәтижесі түйінді құзыреттерге қойылатын талаптар негізінде көрсетілген. *Түйінді құзыреттерге:*

-қалыптастырушы педагогикалық мақсат қою саласындағы білімдерді,біртұтас педагогикалық үрдісті жобалау және жүзеге асыру біліктері мен дағдыларын меңгеруі, позитивті ойлауға қабілетті болу, ұлттық құндылықтар жүйесінде орын алу, этикалық құндылықтар жолын ұстану, ізгілікке және оптимизмге бейім болу;

-жүйелеуші: синергетикалық, әлеуметтік, педагогикалық жүйелер,

(жүйелік тұрғы, педагогикадағы жүйелік принцип) саласындағы білімдерді меңгеру, психологиялық-педагогикалық білімдер бойынша іздену, формализациялау, құрылымдау және жүйелеу біліктері мен дағдыларын меңгеру, педагогикалық болмысты тұтас қабылдауға және жүйелі ойлауға қабілетті болу;

-зерттеушілік: гносеология, әдіснама, педагогика және психологиясаласындағы білімдерді меңгеру, ақпараттарды басқару дағдылары мен біліктерінің болуы, психологиялық-педагогикалық диагностика, талдау және синтез негізінде кешенді мониторингті жүзеге асыру, педагогикалық рефлексияға қабілетті болу, зерттеу мәдениетін жетілдіруге ұмтылу.

*Пәндік құзыреттерге:*

-коммуникативтік: қазақ, орыс, шетел тілдері, қарым-қатынас технологиясы, педагогикалық риторика және конфликтология, коммуникативтік стратегия саласындағы білімдерді меңгеру, конструктивтік диалог ауқымындағы біліктері мен дағдыларының болуы, көпмәдениетті, көпұлтты, көпконфессионалды қоғамдағы қарым-қатынас, педагогикалық ынтымақтастыққа қабілетті және толерантты болу;

-технологиялық: педагогикалық инноватика, педагогикалық технология саласындағы білімдерді меңгеру, педагогикалық технологияларды пайдалану мен осы салада іздену, бағалау, саралау және қолдану біліктері мен дағдыларын меңгеру, жаңашылдыққа қабілетті болу, педагогикалық шеберлікті жетілдіруе ұмтылу, ынталылығы мен еңбекқорлығын көрсете білу;

-бақылаушы: педагогикалық менеджмент саласындағы білімдерді меңгеру, педагогикалық мониторингті іске асыру, педагогикалық өлшемдер мен индикаторлар жүйесін жасау, бақылау-бағалау материалдарын әзірлеу, алынған нәтижелерді түсіндіріп беру, біліктері мен дағдыларын меңгеру, өзін өзі бағалау мен өзін өзі бақылауға, әділдікке, ақиқатқа ұмтылу.

*Арнайы құзыреттерге:*

-бағдарламалық: пәндік, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік білімдер жүйесін, нақты әлеуметтік-педагогикалық жағдайды ескере отырып, кәсіби қызметте теориялық білімдерді қолдана алу біліктері мен дағдыларын меңгеру,педагогтың кәсіби парызын ұғыну, педагогикалық қызмет нәтижесіне жауапкершілікпен қарау;

-пәнаралық: педагогикалық интеграция теориясы саласындағы білімдерді меңгеру, педагогикалық міндеттерді шешуде түрлі пәндер салаларындағы білімдерді біріктіру, біліктері мен дағдыларын меңгеру, әлеуметтік серіктестікке және педагогикалық ынтымақтастыққа қабілетті болу;

-әлеуметтік: адам құқықтары (білім беру мен қорғау аясындағы халықаралық нормативті-құқықтық актілер мен Қазақстан Республикасының заңнамалары) саласындағы білімдерді меңгеру, бала құқығы мен мүддесін қорғау біліктері мен дағдыларын меңгеру, кәсіби абырой мен педагог қадір қасиетін, сондай-ақ педагогикалық этика нормаларын сақтау, педагог мамандығының әлеуметтік маңыздылығын ұғыну, балалардың әлеуметтік құқықтарын құрметтеу;

-дамытушы: заманауи педагогикалық антропология саласындағы білімдерді меңгеру, жоғары кәсіби педагогтардың іс-тәжірибелерін оқып-білу, жинақтау, тарату, және қолдан білу мен дағдыларын меңгеру, педгогикалық қызметте жоғары мотивацияға ие болу, өз бетімен білім алуға және өзін өзі тануға ұмтылу;

-креативтік: шығармашылық қызметтің теориялық негіздері, шығармашылық психологиясы саласындағы білімдерді меңгеру, кәсіби қызметті қайта қарау, білім берудегі авторлық жаңашылдық идеяларды іске асыру, стандартты емес және альтернитвті шешім таба білу біліктері мен дағдыларын меңгеру, сын тұрғысынан ойлауға, жаңа педагогикалық идеяларды генерациялауға қабілетті болу;

-ұйымдастырушы-әдістемелік: оқу-инструктивті құжаттамалар, білім беру саласындағы нормативті-құқықтық құжаттар туралы білімдерді меңгеру, ағымдық оқу-ұйымдастыру құжаттамаларын (дидактикалық, бақылау-өлшеу, материалдары және т.б.) жетілдіру біліктері мен дағдыларын меңгеру, жоғары орындаушылық тәртібі мен ұйымдастырушылық қызметті жүзеге асыруға қабілетті болу жатады[130]. Бұл жаңа мазмұнды стандарт нәтижесінің түйінді құзыреттермен айқындалуы әлемдік білім беру стандарттарына сәйкестенуінің алғышарты болып табылады.

Әрине, бұл қазіргі білім беру саласында ақпараттың көбеюіне сәйкес студенттердің білім алуы өзіндік жұмысына негізделгенін көрсетеді, мұнда ақпараттық технологиялар алға шығады.

Жоғары оқу орындарында «Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі» мамандығының жалпыға міндетті білім беру стандарттарын талдау аясында бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау мәселесі мемлекеттік нормативті реформалаудың нормативтік-құқықтық базасына жасалған салыстырмалы талдау негізінде мынадай қорытындылар жасауға болады:

-жоғарыда талданған стандарттарда оқытылатын пәндер мен олардың мазмұнының бірін бірі толықтыратындығы;

-теориялық блокпен бірге практика блогына жоғары оқу орнының стандартында арнайы кредит санының бөлінуі;

-жоғары оқу орнының стандартында болашақ мамандардың практикалық даярлығына (лабораториялық сабақтар, практикалық сабақтар және оқу, кәсіби практикалар) ерекше мән берілген, жалпы сағат көлемінің 40-60%-ның бөлінуі ескерілген.

-соңғы стандарттың пәндік білім мазмұнының нәтижесі түйінді құзыреттіліктерге: қалыптастырушы, пәндік және арнайы құзыреттіліктерге құрылуы.

Қазіргі педагогикада пайда болған стандарттау жоғары мектеп түлектерінің білім деңгейіне мемлекет тарапынан қойылатын талаптарын, оған жетудегі оларға берілетін кепілдіктерді айқындап берді. Жалпы алғанда, бұл аталған құжаттардың барлығы жас ұрпақтың білім деңгейіне ғана қойылатын талап ішінде мектеп бітіру кезіндегі алатын біліміне қоса, соған сәйкес меңгеруге тиісті біліктілігі мен дағдысы қандай болуы тиіс, – дегенді де айқындап көрсетті.

Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлауды реформалаудың нормативтік-құқықтық базасы болып табылатын білім берудің мазмұны оқу жоспары, оқу бағдарламасы, оқулық, оқу құралдары сияқты нормативтік құжаттар арқылы айқындала түседі. Онда әрбір оқылатын жеке пәннің болмысында оның тұтастық құрайтын жалпы мазмұнындағы мәні көрсетіліп, оқу жоспарына енгізілу қажеттілігі айқындалды.

Мемлекеттік стандарттың негізгі компоненттерінің бірі базалық оқу жоспары болып табылады. Онда оқыту тілдері жоғары мектептердің барлық сатылары үшін типтік жоспарларын жасауға негіз болатын нормативтік кешені көрсетілді. Базалық оқу жоспарында оқу пәндерінің минимумалдық жиынтығы, оның мазмұндық толымдылығы туралы да түсінік бар, әрбір жеке пән бойынша минимум оқу жүктемелерінің аумағын да көрсетеді.

Білікті ғылыми – педагог мамандарды дайындау; үздіксіз білім беру, жалпыға білім алу үшін жағдай жасау; болашақ жастарды елжандылыққа тәрбиелеу және олардың әлеуетін ашу мүмкіндіктерін қалыптастыру жайлы жұмыстардың кешенін іске асыру,- қарастырылған. Сондықтан оқу жоспары, типтік оқу бағдарламасы үнемі жөнделіп, үнемі жетіліп және өзгеріп отыратыны да мәлім.

Типтік оқу бағдарламасы – типтік оқу жоспарында көрсетілген пәндер бойынша оқыту мазмұнының накты мемлекеттік бөлігінің компонентін айқындайтын құжат.

Білім беру мазмұны білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде әзірленетін білім беретін оқу бағдарламаларымен айқындалады. Білім беретін оқу бағдарламалары мазмұны мен бағыттарына (міндеттеріне) қатысты:

1) жалпы білім беретін (үлгілік, жұмыстық);

2) кәсіптік (үлгілік, жұмыстық);

3) қосымша болып бөлінеді.

Үлгілік жалпы білім беретін және кәсіптік оқу бағдарламалары мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес әзірленеді.

Жұмыстық жалпы білім беретін және кәсіптік оқу бағдарламалары тиісті үлгілік оқу бағдарламаларының негізінде әзірленеді.

Жалпы білім беретін оқу бағдарламалары жеке адамның жалпы мәдениетін қалыптастырудың, жеке адамды қоғамдағы өмірге бейімдеудің міндеттерін шешуге, кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдау мен меңгеру үшін негіз жасауға бағытталған.

Кәсіптік оқу бағдарламалары экономика салаларындағы кәсіптік қызметтердің бағыттары бойынша техникалық, қызмет көрсету және басқару еңбегі мамандарын даярлауға, жеке адамның кәсіптік және жалпы білім деңгейін жүйелі арттыруға бағытталған;

Кәсіптік оқу бағдарламалары мазмұнына қарай:

1) техникалық және кәсіптік білім беретін;

2) орта білімнен кейінгі білім беретін;

3) жоғары білім беретін;

4) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін оқу бағдарламаларына бөлінеді.

Қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың өзін-өзі билеуін, шығармашылығын дамыту, олардың қабілеттерін іске асыру, қоғам өміріне бейімделуі, азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдайлар жасауды көздейді[130,б. 28].

Мемлекеттік нормативтік-құқықтық база болып табылатын құжаттардың бірі ретінде білім берудің мазмұнын айқындайтын бұл жоғары оқу орнында оқытылатын пәндердің оқу бағдарламасы. Оқу бағдарламасы – әрбір оқу пәні бойынша меңгерілуге тиісті білімнің, шеберлік пен дағдылардың мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама,-деген анықтама берілген.Стандартта белгіленген компоненттерге сәйкес оқытылатын міндетті компоненттердің пәндері бойынша типтік оқу бағдарламасын жасау сол құжатты дайындаған жоғары оқу орнының құзырында. 5В010200 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша жалпыға міндетті жоғары кәсіптік білім беру стандарты мен типтік оқу бағдарламасын Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ғалым-профессорлары әзірлеген. Аталған мамандық бойынша, осы университеттегі Республикалық оқу-әдістемелік бірлестігінде типтік оқу бағдарламасы және оқулықтар мен оқу құралдары талқыланып барып, баспаға ұсынылып жарық көреді.

Міндетті компоненттер бойынша әзірленген оқулықтар мен оқу құралдары бүгінде республика көлемінде қазақ және орыс тілдерінде жарық көргендері де бар. Студенттерді толық қамтымаса да, тәжірибеге енгізіле бастағанын айта кету керек. Мысалы: Р.Қоянбаевтың «Педагогика»[131], Т.С.Сабыровтың «Оқыту теориясының негіздері»[132], А.С.Амированың «Дидактика»[133], Р.К.Бекмағамбетованың «Дидактика»[134], С.Р.Рахметованың «Қазақ тілін оқыту әдістемесі»[135], Қ.А.Аймағамбетованың «Дүниетануды оқыту теориясы мен технологиясы»[136], Ә.Е.Жұмабаеваның «Бастауыш мектепте қазақ тілі синтаксисін дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері»[137], Г.И.Уәйісованың «Лексикологияны оқыту әдістемесі»[138], Т.Қ.Оспановтың «Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі»[139] және т.б.

авторлардың еңбектерін атауға болады.Оқулық мазмұнына енгізілетін материалды іріктеуде авторлар типтік оқу бағдарламасында берілгенкредит саны мен ECTS санын басшылыққа алып дайындаған.

Тәуелсіз Қазақстанда бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау мәселесіне байланысты білім берілетін пәннің мазмұнын айқындайтын нормативтік құжат жасауда осы тұрақталған ұлттық бағыт ұстанып отырғанын айта кеткеніміз жөн. Осы ұлттық бағытты ұстана отырып нақты мазмұнды көрсетіп бағдарлама жасаудажәне оған сәйкес оқулық жазуда ұлттық мәдени құндылықтарымызды жас ұрпаққа оқытып, таныстыруға, оларды жаңартып жасауға тәрбиелеу мақсатына мүмкіндік жасалды. Өйткені, бүгінгі мемлекет құрып, ұлттық мәдени мұраны жандандыру мақсатын ұстану, халықтық тілекке бірден сәйкес келіп жатыр. Бұл өз кезегінде ұлт тарихын білуге, өз ұлтын қадірлеп, елін, жерін сүюге тәрбиелейді.

Тәуелсіздікке ие болған қазақ елі қазір өзінің ұлттық тарихын зерттеп, тарихи мұрасын көрсете бастауымен қатар оның өнері мен қоғамдық ойын зерттеу керектігі артып отыр. Ел қамын ойлап, елі мен жерін жаудан қорғаған батырларын, ел тағдыры мен жер тағдырына әділ билік жүргізіп, төрелік еткен хандар мен билерін анықтау, оны жас ұрпаққа өнеге етіп айту және ғасырдан-ғасырға жалғасын тауып келе жатқан ұлттық озық дәстүрімізбен таныстыруда бүгінгі күннің міндеті есебінде. Сол үшін қазіргі кезде жалпы тарихи тұлғалар мен оқиғалардан мәлімет беру, олар туралы түсіндіру, оларға байланысты қызықты материалдар жариялануы үрдіс алып отыр.

Елбасының 2003 жылғы халыққа арналған жолдауында «Мәдени мұра» атты бағдарлама ұсынып, оның орындалуына керекті нақты істерді атап-атап көрсетуі және ол бағдарламаның іске асырылуы ұрпақ үшін деуі тегін емес. Өмірде барлық бастаудың білім беруден басталатындығын айта келіп, Президент оқу бағдарламаларында, оқулықтар жазылуда бұл айтылғандардың ескерілуі керек екендігін ескерткен болатын. Бұдан барлық білім беру деңгейлеріне арналып дайындалып жатқан оқулықтар мен оқу құралдарында ұлттық білім берудің үлгісіне сәйкес мемлекеттік деңгейдегі қабылданған нормативтік-құжаттар басшылыққа алынып отырғанын байқауға болады.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессор-ғалымдары шетел ғалымдарымен авторлық бірлестікте2007 жылы дайындалған 5В010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы жоба түрінде дайындалып, пилоттық режимде аталған университетте тәжірибеге енгізілді.

Аталған білім беру бағдарламасының мазмұны келесілерді қамтиды:

-5В010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері;

-5В010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижесінде қалыптасатын құзыреттіліктер;

- 5В010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы бойынша білім беру мазмұны мен оқу үдерісінің ұйымдастырылуын анықтайтын құжаттар.

Модульдер сипаттамасы:

- 5В010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша типтік оқу жоспары.

Модуль бойынша ұсынылатын таңдамалы пәндер.

Міндетті пәндер модульдері мазмұны:

- 5В010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттерінде келесі көрсеткен.

- Білім беру бағдарламасының мақсаты – бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс-әрекетін тиімді жүзеге асыруға қабілетті, бәсекелестікке бейімделген халықаралық стандарт талаптарына сай етіле:

- педагогикалық үдерісті жобалау және ұйымдастыру;

- кіші мектеп жасындағы оқушылардың субъективті іс-әрекетін ұйымдастыру;

- кіші мектеп жасындағы оқушылардың жалпы мәдениетін қалыптастыру бағыттары бойынша қамтамасыз етужәне құзыретті бакалавр дайындаудың құқықтық-нормативтік негіздерін анықтау.

Білім беру бағдарламасының міндеті – болашақ бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі бакалаврында жалпымәдени, кәсіби және пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыруға арналған тәрбиелеу үдерісі мен ұйымдасқан оқу қызметін басқарудың білім мазмұнын, формаларын, құралдарын, әдістерін анықтау.

5В010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижесінде қалыптасатын:

-жалпымәдени, -кәсіби; -пәндік құзыреттіліктер алынған. Енді осы құзыреттіліктерге тоқталайық:

Жалпымәдени құзыреттіліктер түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:

-риторика, әлемдік классикалық әдебиет пен көркемөнер негіздеріжайындағы білімдерін кәсіби қызметінде қолдануға қабілетті;

-адамгершілік нормасы мен өнегелі мінез-құлық негіздерін меңгерген;

-әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық ғылымдардың негізгі әдістері мен ережелерін әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешуде қолдануға дайын;

-ана тілінде өз ойын жүйелі түрде және сауатты жеткізетін, қазақ (орыс) тілінде көпшілік алдында сөйлеуде және ғылыми мәтінмен жұмыс істеуде қажетті ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын игерген;

-шет тілінен білімін қарым-қатынас жасау және арнайы мәтінді түсіну үшін *қолданады;*

-ақпараттарды қабылдау, сақтау, өңдеудің негізгі әдістерін, тәсілдерін және құралдарын қолданады, ауқымды компьютерлік желідегі компьютермен жұмыс істеу *дағдылары бар;*

-әлеуметтік өзара әрекеттестік құруда білім беру үдерісіне қатысушылардың этномәдени және конфессионалдық ерекшеліктерін ескеруге қабілетті;

-ғылыми зерттеуді ұйымдастыру ұстанымдарын, ғылыми білімге қол жеткізу мен құру тәсілдерін жете түсінеді;

-дене тәрбиесі мен денсаулықты нығайту әдістері мен құралдарын қолдана алады және толыққанды әлеуметтік кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін ден мәдениетін жетілдіруге дайын;

-тазалық сақтау және еңбекті қорғау талаптарына, сыртқы ортаның жағымсыз ықпалдарынан қорғану ережелеріне сай салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруға қабілетті.

*Кәсіби құзыреттіліктер үшін түлек төмендегідей сипаттарға ие:*

-оқу-тәрбие үдерісін модельдей алады жәе оқыту тәжірибесінде оны жүзеге асыруға дайын;

-психологиялық және психофизиологиялық дамуының жалпы, арнайы (әртүрлі ауытқушылық типтері) заңдылықтары мен жеке ерекшеліктерін, әртүрлі жастағы адам әрекетімен мінез құлқын реттеу өзгешеліктерін есепке алу құралдарын *қолдана алады;*

-психологиялық және педагогикалық зерттеулерде сапалық және сандық әдістерді қолдануға дайын;

- әртүрлі жастағы балалардың әрекеті, қарым-қатынасы, дамуының диагностикалық әдістерін пайдалануға дайын;

- білім берудің әртүрлі деңгейіндегі білім алушыларға арналған бағдарламалардан, оқыту, тәрбиелеу және дамытудың әртүрлі теорияларынан алған білімдерін *қолдануға дайын;*

-балалардың әралуан әрекет түрлерін ұйымдастыруға дайын;

-білімдік ортада субъектілердің бірлескен қызметі мен тұлғааралық өзара әрекеттестікті ұйымдастыру әдістерін *меңгерген;*

-мәдени-ағартушылық жұмыста нормативтік құжаттар мен пәндік саладағы білімдерін *қолдануға дайын;*

-мамандықтың жоғары әлеуметтік маңызын түсінеді, кәсіби этикалық ұстанымдарды *сақтайды;*

-әлеуметтік-мәдени жағдаяттың даму ерекшеліктерін ескеріп, көпмәдениетті ортада кәсіби әрекетті енгізу тәсілдерін *меңгерген;*

-кәсіби міндеттерді шешуде мамандардың пәнаралық және салааралық өзара әрекеттестіктеріне қатысуға қабілетті;

-кәсіби қызметінде бала құқығы мен мүгедектер құқығы туралы негізгі халыаралық және отандық құжаттарды қолдануға дайын;

-кәсіби қызметінде әлеуметтік орта мен білім кеңістігіндегі тәуекелділік және қауіптіліктерді ескере отырып, денсаулық сақтау технологияларын қолдана алады;

*Пәндік құзыреттіліктер түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:*

-бастауыш білім беру ерекшеліктерін жете *түсінеді;* мектепке дейінгі, кіші

мектеп жасындағы және жеткіншек жастағы балалардың білім алуында сабақтастықты жүзеге асыру құралдарын *игерген;*

-бастауыш сынып оқушыларына ана тілін оқытуда бастауыш тілдік білімнің теориялық негіздері мен технологиясын *меңгерген;*

-бастауыш сынып оқушыларының өзіндік оқырмандығын қалыптастыруда бастауыш әдебиеттік білімнің теориялық негіздері мен технологиясынан білімдерін *қолдана алады;*

-бастауыш математикалық білімнің теориялық негіздері мен технологиясынан білімдерін *қолдана алады;* кіші мектеп жасындағы оқушылардың пәндік біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға, бейнелі және логикалық ойлауды дамыту әдістерін *қолдануға дайын;*

-математикаға қызығушылығын қалыптастыру және математикалық білімдерін күнделікті өмірде қолдану тәсілдерін *игерген;*

-бастауыш ғылыми-жаратылыстану білімінің теориялық негіздері мен технологиясынан білімдерін қолдана алады, қазіргі әлемдегі экологияның маңызын түсінеді;

-қоршаған ортаны қорғаудың негізгі ұстанымдарын ұстанады және насихаттай алады, кіші мектеп жасындағы оқушылардың ғылыми дүниетанымын *игерген;*

- кіші мектеп жасындағы оқушылардың дербестігін және шығармашылығындамытуды қамтамасыз ететін бастауыш көркемдік-эстетикалық білімнің теориялық негіздері мен практикалық әрекеттерін ұйымдастыру дағдыларын *қолдана алады.*

5В010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы бойынша білім мазмұнын меңгерту мен оқыту үдерісін ұйымдастыратын құжаттарды айқындаған. Осы бағдарлама бойынша үш модуль бойынша: жалпы білім беру пәндері модулі – 36 ECTS, кәсіби пәндер модулі – 24 ECTS, арнайы пәндер модулі – 144 ECTS арқылы іске асырылып, барлығы – 240 ECTS меңгереді.

Біз болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауға байланысты нормативтік құжаттарды талдау арқылы олардың ертеңгі мектептегі мұғалімдік қызметке даярлығын айқындауды жөн көрдік.

Бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауға байланысты нормативтік құжаттар қатарына өтпелі кезеңге арналған Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандарты жатады. Өйткені, бастауыш сынып мұғалімдері осы құжаттарды басшылыққа алып оқыту үдерісін жүзеге асырады.Аталған стандарт аясында бастауыш білім мазмұнын жеті білім саласы құрайды: «Тіл және әдебиет», «Математика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Өнер», «Технология», «Дене шынықтыру».

Оқу бағдарламасы – әрбір оқу пәні бойынша меңгерілуге тиісті білімнің, шеберлік пен дағдылардың мазмұны мен көлемін айқындайтын құжат.

Стандартта белгіленген білімнің қалпын айқындайтын жаңа бағдарлама аясындағы бастауыш білім мазмұнын осысалалар негізіндеіске асыруды көздеп,

аталған сала бойынша белгіленген деңгейге сәйкес «Сауат ашу», «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу», «Математика», «Дүниетану» және т.б. пәндердің бағдарламаларында берілген мақсатты жүзеге асыруды көздейтінбілім мазмұны оқулықтарда беріліп отыр.

Педагогика және психология сөздігінде: оқулық – оқу бағдарламалары мен дидактиканың талаптарына, оқыту мақсатына сай накты оқу пәнінің мамұны ғылыми негізде, жүйемен баяндалатын кітап,–деген анықтама берілген.

Аталған бағдарламаларға сәйкес дайындалған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер тәжірибеде қолданылып жүр. Бүгінде мектеп тәжірибесіне балама оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің енгізілуі де бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық даярлықпен жұмыс істеуінде өздерінің таңдауларын жасауына мүмкіндік туғызуда.

Балама оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер бүгінгі күні оған қойылып отырған талаптарға сәйкес жасалған. Сондай-ақ, «Республикалық ақпараттандыру орталығы» дайындаған бастауыш сыныптарға арналған электрондық оқулықтарды да бастауыш сынып мұғалімдерінің нормативтік құжат ретінде тәжірибеде қолданып, басшылыққа алып отырғанын айта кеткеніміз жөн. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлығында жоғары оқу орнындағы реформаның нормативтік-құқықтық базасын жетік меңгерту қажеттігі ескеріліп, зерттеу кезеңіндегі құжаттар білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға ықпалы тұрғысынан талданды.

Қорыта келе, қоғам сұранысынан туындап отырған қажеттілікті өтеу үшін бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлауды реформалаудың нормативтік-құқықтық базасы болып табылатын құжаттарға талдау жасалды. Реформалау дегеніміз – білім беру жүйесін яғни оқу-тәрбие үдерісініңмазмұны мен ұйымдастырылуын қайта жаңғырту. Зерттеу тақырыбымыз тұрғысынан келсек, республикамызда осы бағытта дайындалған нормативтік-құқықтық база болып табылатын құжаттардың дер кезінде қабылданып отырғанын, бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлаудың негізі ретінде қарастыруға болады, - деп санаймыз.

## 2.2 Зерттеу кезеңіндегі білім берудің бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесінің басым бағыттары

Кез-келген қоғамдық-экономикалық формацияға тән құбылыстың бірі – бастауыш білім беру. Білім беру жүйесінің дамуы мемлекеттік құрылымның ішкі саясаты мен заңдылықтарына тығыз байланыстылығы, философиялық диалектиканың заңдылығына сай жетіліп отыратын табиғи құбылыс.

Қоғам дамуының жаңа парадигмасы барлық білім беру жүйесінде өзгеріс жасауды талап етіп отыр, оның ішінде педагог кадрлар даярлау сапасын әлемдік деңгейге көтеру мәселесін Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өзінің жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауларында баса айтып келеді. Осыған сәйкес «Қазақстан-2030» стратегиясында педагогикалық білім беруді саяси жаңғыру жағдайына бейімдеу, одан әрі дамыту – қоғамымыздың өзекті мәселелерінің

бірі ретінде көрсетілген. Қазіргі кезеңде Қазақстанда білім берудің ұлттық үлгісін қалыптастырудың жаңа жолдары жүзеге асырылып келеді. Осы мақсатта елімізде білім берудің, маман дайындаудың жаңа механизмдері іске қосылып жатыр[140].

Заманауи Қазақстанның мектептерінің алдында оқушылардың рухани мәдениетін, ұлттық санасы мен отаншылдық сезімін қалыптастырып, жас жеткіншекті жан-жақты ғылыми біліммен қаруландырып, тілін, салт – дәстүрін санасына сіңіру міндетін жүзеге асыру тұр. Бұл міндетті жүзеге асыратын – мұғалім. Сондықтан мұғалім дайындау қай кезде де көкейкестілігін жоғалтпаған маңызды мәселе.

Қазақстанның білім беру жүйесінің дүниежүзілік білім беру кеңістігіне қосылу жылдамдығы жаңа формациядағы бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау деңгейіне байланысты болмақ. Бұл үрдісте негізгі мәселе шетелдердің бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау тәжірибесін зерттеп, модернизациялау мен реформалау барысында шығармашылықпен пайдалану болып отыр. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін тиімді қалыптастыруды ұйымдастыру жолдарын зерттеу мәселесінің бірі «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша мамандар даярлаудың негізгі бағыттарын анықтау болып табылады.

Педагогикалық жоғары білім беруді дамытудың заманауи кезеңінде бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлауды қайта құрудан кәсіби дайындықтың көпдеңгейлі моделіне көшу қажеттігі туындады. Маман даярлаудың дәстүрлі моделінен көпдеңгейлі «бакалавриат – магистратура -PhD докторантура» деңгейіне көшу мұғалімдердің кәсіби қауымдастығын бастауыш оқыту бакалаврын мектепке қабылдау мәселесіне бағыттайды және жоғары мектептің түлектеріне қойылатын халықаралық талаптар ауқымында болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлау мазмұны мен технологиясына өзгерістер енгізуді алдыңғы қатарға шығарады. Аталған жағдайдан шығу жолы жоғары мектепке көпдеңгейлі білім беру моделін енгізу жағдайында педагогикалық білім беруді қайта құру болып табылады. Дүниежүзілік білім беру кеңістігіндегі тенденцияларды ескере отыра, жоғары мектептегі инновациялық үдерістерді дамыту 0315–«Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бакалаврларының педагогикалық білімдерінің жаңа мазмұнын жобалауды пәрменді түрде тездеткені белгілі. Бастауыш білім беру бакалаврын даярлаудағы инновациялық үдерістер ең алдымен республикамыздағы қоғамдық-әлеуметтік, экономикалық жағдай мен бастауыш сыныптың мұғалімінің даярлығына қойылатын талаптар және бастауыш сыныптың алдында тұрған мәселелерді шешетін педагогикалық білімнің мазмұнымен, бір жағынан, студенттердің сұранысына сай жеке оқу траекториясының көптүрлілігімен, екінші жағынан, анықталады. Қазақстандағы педагогикалық білім беруді модернизациялау бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау жүйесінің басым бағыттарын анықтайды: вариативті білім беру бағдарламалары жағдайында мұғалім даярлаудың сапасын көтеру; бастауыш сынып мұғалімін даярлау мен бастауыш білім беру мазмұны және бастауыш сыныптың

проблемалары арасындағы сәйкестікті қамтамасыз ету; бастауыш сынып мұғалімін даярлаудың барлық кезеңінің мазмұны мен технологияларының арасындағы біріздiлiктi сақтау; заманауи ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың және сөйлеу құралдарының көмегімен дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіріге алатын бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың теориялық, ғылыми-әдістемелік және практикалық ұстанымдарын негіздеу.

0315–«Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бакалаврларын даярлаудың көпдеңгейлі жүйесіне көшу бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың теориясы мен практикасына жасалған талдау анықтаған бірқатар қарама-қайшылықты шешуге көмектеседі. Бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау жүйесінде жағымды өзгерістер болса да, шешімін таппаған мәселелер бар. Олар:

-педагогикалық білім берудің дамуына деген әртүрлі көзқарастардың болуы бастауыш сынып мұғалімін даярлаудың мақсатын нақты анықтауға мүмкіндік бермейді;

-бастауыш сынып мұғалімін құзыреттілік тұғырды ұстана отырып даярлаудың тұтас тұжырымдамасының болмауы;

-бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлау мазмұнының бастауыш білім беру мазмұнына, оны республикамыздың мектептеріндегі көпмәдениетті және көптілді білім беру ортасында іске асыруға әлсіз бағытталуы;

-болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің білім сапасын өлшеу мәселесі.

Бастауыш сынып мұғалімі оқушылар үшін өмір сүрудің мәні мен өмірдегі құндылықтарға бағыт беретін бірінші жол көрсетуші болғандықтан, жаңа түрпатта ойлайтын және құзыреттіліктері қалыптасқан бастауыш сынып мұғалімін даярлау жоғары мектеп алдына зор жауапкершілік артады. Сондықтан, біздің ойымызша, бакалавр профилі бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың заманауи тенденциялары мыналар болып табылады:

Болон келісімінің талаптарына сай дамып келе жатқан заманауи білім беру үдерісінің жаңа идеяларына негізделген бастауыш сынып мұғалімін даярлаудың көпдеңгейлі тұтас жүйесін қалыптастыру;

-заманауи бастауыш сынып мұғаліміне қойылатын талаптарды негіздеген құзыреттілік тұғыр ұстанымдарына сүйене отыра, бастауыш мектеп бакалаврын даярлаудың жаңа білім беру стандарттарының моделін ұсыну;

-замануи бастауыш сынып пен оқушылардың сұранысына сай бастауыш сынып мұғалімінің көптілділік, кәсібилік, ақпараттық-коммуникативтік модульдерден тұратын құзыреттіліктерін ұсыну;

0315–«Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бакалаврларын даярлау үдерісіне студенттердің тұлғалық және кәсіби дамуын қамтамасыз ететін заманауи ақпараттық, телекоммуникативтік, тілдік, жобалық, психологиялық қолдау технологияларын енгізу.

-замануи педагогикалық білімді бастауыш сынып кеңістігіне енгізуге мүмкіндік беретін және студенттердің өздік жұмысын қамтамасыз ететін орта ретінде үздіксіз педагогикалық практиканың моделін ұсыну;

-әр студентке кәсіби даярлық барысында оқушыларға сыйласымдылық және толеранттылықпен қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыратын жағдайлар ұйымдастыру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімін толерантты тұлға ретінде тәрбиелеу.

Зерттеу кезеңінде болашақ бастауыш мамандарын дайындайтын педагогикалық жоғары оқу орындарында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес (кәсіптік білім) оқытылған пәндер мен олардың мазмұндық аспектілеріне сипаттама берелік.Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша, болашақ бастауышмамандарын дайындаудағы оныңкәсібилігін арттыруға әлеуеті тұрғысынан келетін болсақ, сол кездегі қоғамдық сұранысқа сай білім берілгенін айта кеткіміз келеді. Оған төменде келтірілген стандарт бойынша оқытылған пәндердің тізімі мен мазмұндық сипаттаманыдәлел ретінде келтіреміз. Аталған мамандық бойынша, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті дайындағанын ескере отырып, талдауды осы негізде жасадық.

Кесте 2 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша оқытылған пәндер тізбесі мен мазмұны

| Пән атауы | Қысқаша мазмұны |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Жалпы педагогика негіздері және тәрбие теориясы | Педагогика пәнінің мақсаты, міндеті, атқаратын қызметі, педагогика адам тәрбиесі туралы ғылым ретінде педагогикалық ғылымдар жүйесі және олардың сипаттамасы беріледі. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері бойынша жалпы әдіснамалық негізін құрайтын философиялық категориялар талданып, эксперименталды және теориялық әдістер сараланады. Педагогикалық теория мен практиканың бірлескен әрекетінің диалектикасы, тұлға теориясы, іс-әрекет теориясы, құндылықтар теориясы, басқару теориясы, тұтас педагогикалық процес теориясы, теориялық талдау және жинақтау әдістер талданады. |
| Жалпы психология | Психология - ғылым ретінде. Қазақстанда писхологияның дамуы. Психологияның әдістері. Сана және психиканың дамуы. Психиканың функциясы және құрылымы. Психика дамуының сатылары. Қарым-қатынастағы және іс-әрекеттегі тұлға. Іс-әрекет психологиясы.Тұлға. Тұлғаның құрылымы. Қарым-қатынастың қызметі, түрлері және құрылымы. Қарым-қатынастың механизмдері. Танымдық процестер психологиясы. Түйсік және қабылдау. Есте сақтау.Ойлау және қиял, сөйлеу. Темперамент және мінез. Қабілет. Зейін. |
| Дидактика | Дидактика пәні, мақсаты, міндеттері, оқыту теориясы мен практикасының негіздері, ұғымдары қарастырылады. Білім мазмұны мен мәні, оқытудың заңдылықтары, принциптері, әдіс-тәсілдері, педагогикалық технологиялары, формалары, оқытудың негізгі формасы сабақ түрлері, құрымы, кредиттік оқыту жүйесі, 12 жылдық белім беру жүйесінің ерекшеліктерін қамтитын өзекті мәселелер сипатталады. |

2 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 |
|---|---|
| Кіші мектеп жасындағы оқушылардың тәрбие жұмысының әдістемесі | Кіші мектеп жасындағы оқушылардың тәрбие жұмысының әдістемесі пәні, мақсаты, міндеттері, тәрбие жеке тұлғаны қалыптасырушы маңызды фактор ретінде және субьектінің әс-әрекеті жеке тұлғаның даму көзі ретінде қарастырылады. Тәрбие үдерісінің мәні мен мазмұны, тәрбиенің заңдылықтары, принциптері (гуманизм, үлгі-өнеге тағылым ету, тәрбие үдерісінің мақсаттылық, біртұтастылық, үйлесімділік) және т.б. Тәрбиенің формалары мен әдістер жүйесі, тәрбие әдістерінің жіктелуі, мектептің тәрбие жүйесінің теориясы иен практикасы, оқушылар ұжымы және оның даму кезеңдері, сыныптағы тәрбие жұмысы, жалпы білім беретін мектептердегі тәрбиелік жүйенің мазмұны,кіші мектеп жасындағы оқушылардың тәрбие жұмысының әдістемесін практикамен байланыстыра дәлелденеді. |
| Педагогикалық колледжде педагогикалық пәндерді оқыту әдістемесі | Оқытуды ұйымдастырудың негізгі қалпы, сабақтың түрлері және оның құрылысы, оқыту әдістемесінің теориясы мен әдістері, проблемалық және бағдарламалап оқыту, В.Ф.Шаталовтың әдістемелік жүйесі, педагогтар тәжірибесін оқып үйрену, мұғалімнің сабаққа даярлығы, орта арнаулы білім беретін педколледжде мамандар даярлау мәселесі.Оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмыстары. |
| Математиканы оқыту теориясы мен әдістемесі | Математиканы оқыту теориясы мен әдістемесі пәні, мақсаты, міндеттері, ұстанымдары, әдістері. Математикалық ұғымдар: сандық қатынастар, логикалық конструкциялар, кеңістіктік формалар. Математикалық теорияның: жиындар, графтар, комбинаторика, ықтимал, математикалық статистика, логика мен сәйкестіктер, алгоритмдердің элементтері. Алгебра және геометрия элементтері. Шамалар және оларды өлшеу. |
| Қазақ тілін оқыту теориясы мен әдістемесі | Қазақ тілін оқыту теориясы мен әдістемесі пәні, мақсаты, міндеттері, ұстанымдары, әдістері. Тіл және сөйлеу. Тілдің әлеуметтік рөлі, оның атқаратын қызметі. Қазіргі қазақ тілінің негізгі грамматикалық категориялары. Бастауыш мектеп қазақ тілі курсының негізін құрайтын лингвистикалық ұғымдар: фонология, лексикология, семасиология, сөзжасам, морфология, синтаксис, орфография, пунктуация элементтері оларды меңгерту әдістемесі. |
| Дүниетану негіздері және оны оқытудың әдістемесі | Дүниетану негіздері және оны оқытудың әдістемесі пәні, мақсаты, міндеттері, ұстаным- дары, әдістері.Дүниетанымның мәні, оның негізгі құрамды бөліктері. Биосфера, тірі организм, экология, Қазақстандағы экологиялық проблемалар, өсімдіктер, Қазақстандағы қызыл кітапқа енген өсімдіктер, жануарлар, олардың тіршілігі жануарлардың көптүрлілігі. |
| Ана тілін оқыту теориясы мен әдістемесі | Ана тілін оқыту теориясы мен әдістемесі пәні, мақсаты, міндеттері, ұстанымдары, әдістері. Сауат ашуды оқыту әдістемесі. Сауат ашуды оқыту үдерісі: сауат ашу кезеңдері. Оқушылардың оқу әрекетін ұйымдастыру. Оқудың түрлері. Көркем шығарма жанрлары және олармен жұмыстың негізгі кезеңдері. Сыныптан тыс оқу әдістемесі. |
| Музыканы оқыту теориясы мен | Музыканы оқыту теориясы мен әдістемесі пәні, мақсаты, міндеттері, ұстанымдары, әдістері. Музыка түрлеріне сипаттама. Музыканы |

2 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 |
|---|---|
| Әдістемесі | оқытудың ұстанымдары мен технологиялары. Бастауыш сыныптарда музыканы оқыту әдістемесінің ерекшеліктері. Музыканы тыңдау. |
| Тән мәдениетінің теориясы мен әдістемесі | Тән мәдениетінің теориясы мен әдістемесі пәні, мақсаты, міндеттері, ұстанымдары, әдістері. Тән мәдениетінің оқу орындарындағы алатын орны. Тән мәдениетінің компоненттері, дене тәрбие пәнінің оқу-тәрбие жұмыстары, спорт мейрамдары мен қарапайым жарыстар, педагогикалық технология. |
| Еңбекке баулудың теориясы мен әдістемесі | Еңбекке баулудың теориясы мен әдістемесі пәні, мақсаты, міндеттері, ұстанымдары, әдістері. Еңбек түрлеріне сипаттама. Еңбекке баулудың ұстанымдары, технологиялары. Бастауыш сыныптарда еңбекке баулудың әдістемесінің ерекшеліктері талданады |
| Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі | Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі пәні, мақсаты, міндеттері, ұстанымдары, әдістері. Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары, живопись, графика және оның түрлері, мүсін, сәулет өнері. Бастауыш сыныптарда бейнелеу өнерін оқыту әдістемесінің ерекшеліктері. |

Зерттеу кезеңінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда аталған стандартты іске асыру барысында қолданылған әдістер мен технологияларға сипаттама беруді жөн көрдік.

Кесте 3 –Бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда қолданылған әдістер мен технологиялар

| Әдістер | Сипаттамасы | Педагогика-лық техно-логиялар | Сипаттамасы |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Сөздік | Мұғалімнің ауызша баяндауы, әңгіме, түсіндіру, оқулық пен кітаппен жұмыс істеу жатады. | Дамыта оқыту | Бала дамуының жақын аймағы – баланың тек үлкендердің көмегі арқылы атқара алатын істері.Бала дамуының қол жеткен аймағы – баланың үлкендердің көмегінсіз істей алатын істері. |
| Көрнекі-лік | Оқушылардың бақылауы, мұғалімнің көрнекі және техникалық құралдарды қолдануы жатады | Проблем а-лық оқыту | Ғылыми таным нәтижелерін, білімдер жүйесін ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге бұл нәтижелерге жету жолының үдерісін де меңгеруде, оқушының танымдық дербестігін қалыптастырып, оның шығармашылық қабілеттерін дамыту. |
| Практи-калық | Жаттығулар, графикалық және лабораториялық, практикалық | Бағдарла-малап-оқыту | Бақылаудан өзін-өзі бақылауға өту. Педагогикалық жүйені оқушылардың өзін-өзі оқытуына алмастыру. |

3 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| | жұмыстар, дидактикалық және ұлттық ойындар жатады | | |
| Зерттеу-шілік әдістер | Ізденіс, шығармашылық тапсырмалар, энциклопедиямен жұмыс, жоба, шығарма, интернет көзін пайдалану, эссе жазу және т.б. | Тұлғалық - бағдарлы | Түсінуден-түсіндіруге, монологтан-диалогқа, әлеуметтік бақылаудан-дамытуға, басқарудан өзін-өзі басқаруға көшу, ал педагогтың негізгі міндеті бағыт беруші қарым-қатынасты құру болып табылады. |
| | | Модуль-дік оқыту | Білім алушының кәсіби әрекетіне (қызметіне) жоғары деңгейлі дайындықпен келуін қамтамасыз ету. |
| | | Оқыту-дың үшөлшемді әдістеме-лік жүйесі | Тұжырымдамалық.Жүйелік.Тиімділік. Әрбір педагогикалық технология оқу мақсаттарына жетуде нақты ғылыми тұжырымдамаға сүйенуі қажет. Жүйелік. Педагогикалық технологияның әрбір бөлігі өзара тығыз байланыста болатын үдерістің тұтастық логикасымен қамтамасыз етілуі тиіс. Тиімділік. Қазіргі оқыту технологияларын қолдану оқыту стандарттарына жетуге кепілдік береді. |
| | | Сатылай кешенді талдау техноло-гиясы | Оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері, өзіндік ерекшелігі бар және білім алушыларға білімді ғылыми негізде сатылай, жүйелі, кешенді меңгертіп, оларға ұлттық құндылықтарды бағалай, қолдана білуге машықтандыратын оқыту. |

Келесіде педагогикалық оқу орнында оқитын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық даярлығын қалыптастыруды біз оқу-танымдық, ғылыми-танымдық, тұлғалық-бағдарлы, нәтижелі-бағдарлы, практиға бағытталған, денсаулық сақтауға бағытталған, коммуниктивтік мәдениеті, ақпараттық-коммуникациялық дағдыларды меңгеруі бағытында қарастырамыз.

***Оқу-танымдық*** – ерекше ұйымдастырылған таным; білім, білік, дағдылар, тәсілдерді меңгеруге бағытталған танымдық іс-әрекетті басқаруға дайын болуы.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыра білуі шарт. Сондықтан, оқу-танымдық іс-әрекет ұғымына анықтама бере кетелік, ол іс-әрекет мақсатынан, мазмұнынан, түрлері мен мотивтерінен құралатын күрделі үдеріс. Сонымен қатар, оның құрамына танымдық қажеттілік, әрекетті орындау амалдары кіреді[123,б. 34]. Оқу үдерісі

оқушылардың оқу-танымдық әрекеті негізінде жүзеге асады, ал оқу-танымдық әрекет өз кезегінде оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруға көмектеседі. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері кіші мектеп жасындағы балалардың белсенді танымдық іс-әрекетін білімнің қоғамдық мәнін, білімді болу арқылы қоғамға қызмет етуді қажеттілік деп қалыптастыруға даяр болуы керек. Танымдық белсенділіктің жоғары деңгейі алған білімдерін өмірде пайдалана білуі болып табылады.

Педагогикалық орысша-қазақша түсіндірме сөздікте оқу іс-әрекетіне келесі анықтама берілген: оқу іс-әрекеті – адамның іс-әрекетінің бір түрі, пәндікжәне танымдық әрекеттердің әдістерін меңгеруге арнайы бағытталған, теориялық білім түрінде қорытылып, жалпыланған түрі[141].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқыту іс-әрекеті, басқа іс-әрекеттер арасында күрделісі болып есептеліп, бірнеше құрылымнан тұрады:

-оқыту барысындағы мұғалімнің іс-әрекеті. Сабақ беруші педагог жалпы әрекеттер ішінен өзіне қатыстысын ғана атқаруы тиіс;

-оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері мен құралдарын таңдай білу, яғни педагогтың әдіскер ретіндегі шеберлігі;

-педагогтың сабақ материалына байланысты оқу құралдарын қолдана білуі;

-сабақ тақырыптарын мазмұнына сай біртұтас жүйеге келтіру, оқу бағдарламаларын құрастыра білу, яғни жоспарлау. Жоспарлау үшін оқытудың мақсатын анықтай біліп, оқыту бағдарламаларын құру барысында жалпы мақсат қоя білуі қажет. Мұндай мақсаттарды бұрын педагогтар емес, мемлекет қызметкерлері мен саясаткерлер қалыптастырған. Қазіргі заманның әлеуметтік-мәдени жағдайына байланысты оқыту мақсатын жоспарлау мен болжамдау мәселесімен педагог айналысуы қажет деген талаптар қояды.

Оқыту –оқушы мен оқытушы арасындағы белсенді кері байланыс үдерісі, оның нәтижесінде оқушының өзіндік белсенділігінің негізінде білімдер және құзыреттіліктер қалыптасады. Оқытудың функциясы– адамның іс- әрекетке қабілеттілігін қалыптастыру үшін қоршаған ортаға барынша бейімдеу арқылы белгілі заттармен әрекет жасауға үйрету. Оқытудың ең қарапайым түрі оқушы мен оқытушының қарым-қатынасынан тұрады, мұғалім оқушы іс-әрекетін дұрыс немесе бұрыс деп бағалайды. Оқыту жүйесінің дамуы іс- әрекеттің күрделі түрлерінің шығуынан тұрады. Бірақ та, мұндай даму іс-әрекеттің қиындығымен және оның элементтерге бөлінуімен түсіндіріледі.

Педагогикалық іс-әрекеттің бірінші қағидасы қарапайым әрекетті трансляциялау. Бұл әрқашанда жеткіліксіз, іс-әрекетті аяғына дейін қарапайым элементтерге бөліп қою мүмкін емес, өйткені іс- әрекетте күрделі байланыстар мен қатынастар бар. Сондықтан, екінші қағида негізгі элементтер мен күрделі іс-әрекетті құрауға мүмкіндік беретін құралдар мен жобалардан тұрады. Бұл құралдар – іс- әрекетті жоспарлау және болжалдау құралдары болып табылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімі сабақ үстінде бір әрекет түрінен екіншісіне ауысып отыру арқылы оқушыны үнемі «жаңалық ашып» отыруға жағдай жасауды меңгерген болуы шарт. Сондықтан, оқу барысында оқушының

білімге, өздігінше әрекет жасауға деген ұмтылысын қолдауға, қабылдау, ес, зейін, ойлау сияқты үрдістерінің дамып, жетілуіне түрткі болатын жағдайлар ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін меңгеруі өзекті мәселе болып табылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімі оқушымен бірлескен қарым-қатынастың маңызы ерекшелігін саналы түсініп, оның тапсырманы орындаудағы іскерлігіне, сөйлеу мәдениеті мен ой қорытындыларына, қызығушылығы мен бақылағыштығына, дағды қалыптастыруларына, іске батыл, сеніммен кірісуіне бағыт беруі шарт. Кіші мектеп жасындағы балалардың танымдық белсенділігін қолдау, оған сену – мінезінде тұрақтылықты, өзін-өзі адекватты бағалауды, өзіне-өзі талап қоя білуді т.б. қасиеттерді қалыптастыру. Оқушылардың танымдық белсенділігі оқу үдерісінде қалыптасады. Белсенді оқу-танымдық іс-әрекеттің соңғы нәтижесі, білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қажеттілігі негізінде қалыптасады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінен оқытудың мазмұны, әдіс-әсілдері, формалары мен оқыту құралдарының өзара байланысы негізінде оқу-танымдық іс-әрекет міндеттерін жүзеге асыра білуі талап етіледі. Оны оқу-танымдық үдерісте қолдану үшін мына қағидалар сақталуы шарт:

1.Оқушылардың жаңа амал-тәсілдер қолданып жасайтын шығармашылық іс-әрекетіне зейінді ерекше аудару;

2.Бастауыш сынып мұғалімінің оқытудың жаңа технологияларын қолдануы оқушылардың оқу-танымдық белсенділігін арттырып, өзін-өзі тәрбиелей алатын жеке тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, бастауыш сынып мұғалімі оқыту үдерісінде оқушының оқу-танымдық белсенділігін қалыптастыру үшін қажет келесі шарттарды орындай білуі керек:

-керек ақпаратты таңдап алу және оны білімге айналдырудың тәсілдерін, білімнің өмір сүру қажеттілігі екенін қалыптастыру;

-өзін-өзі ортаға бейімдей білу, алдынан шыққан проблемаларды шешудің түрлі жолдарын қарастыра білу дағдыларын қалыптастыра білуі тиіс.

Қорыта келгенде, оқу-танымдық іс-әрекет – оқушылардың маңызды іс-әрекеті болып табылатын күрделі үдеріс. Ол мақсат, міндет, түрткілер, ақпаратты қабылдау кезеңінен бастап түрлі эмоциялық-сезімдік көріністермен сипатталатын шығармашылық іс-әрекетпен аяқталады. Сонымен, оқу-танымдық іс-әрекет оқушының жеке тұлғасының қызығушылығы мен қажеттіліктерін, белсенділігін, бірдеңені білуге деген құмарлығын қамтитын танымдық, еріктік, эмоционалдық үрдістерінің тұтастығы нәтижесінде олардың интеллектуалдық, жеке тұлғалық қасиеттерін дамытатын оқу материалының мазмұнының қажетті ауқымын меңгертуді көздейтін жан-жақты жұмыс деп анықтама беруге болады.

Алдыңғы тарауларымызда педагогика және психология тарихы ғылымынан жазылған еңбектерге жасаған талдауымызда бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлау мәселесі жан-жақты қарастырылғанын анықтадық. Біздің зерттеуімізге арқау болып отырған 1991-2011жылдар аралығындағы Қазақстанда бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-

педагогикалық даярлау мәселесі болғандықтан, зерттеу кезеңіндегі Қазақстанның білім беру жүйесіндегі бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың басымдық бағыттарын қарастырып, бір жүйеге келтіріп төмендегі суретте (сурет 2) ұсынып отырмыз.




Сурет 2 – Қазақстанда бастауыш сынып мұғалімін даярлаудың басым бағыттары

Оқу-танымдық іс-әрекет күрделі үдеріс болғандықтан екі жақты сапалы әрекетті қажет етеді. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімі оқыту іс-әрекетін ұйымдастыруға, ғылыми білімді жүйелі түрде баяндауға, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға күшін жұмсау арқылы оқушылардың ақпаратты қабылдап, түсініп, білімін толықтыруға байланысты қосымша белсенді әрекеттер жасауына жағдай жасағаны болып табылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетін қалыптастыру әдістемесін біз жалпы кәсіби іс-әрекеттің объектісі мен субъектісінің әрекеттестігін сипаттайтын, оқушылардың оқу-шығармашылық іс-әрекетінің ең төменгі формасынан жоғары формасына дейін дамуын болжамдайтын ұғымдық аппаратты қалыптастыру әдістерінің жүйесі ретінде, сонымен қатар осы жүйені сипаттайтын әдіснамалық ілім ретінде қарастырамыз. Педагогикалық жоғары оқу орнында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған іс-әрекет жалпыдан, яғни кәсіптік білім берудің әдіснамалық білімдерінен, жекеге – оқытудың жалпы әдістемесіне, яғни жоғары педагогикалық білім беру дидактикасына бағытталады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне жоғары педагогикалық білім беру барысында әдіснамалық ілімдерді қарастырудың маңыздылығы оларды білім беру кеңістігін болжамдауға бағыттап, мұғалімнің өзін-өзі іске асыруына, шығармашылық әлеуетін пайдалануына жағдай жасайды. Педагогиканың әдіснамасының негізі ретінде ғылыми білімдер және оларды педагогикалық практикада мақсатқа сай пайдалана білу іскерлігі саналады.

***Ғылыми-танымдық:*** болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ғылыми-танымдық іс-әрекетінің нәтижесі бастауыш мектеп оқушыларында ғылыми түсініктер пен ұғымдар қалыптастырумен аяқталуы тиіс: бір-бірімен тығыз байланысты аксиомалар, теоремалар, тұжырымдар, ережелер. Кеңейтілген ұғымдардан ғылыми теорияға көшу мүмкін болатындықтан, бастауыш мектеп оқушыларында түсініктер мен ұғымдардың қалыптасуы үздіксіз жүруі тиіс. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқушыларда әр ғылымның белгілі заңдылықтарға бағынатын түсініктер жүйесін қалыптастыра білу құзыреттілігінің маңызы зор. Ғылым тек қана фактілердің жиынтығы емес, осы тұрғыда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің теорияларды гипотезалар арқылы түсіндіре білуі басты орынға шығады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімі игеретін ғылыми-танымдық әдістер қолданылу жиілігіне қарай бірнеше топқа бөлінеді:

- *жеке*;
- *жалпы ғылыми;*
- *жалпылама* (философиялық).

Болашақ бастауыш сынып мұғалімі жеке әдістерді зерттелетін обьектілердің сапалық ерекшеліктеріне байланысты нақты зерттеулердің ауқымында қолдана алады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімі жалпы ғылыми әдістерді ғылыми зерттеулер аясында қолданып, меңгере алады. Жалпы ғылыми әдістердің біразы тек қана эмпирикалық деңгейде – бақылау,

эксперимент, өлшеу – қолданылса, ал енді кейбіреулері тек қана теориялық деңгейде – идеалдау, формалдау қолданылады. Ал, модельдеу сияқты әдіс эмпирикалық та, теориялық та деңгейде қолданыла береді. Жеке және жалпы ғылыми әдістер шынайы да нақты құбылыстарды бір ғылымның шеңберінде зерттеу барысында қолданылады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімі меңгеретін жалпылама ғылыми әдістерге анализ, синтез, индукция, дедукция жатады. Олар ғылымның дүниенің барлық жақтарын зерттеуде таным үрдісінің кез-келген кезеңінде қолданылады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлаудағы ғылыми-танымдық әдістерді қолданудың басты мақсаты – шынайы, ақиқат білімге қол жеткізу.

Ғылыми танымның эмпирикалық деңгейінде кең қолданылатын қарапайым әдіс – бақылау. Бақылау дегеніміз – зерттеушінің зерттеу объектісін мақсатты, жоспарлы, жүйелі түрде қабылдауы. Бақылау арнайы жоспар бойынша жүргізіледі. Жоспарда бақылаудың мақсаты, міндеттері, объектісі,әдістері көрсетілуі тиіс. Ғылыми негізде жасалған бақылау жоспары зерттеу жұмысының табысты болуына ықпал етеді. Ғылыми бақылау зерттелетін педагогикалық құбылысты нақты әрі дұрыс жазып алуды қажет ететіндіктен, бақылаудың нәтижесі зерттеушінің педагогикалық тәжірибесіне, құзыреттілігіне байланысты. Бақылау нәтижесі нақты болу үшін түрлі техникалық құралдарды (видео, аудио), фотосуреттер кеңінен қолданылады. Бақылау материалдары арнайы күнделікке немесе хаттамаға тіркеледі. Оқыту үдерісіндегі бақылау әдісін қолданудың психологиялық және педагогикалық мәні – оқушыларға дер кезінде көмек көрсету, олардың шығармашылығын қолдау, қабілетін ашу [142].

Келесі эмпирикалық әдіс – эксперимент. Эксперимент дегеніміз арнайы жағдай жасау арқылы зерттелетін объекті немесе құбылысқа тікелей ықпал етіп, оның қалпын зерттеушінің өзгертуі. Эксперимент әдісінің артықшылығы зерттеушіге қажетті құбылысты тосып отырудың қажеті жоқтығында. Оның екі түрі бар: лабораториялық және табиғи. Тұңғыш психологиялық эксперименталдық лабораторияны Германияның Лейпциг қаласында В.Вундт 1879 жылы ашты. Лабораториялық эксперимент құрал-жабдықтарды қолдана отыра, арнайы жабдықталған жерлерде балалардың зейінін, түйсігін, қабылдауын, ақыл-ойының даму деңгейін, икемділігін анықтауға болады. Табиғи экспериментті психологияға 1910 жылы А.Ф.Лазурский енгізді. Табиғи эксперимент баланың өмір сүру барысындағы үйреншікті жағдайында жүргізіледі. Кей кезде бұл эксперимент *психологиялық-педагогикалық эксперимент* деп те аталады [143].

Бүгінгі таңда кең қолданылатын әдістердің бірі – модельдеу. Модельдеу дегеніміз эксперименттің бір түрі, бірақ мұнда объектінің өзі емес, оның орнын басатын модель зерттеледі.

Қорыта кетсек, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ғылыми-танымдық іс-әрекеті оқыту, тәрбиелеу және дамытудың объективтік заңдылықтарын ашуға бағытталған, жаңа педагогикалық білімдерді қалыптастыра алу үшін жалпы ғылыми, интерғылыми және жеке ғылыми әдістерді меңгеруі қажет.

Яғни, бақылау мен тәжірибе, анализ бен синтез, жорамал мен гипотеза, индукция мен дедукция, аналогия, классификация мен систематизация, генетикалық әдістермен қоса, экстрополяция, интерполяция, модельдеу, ретроспекция, эксперттік бағалау әдістерін қолдана білуі шарт.

***Тұлғалық-бағдарлы*** – болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғасының қоғамның субъекті ретінде дамуы. Көпдеңгейлі білім беру түрлі сферадағы құзыреттіліктерді меңгеріп қана қоймай, тұлғалық, мінез-құлықтық тұрғыдан да өзгеруді қажет етеді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімі өзінің қоршаған ортаны тану, талдау, жүйелеу, оған деген қатынасын қалыптастыру және осы ортада өзін-өзі дамытуға қабілеттілігінің арқасында педагогикалық іс-әрекеттіің субъектісіне айналады.

А.А.Смирновтың ойынша мұғалім өз қызметінің арнайы техникасын – білімді бір сферадан екінші сфераға ауыстыра білуді – меңгерген кезде іс-әрекет субъектісіне айналады. Бастауыш сынып мұғалімі үшін іргелі теориялық білімдерді өз іс-әрекетінің технологиялық аспектісіне ауыстыра білу шығармашылық міндет болып табылады, сондықтан олар білім алу барысында түрлі деңгейдегі құзыреттіліктерді меңгеруі қажет. Көпдеңгейлі білім беру болашақ бастауыш сынып мұғаліміне өзінің даму үдерісін бақылауға және өзінің білім алу траекториясын қоршаған ортаның өзгеруіне және өзінің өзгеруіне сәйкес түзетіп отыруына жағдай жасайды.Білім берудің мәдениеттанушылық негізі тұлғаның дамуы үшін көптілді ортаның болуын қамтамасыз етуді талап етеді, сондықтан жоғары оқу орны болашақ бастауыш мектеп мұғалімін адамзат мәдениетін меңгерген, түрлі мәдени ерекшеліктермен қатынасқа түсе алатын, мәдени құндылықтарды сіңірген жаңа үлгідегі «мұғалім-оқушы» қатынасын іске асыра алатын қылып даярлауы қажет [96,б. 57].

В.П.Борисенков, О.В.Гукаленко, А.Я.Данилюктардың пайымдауынша, көптілді білім беру ортасы«мұғалім-оқушы» қатынасында педагогикалық мәдениеттің жаңа типін, жалпы адамзатқа тән мәдени құндылықтарды, көптілді комуникацияны, шығармашылық даралықты қажет етеді. Мұғалім іс-әрекетінің метамәтіндік сипаттамасы пайда болады, өйткені онсыз жаңа тұрпаттағы білім беру кеңістігінің қалыптасуы мүмкін емес. Авторлар: «Мәдениетті қалыптастыру барысында адам тек өзіне керек заттар, бейнелер мен теорияларды ғана қалыптастырмайды, ол өзін-өзі қалыптастырады» – дейді[144]. Яғни, өзін-өзі қалыптастырған мұғалім оқушыларына да өздерін қалыптастыруға, өз дамуының мазмұндық перспективасын көруге және оны өз іс-әрекетінде көкейкестілендіруге көмектесе алады.

Педагогикалық іс-әрекет өзін-өзі іске асыру мен өзін-өзі көрсету ретінде ғана анықталмайды, ол ең бірінші, адамның өмір сүру әдісі ретінде анықталады. Бастауыш сынып мұғалімінің өмір сүру әдісі оның өз оқушыларында құндылықтар мен құзыреттіліктерді қалыптастыра алатын құндылықтарымен, құзыреттіліктерімен байланысты, сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімінің бағдары әрқашанда оқушының іс-әрекетіне бағытталып, ол өзінің кез-келген оқушысының адам ретінде құнды екендігін сөзсіз қабылдайды.

Осыдан педагогикалық іс-әрекеттің терең мәні мен жаһандық білім берудің адамды ең маңызды құндылық деп қабылдауы көрініс береді. Болашақ бастауыш мектеп мұғалімі үшін басты құндылық адамның құндылығын, оның жеке ерекшелігінінің, жеке өмірінің бар екендігін мойындау арқылы кіші мектеп жасындағы балаларда білім алуға деген қызығушылық арқылы өзін-өзі дамытудың маңыздылығын қалыптастыра білу болып табылады.

Қазақстандық білім беру жүйесін жаһандық білім беру талаптарына сай модернизациялау арқылы біз мектеп бітірушілерде дүниені түрлі ракурстан қабылдауға, өмір сүру жағдайы мен мәдени ерекшеліктері әртүрлілігіне қарамастан адамзаттық құндылықтар мен қажеттіліктердің дүниежүзінде бірдей екендігі туралы түсінік қалыптастыруымыз керек.

Қорыта келе айтарымыз, мұғалім педагогикалық сананың иесі ретінде кәсіби іс-әрекетінде өзінің өмір сүру әдісін белсенді іске асыратын субъект болып табылатындықтан, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау түрлі мәдениеттің құндылықтарын біріктіре алатын, әртүрлі мәдениет пен тілдің ортақ мәні мен мазмұнын таба алатын құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталуы керек. Жоғары педагогикалық оқу орындарының оқытушыларының бірінші кезектегі міндеті – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін студенттік шағының мазмұнын нақты құзыреттіліктерді меңгеруге және тәжірибе жинақтауға бағыттау арқылы бәсекелестікке қабілетті және нәтижелі болуға даярлау.

***Нәтижелі-бағдарлы*** – болашақ бастауыш сынып мұғалімінің қалаған нәтижеге жету үшін бар мүмкіндігін сарқа жұмсауға, кездескен қиыншылықтарды жеңе білуі. Нәтижеге бағытталған білім беру дүниежүзілік тәжірибеде бұрыннан бар.

Жоғары педагогикалық білім берудің жаңартылған мазмұны құзыреттілікке бағытталған ұстанымға сүйенеді. Компетенцияға бағытталған ұстанымның білім беру тәжірибесіне енгізілуі және негізгі компетенцияларды дамыту теориясын негіздеу дүниежүзілік педагогикалық практика үшін маңызды мәселе болып табылады. Батыстың дамыған елдерінде білім берудің келесі міндеттері туралы сөз болады: «оқушылардың алған білімдерін өмірге кіріктіріп, түрлі жағдайларда қолдануға мүмкіндік беретін компетенциялар қалыптастыру. Компетенциялардың бәрі субъектінің өмір тәжірибесі мен іс-әрекетіне байланысты, жағдай мен іс-әрекеттен тыс көрініс бермейді» [142,б. 46].

Компетенция – бұл субъектінің өзгеріп отыратын жағдайға бейімделуіне мүмкіндік беретін, білім, білік және дағдылардың жиынтығы. Яғни, компетенция дегеніміз – нақты жағдайда өмірін сақтау үшін жасайтын іс-әрекеті мен қиыншылықты жеңе білуі. Алайда, білімсіз компетенция болмайды, бірақ тек білім әлі компетенция емес, тіпті компетенциясыз білім қолданылмайды. Сондықтан кейбір батыс елдерінің оқыту технологияларында алдымен нақты компетенцияларды қалыптастыру міндеті қойылады, сосын білім береді, алған білімдерінің негізінде компетенцияның көрініс берілуі тексеріледі.

Халықаралық білім беру тәжірибесінде нәтижеге бағытталған білім беру моделі жүзеге асырылады (Outcomes Based Education). Аталған модельдің маңызды айырмашылығын білім берудің алдыңғы қатарлы құзыреттілікке бағытталған педагогикалық технологиясын іске асырудан көруге болады:

- ұлттық білім беру жүйесінің ортақ мақсаттарын анықтау;
- оқыту мен тәрбиелеудің күтілетін көп деңгейлі мақсаттар жүйесін қалыптастыру;
- білім берудің әр деңгейіне сай білім беру мазмұнын реттеу;
- білім берудің сапасына мониторинг жасауды қамтамасыз ету;
- білім беру ұйымдарының жұмысына барлық тілек білдірген адамдарды серіктестікке шақыру;
- оқытудың стратегиясын өзгерту (ынтымақтастық, серіктестік және шығармашылық).

Заманауи білім беру үдерісі үшін «құзыреттілік» негізгі ұғым болып табылады. Алдыңғы қатарлы елдерде білім беру нәтижесі «құзыреттілік» ұғымымен анықталады, ал педагогикалық өлшемдер «құзыреттіліктерді өлшеу» деген ұғыммен анықталады. Оқытудың құрылымына білім беру стандарттарын енгізуге байланысты талдаған әдебиеттерде «стандартқа бағытталған оқыту» және «құзыреттілікке бағытталған оқыту» терминдері синоним ретінде қолданылды. Яғни, заманауи білім беруде стандарт ұғымы құзыреттілік теориясымен тығыз байланыста. Болашақта білім мен біліктер оқыту барысында кіріктірілуі керек. Құзыреттіліктің заманауи ұғымы өз бойына білім мен біліктерден басқа әлеуметтік, эмоционалдық, мотивациялық, ерік сияқты біраз тұлғалық қасиеттерді де кіріктіреді. Құзыреттіліктің құрамына білім мен жалпы когнитивтік қабілеттерден басқа құндылықтар да кіреді. Осының бәрі нәтиже ұғымының аясына енеді.

**Практикаға бағытталған оқыту.** Жоғары пеадгогикалық білім беру саласы оны бітіруші түлектерге қойылатын талаптардың әсерінен қазіргі таңда көптеген өзгерістерден өтуде. Қазіргі талаптардың негізгі ағымы – жас маман жоғары оқу орнынан шыға салысымен білім алу барысында алған квалификациясы мен құзыреттіліктерінің арқасында еш қиындықсыз еңбек үдерісіне қосыла алуы керек. Осыған байланысты білім беру тәжірибесіндегі бағыттардың ішінен практикаға бағытталған оқыту басты орынға шыға бастады, алайда оның жалпы теориялық негіздері және оқыту формалары мен технологиялары толық анықталмаған. Әзірге, бұл оқыту кітапқа емес нақты практикаға жүзінде, мектеп және оқу ұйымдарымен тығыз байланыста өтуі еш талас туғызбайды. Практикаға бағытталған оқыту бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдері білім беру бағдарламаларын аудиторияда емес, нақты іс жүзінде меңгеріп, жалпы және арнайы кәсіби құзыреттіліктерін оқу мерзімінде нақты практикалық міндеттерді шешу үстінде қалыптастыруы қажет. Практикаға бағытталған оқыту педагогикалық жоғары оқу орнында студенттердің кәсіби даярлығын қамтамасыз ететін арнайы орындардың болуын қажет етеді, яғни, студенттерде әлеуметтік және кәсіби практикадан өтуге қажетті біліктер мен дағдылар оқу барысында қалыптастырылуы керек.

Сонымен қатар, болашақ бастауыш сынып мұғалімдері осы біліктері мен дағдыларының тәжірибеде қай жерде керек екендігін және оларды қалай қолданатындығын анық білуі шарт.

Осы тұрғыдан алғанда педагогикалық жоғары оқу орындары мен түлектерге жұмыс беретін ұйымдардың өзара байланыстарының механизмін жасау көкейкесті мәселе болып табылады. Қазіргі таңдағы тез өзгеретін қоғамда жоғары педагогикалық оқу орнының түлектерінің құзыреттілік моделін жұмыс берушілер анықтайды, сондықтан жоғары оқу орны клиентке бағытталған түлектерді даярлауы қажет. Клиентке бағытталған ұстаным жоғары оқу орнын бітірушілер тұтынушылардың нақты қандай қажеттіліктерін қанағаттандыратын құзыреттіліктерді меңгеруі тиіс екендігін анықтауға көмектеседі. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері тек қана мемлекеттік стандартта көрсетілген құзыреттіліктерді ғана меңгеріп қоймай, қосымша, тұтынушыларға (мектеп, білім беру ұйымдары) қажет біліктерді де меңгеруі шарт. Клиентке бағытталған ұстаным білім беру рыногының мәндік сипатына айналуы қажет.

Қорыта айтқанда, практикаға бағытталған оқыту, ең бірінші, болашақ бастауыш сынып мұғаліміне пайдалы, өйткені, ол оқу барысында өзінің жұмыс берушісімен тығыз байланыста болады, оқу ұйымының оқытушыларға қоятын талаптарын тікелей сол жерде қабылдап, орындай алады. Сонымен қатар, практикаға бағытталған оқыту жұмыс берушілерге қызықты, өйткені жоғары педагогикалық оқу орнымен тікелей байланыс орнатқан білім беру ұйымы студенттерден болашақ өз қызметкерлерін тәрбиелеп шыға алады. Бітіруші түлектер тап осы білім беру мекемесіне қажет құзыреттіліктерді меңгеріп шығады. Жұмысқа тұру мен жұмысқа алу үдерісі жеңілдейді.

**Денсаулық сақтауға бағытталған оқыту.** Денсаулық ұғымының 300-ден астам анықтамасы бар, алайда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының анықтамасы бойынша: «Денсаулық дегеніміз – ауру мен кемістіктердің болмауы ғана емес,  денелік, психикалық және әлеуметтік толық қолайлы жағдай»[145].

Адамның денсаулығына қоршаған ортаның әсері зор, оған дем алатын ауаның, күнделікті пайдаланатын ауыз судың, тағамның таза болуынын маңызы ерекше. Адам денсаулығына салауатты өмір сүру салтын сақтауы да әсер етеді.Шылым шегу,алкогольішу, дұрыс тамақтанбау т.б. адамның денсаулығы бұзылады. Кейде қолайсыз еңбек немесе тұрмыстық жағдайдың нашарлауы, медициналык жәрдемнің дұрыс көрсетілмеуі де денсаулыққа кері әсерін тигізеді. Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша адам денсаулығының 52% оның өмір сүру салты мен жағдайына байланысты екендігін көрсетеді. Республикамыздың мектеп оқушыларын дәрігерлік тексеруден өткізу нәтижесі бойынша балалардың 44,8% денсаулығында ақаулық бар екендігі, олардың ішінде 35%-ы үнемі дәрігерлік бақылауда болу керектігі анықталған [146].

Қоғамымыздың заманауи әлеуметтік-экономикалық даму кезеңінде денсаулық сақтаудағы жеке тұлғаның рөлі көтерілуде. Елбасымыз

Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан–2030»бағдарламасында халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуда денсаулықты сақтаудың маңызы туралы және салауатты өмір сүру салтын дамытудың қоғам үшін аса қажет екендігінбаса айтып өткен болатын [140,б. 11].

Бұл тұрғыда бастауыш сынып оқушыларының, жасөспірімдердің және ересек адамдардың салауатты өмір салтын ұстанудың педагогика-психологиялық негізіндегі ықпалын қалыптастыру маңызды. Денсаулық - тән, рухани және әлеуметтік игіліктің жиынтығы. Денені үнемі ширықтыру, шынықтыру, сананың сапа деңгейін көтеру, интеллект өрісін биіктету, рухыңды шыңдау - бәрі де денсаулыққа қызмет етеді десек қателеспейміз.Қазіргі уақыттағы әлеуметтік - экономикалық жағдай, тіршілік деңгейінің құлдырауы және экологиялық қолайсыздық Қазақстан Республикасының бүкіл халқының, әсіресе, өскелең ұрпақтың денсаулығына кері әсерін тигізуде.

Қазақстан азаматтарының денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын ынталандыру туралы елбасының жолдауын, егемендіктің кілтін ұстар жастардың болашағына апаратын, алтын сүрлеу десе болады.

Педагогика және педагогика ғылымдарының көптеген әдебиеттерін зерделей келе, білім берудің әртүрлі бағдарламаларының мақсаттарына сүйене отырып, сабақтан тыс сынып сабақ барысында «Салауатты өмір салты үшін» атты гигиеналық мінез-құлық негіздерін қалыптастыру; физикалық және психикалық өзін-өзі дамыту; зиянды әдеттерге теріс көзқарасты қалыптастыру; өз жауапкершілігінсезіну, организмнің дұрыс дамуы үшін теңдестірілген диеталар негізі; дамыту үшін оқушыларды үйрету және жеке күн режимін сақтау; физиологиялық және психологиялық заңдылықтары таныстыру, секілді талаптардың мазмұны төмендегідей:

1.Өзі үйрену және басқаларға үйрету;

2.Күн тәртібі;

3.Салауатты тамақтану;

4.Гигиенаны сақтау;

5.Темекі шегуден, маскүнемдіктен және нашақорлықтан сақтану;

6.Дене шынықтыру және ағза беріктендіру.

7.Жыныстық мәдениет және денсаулық сақтау.

Қорытындылай келе, жүргізілген ғылыми-зерттеудің теориялық жетекші идеясы оқушылардың сыныптан тыс сабақтары барысында салауатты өмір салтын ұстануды және денсаулықтың маңыздылығын түсіндіруге мүмкіндік береді[146,б. 9].

Қазақстан Республикасының заманауи білім беру тұжырымдамасы мен білім беру жүйесін реформалаудың негізгі бағыты ретінде білім беру үдерісіне денсаулық сақтау технологиялары енгізілуде. Білім беру мазмұнына енгізілген жаңалықтар білім алушылардан үлкен күш пен еңбекті талап етеді. Ол өз кезегінде физиологиялық шаршау мен психоэмоциялық артық жүктеме түріндегі ағзаның түрлі функционалдық ауытқуларын тудырады. Сол себепті де білім алушыларда созылмалы аурулар, психиканың бұзылуы және стресс көп кездеседі.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері оқушылардың денсаулығын сақтауға мектептің оқу үдерісінің бір міндеті ретінде даяр болуы шарт. Сондықтан бұл міндетті жүзеге асыру үшін ол денсаулық сақтау технологияларын қолдану, денсаулық сақтау ортасын құру, мұғалімдердің оқушының денсаулық мәдениетін қалыптастыру мақсатында медицина қызметкерлерімен, әлеуметтік педагог, психологтармен біріккен әрекет жасау жолдарын жоғары оқу орнында білім алу барысында меңгеруі қажет. Алайда, заманауи жоғары педагогикалық оқу орындарының өзінде іс жүзінде оқытушылық-профессорлық құрам денсаулық сақтау технологияларын үнемі қолданбайды. Біздің ойымызша, студенттерде, оқытушылық-профессорлық құрамның өзінде де өз денсаулығына деген қамқор көзқарас, денсаулық сақтау туралы білімдері төмен, өз денсаулығын сақтаудың қарапайым іскерліктері мен дағдылары қалыптаспаған.

Денсаулық сақтау педагогикасы білім беру мен тәрбиенің арақатынасын жаңаша қарастырып, тәрбиені баланың денсаулығын сақтап әрі дамытатын өмірлік үдеріс деп таниды. Сондықтан, болашақ бастауыш сынып мұғалімі денсаулық сақтау технологияларының жалпы құрылымы мен жүргізілу барысын біле отырып, денсаулық сақтаудың негізгі мәселелерін шешуді жүзеге асыруы қажет. Бұл денсаулық сақтау технологияларының маңызды бірінші қадамы деп айтуға болады. Екінші қадам оқушы мен педагог арасында сенімді қарым-қатынас орнату деп түсініп, оқушыны технологияның субъектісі деп қарау болып табылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімі «мұғалім-оқушы» қатынасын тек мәлімет алмасу деп қана түсінбей, оқушының «мен-концепциясын» дамыту арқылы оны нағыз субъект ретінде дамыта білуге құзыретті болуы шарт. Заманауи бастауыш сыныпмұғалімі мектепте жұмыс істеу үшін денсаулық сақтау технологияларын жүзеге асыратын біліктермен қамтамасыз етіліп, оқушыларға денсаулық сақтаудың негіздерін үйрете отырып, салауатты өмір сүруге қызығушылығы мен қажеттілігін туғыза білуі қажет.

Денсаулық сақтау технологиясы бастауыш сынып мұғалімінен үлкен кәсіби құзыреттілікті (оның білімі, біліктері, мәдениеті, оқушыға деген ізгілікті қарым-қатынасы, оқытудың жеке тұлғаға бағытталған жүйесінде жұмыс істей білуі) қажет етеді. Мақсатқа жету мен жағымды нәтиже алу үшін технологиялық амалдар мен денсаулық сақтаушы әрекеттер жасалуы қажет. Денсаулық сақтау технологияларының мақсаты – оқыту, тәрбиелеу, дамытуда жоспарланған білім беру нәтижесіне қол жеткізу. Денсаулық сақтау білім беру үдерісінің негізгі және жалғыз мақсаты болып анықталмайды, ол басты мақсатқа жетудің шарты немесе бір міндеті ретінде ғана анықталады. «Денсаулық сақтау» ұғымы кез-келген білім беру технологиясының сапалық сипатына жатып, аталған оқыту технологиясын іске асыру барысында оқушының денсаулығын сақтау қаншалықты жүзеге асырылатынын көрсетеді. Сондықтан, жоғары педагогикалық оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мұғаліміне үйретілетін денсаулық сақтау бағдарламасы мектептегідей жеті негізгі бағыттан тұруы керек:

- денсаулық туралы балаларға білім беру;
- дене белсенділігіне бағытталған бағдарламалар мен нұсқаулықтар;
- мектептегі тамақтану;
- мектептегі денсаулық сақтау қызметі;
- психологиялық және әлеуметтік кеңес беру;
- денсаулық сақтау мәселелері бойынша мектеп қызметкерлерінің біліктілігін жетілдіру;
- балалардың денсаулығын сақтауға отбасы мен қоғамның белсенді атсалысуы.

Қорыта келе, осы бағдарламаға сай заманауи жоғары педагогикалық оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мұғалімдері келесі денсаулық сақтау құзыреттіліктерін меңгеріп шығуы қажет:

-білім беру мекемелерінің кез-келген сатысында денсаулық сақтау ортасын ұйымдастыра білу;

-оқушылардың денсаулығы, денсаулық сақтау,салауатты өмір салты мәселелері бойынша жеке даму бағдарламаларын құрастыра білу;

-білім беру, денсаулық, салауатты өмір салтын сақтаудың өзекті мәселелері бойынша педагогикалық зерттеулер жүргізе білу;

-кәсіби іс-әрекетінде денсаулық сақтау технологияларын қолдану.

***Коммуниктивтік мәдениеті*** – қоғамда өмір сүру ережелері мен нормаларын орындауға мүмкіндік беретін коммуникативтік дағдылар.

Жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде жүріп жатқан өзгерістер аясында бүгінгі таңда білім беру мазмұнының интегративтік және гуманитарлық бағытын, дамыту технологияларының диалогтық сипатын, болашақ бастауыш мектеп мұғалімінің тұлғасын дамытатын білім беру технологияларын қолдануды қажет ететін мәдениеттанушылық ұстаным басты орынға шығып отыр. Адам қоғамының сұранысынан пайда болған мәдениет пен білім беру өзара шын мәнінде диалогтық қатынаста болып, адамдардың әлеуметтік ортадағы байланыстарын, келешек ұрпақтың түрлендіріп қолдануын қамтамасыз етеді. Коммуникация барысында индивид қоғамның және тұлғаның рухани әрі материалдық құндылықтарын игеріп, адам қоғамында өмір сүру мен өзара қатынасты реттейтін ережелер ретінде мәдени нормаларды меңгереді.

Білім беруді мәдени құбылыс ретінде түсіну маман даярлаудың мазмұнын байытып, болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетіне қойылатын квалификациялық талаптарды кәсіби әрі әлеуметтік мәнді құндылық ретінде негіздеуге мүмкіндік берді. Біз коммуникативтік мәдениетті болашақ бастауыш мектеп мұғалімінің тұлғасының негізгі құрылымы ретінде педагогикалық мәдениеттің бір бөлігі ретінде танып, оны педагогтың басқа субъектіге бағыттылығын анықтайтын тұлғалық және кәсіби құндылықтардың тұтастығы ретінде қабылдаймыз. Оның негізгі құрамдас бөліктеріне мыналарды жатқызамыз: өз әрекетін басқа адамдардың әрекетімен үйлестіре білу, басқаны қабылдау; басқа адамды коммуникация бойынша серік деп қажетсіну, коммуникация шекарасын кеңейту; басқа адамдармен оңтайлы тактикалық өзара әрекеттесуді ұйымдастырып, рефлексияға дайын болу.

Қорыта кетсек, коммуникативтік мәдениет индивидтің қайталанбас ерекшелігі болып табылады. Сондықтан, қоғам дамуының қазіргі кезеңіндегі бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудағы нәтижелі педагогикалық іс-әрекетке бағытталған ұстаным мұғалім тұлғасының негізгі құрамдас бөлігі коммуникативтік мәдениет деп түсінеді. Тұлғалық-бағдарлы білім беру моделіне сәйкес болашақ бастауыш сынып мұғалімдері балаға мәдени-тарихи, адамгерщілік-рухани құндылықтарды жеткізуші ғана емес, бір адамнан екінші адамға коммуникативтік мәдениетті трансляция жасаушы ретінде қызмет атқаратындықтан, коммуникативтік мәдениет құндылықтардың индикаторы және қарым-қатынас үдерісінде оларды бір адамнан екінші адамға жеткізу әдісі ретінде қызмет атқарады. Сонымен қатар, коммуникативтік мәдениет тұлғаның мазмұндық мәнін, педагог пен бала арасындағы өзара әрекеттесу мен түсінушілікті қамтамасыз етеді деп түсінеміз.

***Ақпаратттық-коммуникациялық*** – жаңа мультимедиалық құралдардың, анимация құру мүмкіндігінің, дыбыстаудың пайда болуына байланысты бастауыш сыныптағы пәндер аясында оқу бағдарламаларын құра білуі. Ақпараттық технологиялар құралдары мейлінше кең ауқымын бар. Креативтілік мүмкіндіктері, ақпараттық ортада пайдалана алу мүмкіндігі болады. Білім беруді ақпараттандыру жағдайында болашақ физика мұғалімдерін даярлауды бүгінгі қоғам талабына сай жаңаша ұйымдастыру ғалымдардан оның педагогикалық-психологиялық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін терең зерттеуді, заманауи талаптарына қарай білім беру технологиялары мен әдістерін, білім беру ұстанымдарын қайта қарастыруға бетбұрыс жасауды талап етеді.

Білімді ақпараттандыру жағдайында болашақ физика мұғалімдерін оқытуды олардың креативтілігін қалыптастыру негізінде физика саласы бойынша жеке пәндерді оқыту әдістемесін дамытудың маңызы зор.

XXI ғасыр – ақпараттық технология ғасыры сондықтан, болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби-педагогикалық даярлауда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану – қазіргі заман талабы. Осы талапқа сай жоғары педагогикалық білім беруді ақпараттандыру мақсаты алға қойылуда. Заманауи жоғары педагогикалық білім беру жүйесін дамытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Қоғамдағы ақпараттандыру үдерістерінің қарқынды дамуына байланысты жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгерген бастауыш сынып мұғалімін қалыптастыру көкейкесті мәселе. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты 2007 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында «Біз білім беруді жаңғыртуды одан әрі жалғастыруға тиіспіз. «Өмір бойы білім алу» әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс», – делінген [4,б. 17].

2010 жылғы 7 желтоқсанда қабылданған Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «E-learning» электронды оқыту жүйесі бойынша білім беру сапасын және басқару тиімділігін арттыру үшін оқу үдерісін автоматтандыру,

педагогтар мен оқушыларды ең жақсы білім беру ресурстарына және технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсаты атап көрсетілді [2,б. 12]. Яғни, дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелердің бірі – оқу үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану. Еліміздің заманауи білім беру жүйесіндегі инновацияға ақпараттық кеңістікті құруды жатқызуға болады. Жоғары мектепті ақпараттандыру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдері меңгеруге тиісті білім, білік, дағдылардың ауқымы күннен-күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр.

Жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үдерісін модернизациялаудың тиімді тәсілдерін пайдалану және одан әрі дамытуға мүмкіндік туып отыр. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыру қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және интернет ресурстарды пайдаланудың арқасында студенттің білім беру үдерісінде шығармашылық қабілетін дамыту мүмкін болады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық құзыреттілігі мен ақпараттық мәдениетін қалыпастыру заманауи үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейкесті мәселелердің біріне айналып отыр. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

-болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің өздік жұмысына;

-уақытты үнемдеу, аз уақытта көп білім алуына;

-білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;

-қашықтықтан білім алу мүмкіндігі;

-қажетті ақпаратты жедел түрде алу;

-экономикалық тиімділік;

-әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, естіп, сезіну мүмкіндігі;

-болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің дүниетанымын кеңейтуге тигізетін ықпалымен анықталады.

Алайда, жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде білімдік және ақпараттық технологияларды іс жүзінде үйлестіре қолдануда қиыншылық кездеседі, ол – ақпараттық технологиялардың тез жаңаруы. Жағдайды өзгерту үшін білім беру технологиялары мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кіріктіру қажет, сонда болашақ бастауыш сынып педагогы өзі жақсы меңгерген техникалық құралдарды сабақта тиімді қолдана алатын болады. Заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білім беру жүйесіне енгізгенде, оқыту материалдарының мазмұндылығы мен әркімнің өзінің үйренуіне жағдай жасаудың маңызы зор. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың нәтижесі мен сапасы өздігінен оқып үйрену үдерісін тиімді ұйымдастыру мен пайдаланатын материалдардың сапасына тәуелді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау үдерісінде компьютер және

ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолдану олардың инновациялық ойлауын дамытып, жүйелі байланыстар мен заңдылықтарды табуға мәжбүрлеп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби әлеуетін қалыптасыруға жол ашады.

Ұлттық білім беру жүйесінде болған өзгерістер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың мақсаты мен басым бағыттарын қайта қарауды қажет етеді. Жоғары мектепті реформалаудың маңызды бағыттарына көз жүгіртсек, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-педагогикалық даярлығында оқу-танымдық бағыт басым болып табылады. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге жүргізген талдауымыздың арқасында заманауи бастауыш сынып үшін кәсіби маман даярлауда біраз өзгерістер еніп, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау жүйесін модернизациялаудың тенденциялары анықталды.

Бүгінде білім берудің барлық саласында *оқыту үдерісін ақпараттандыру*педагогика ғылымының дамуының басты тенденциясы ретінде анықталды. Соңғы жылдары дүниежүзілік білім беру кеңістігінде компьютерлік, телекоммуникациялық технологиялардың рөлі түбегейлі артып отырса да, өкінішке орай, білім беру үдерісін жетілдіру үшін жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіншіліктері толығыменқолданылмай отыр. Жоғары мектепті реформалаудың маңызды бағыттарына көз жүгіртсек, болашақ бастауыш мектеп мұғалімінің кәсіби-педагогикалық даярлығында *теориялық-әдіснамалық бағыт* басым болып табылады.

Модернизациялаудың аталған басым бағыттарын іске асыру болашақ бастауыш мұғалімдерін даярлаудың сапасын арттырады және *нәтижеге бағытталған оқытуды* енгізу қажеттігін анықтайды. Тап осы бағыт болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау жүйесінің мазмұнын, формасын, әдістері мен құралдарын жаңартуды жүйелілік, тұлғалық-бағдарлы, құзыреттілік және технологиялылық тұрғыдан қамтамасыз етеді. Сонымен, кәсіби педагогикалық білім берудің заманауи даму кезеңіне жасаған талдауымыз болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне кәсіби-педагогикалық білім беруді жетілдіру мәселесі қоғамымыздың сұранысына сай жүріп, болашақ педагогізгілікті, оқушыға бағытталған, педагогикалық ойлауы дамыған, кәсіби ұтқыр, конструктивті іс-әрекетке қабілетті болып шығуы қажет. Осындай бастауыш сынып мұғалімі оқу-тәрбие ісіндегі инновацияларды еркін меңгеріп, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданып, бастауыш білім берудің қажеттіліктері мен шарттарын терең түсіне алады.

Зерттеу кезеңінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда қоғамдық сұранысқа сәйкес жаңа бағыт болып табылатын қосымша біліктіліктің берілуі 05010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша мамандандыру мәселесі қолға алына бастады. 05010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша білім алушыларға (бакалавр) сырттай бөлімде арнайы орта біліммен түскендер таңдаулары бойынша бастауыш сынып мұғалімі және информатика, шет тілі, музыка пәнінің мұғалімі деген біліктілікмамандандырубойынша берілуде. Бұл жерде басты ескерілген мәселе студенттің осы мамандандыру саласының қайсысына бейімділігі басым болса, өз қалауымен таңдауға

мүмкіндік туғызылып отырғанын айта кеткеніміз жөн. Бұл бастауыш сынып оқушыларының дербес ерекшелігін ескере отырып, оқыту үдерісін ұйымдастыруда барлық әдістемені жетік меңгерген болашақ маманның осы деңгейде оқытылатын шет тілі, информатика немесе музыка пәндерін өздері беретін деңгейге жеткізуі білім сапасын арттыруға негіз болады деп есептейміз. Әзірге бұл сырттай оқу бөлімінде тек қана Абай атындағы ҚазҰПУ-де тәжірибеге енгізіліп отырғаны белгілі болды.Келешекте бұл тәжірибе республикамызда басқа оқу орындарында жалғасын табуы керек деп санаймыз.

Қорыта кетсек, еліміз егемендік алғаннан бері бастауыш білім беру мәселесіне ерекше мән беріліп, бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау мәселесі педагогикалық жоғары оқу орындарында жүзеге асырылып келеді, білім берудің мемлекеттік стандарты, оқулықтар, оқу әдістемелік құралдар, бағдарламалар жасалды Бастауыш сынып мұғалімі мемлекеттік стандартта көрсетілген барлық пәннен сабақ береді. Сондықтан бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығында студенттерге сапалы білім беріп, іс-әрекет дағдысын қалыптастырудың маңызы зор. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау ол – ұзақ даму жолынан өткен күрделі мәселенің бірі.

### 2.3 Қазақстандық білім беру жүйесін жаңарту жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлаудың тиімділігін арттырудың жолдары

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2007 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында Республикадағы әлеуметтік, саяси-мәдени жағдайларға кеңінен талдау жасап, елдің негізгі даму басымдықтарын атап көрсетті. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елінің қатарына қосылуына қол жеткен нәтижелері мүмкіндік туғызады. Елімізде кәсіби бағдар берудің жаңа жүйесін жасау, бәсекеге қабілетті және құзіретті маман дайындау бүгінгі күннің талабы. Мұндай маман дайындау үшін білім беру үдерісін белсенділендіру, оқытудың жаңа формалары мен әдіс-тәсілдерін, технологияларын жетілдіру қажет. Оқыту үдерісін белсенділендіру – берік те, тиянақты білім берудің жолдарын қарастыру, студенттердің шығармашылық ойлауына, ізденуіне мүмкіндік жасау, оларды келешек мамандығына қызықтыра алу, оларды өздігінен жұмыс істеуге бағыттап ұйымдастыру қажет, - деп көрсеткен болатын[4,б. 11].

Бұдан білім беру саясатының келелі мәселелері – бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлаудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың формалары мен әдістерінің түрлерін өзгерту, технологияларды жоғары деңгейде пайдалану, қазіргі қоғамның сұранысына жауап беретіндей білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның рөлін арттыру болып табылады. Мұның өзі жоғары оқу орнында бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлауда қазіргі қоғам

сұранысына жауап беретін, бәсекеге қабілетті, өзін-өзі дамытатын, өзін-өзі жүзеге асыра алатын, маман қалыптастыруды міндеттейді.

Г.И.Хозяиновтың тұжырымдамасы бойынша, кәсіби педагогикалық білім мазмұны осы мамандыққа сәйкес жалпы және арнайы бөлім негізінде беріледі. Олар берілетін білім мазмұнының деңгейіне қарай көрсетілген құрамын бақылап, ондағы барлық компоненттер өзара байланыста болады [147]. Автор мәдениеттану тұжырымдамасының білім мазмұнын гуманистік ойлаудың бағдарларына сәйкес адами мәдениетке бейімделген адамзаттың әлеуметтік тәжірибесі ретінде қарастырады. Осы тұжырымдамаға сәйкес білім мазмұны төрт құрылымдық элементтен тұрады: танымдық іс-әрекеттік тәжірибе (білім); қайта жасау әрекеті тәжірибесі, оны іске асыру түрлерінің тәсілі (дағды мен іскерлік); шығармашылық іс-әрекеттік тәжірибе (проблемалық жағдаяттарды шешу); сезімдік-құндылық қатынасты іске асыру тәжірибесі.

Бұдан шығатын қорытынды, шығармашылық іс-әрекеттік тәжірибе мен сезімдік-құндылық қатынастық тәжірибе білім берудің компоненттері ретінде алдымен болашақ бастауыш сынып мұғалімін даярлауда тәрбиелік сипатын анықтауы тиіс. Бұл өз кезегінде педагогикалық мәдениет, педагогикалық әрекеттің құндылығын, жеке педагогикалық сананың қалыптасуы, ойлауы, қобалжу тәсілдері мен шарттарын меңгеруге ықпал етеді.

Ю.В.Сенько бойынша, жоғары педагогикалық білім өзіне ғылыми-педагогикалық білім блогын қамтиды, тарихи білім, этнопедагогика, жаңашылдық және т.б. Педагогикалық мәдениеттің білім көзі жалпы педагогикалық мәдениет, педагогикалық мәдениет, мұғалімнің кәсіби мәдениеті жатады [148]. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінкәсіби-педагогикалық даярлаудың мақсаты тұлғалық кәсіби мінезді қалыптастыруға негіз болатын жеке тұлғалық тәжірибе мен кәсіби педагогикалық тәжірибемен қамтамасыз ету.

Қазақстандық білім беру жүйесін жаңарту жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлаудың тиімділігін арттырудың жолдарының бірі тұлғалық-бағдарлы оқыту үдерісінде білім сапасына қол жеткізуді көздеу мақсатында келесі компоненттерді қосу қажет. Олар:

- танымдық-құрылымдық компонент маман дайындауда тұлғалықбағдарлы білімді меңгертудің технологияларымен қамтамасыз ету;
- коммуникативтік-әрекеттік компонент білім беру үдерісінде мұғалімнің субъектілік өзара әрекеттестік қабілетін ашатын белсенділікке ұмтылушылық;
-мағыналы-құндылық компоненті мағыналы субъектілік автордың ойлау жүйесі мен қарым-қатынасы.

Білім берудің бұл компоненттері бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлаудағы педагогикалық бағдарламаларды жобалауда және оқыту үдерісінде білім алушылардың дамуына ықпал ететін арнайы құрылым негізінде іске асырылатын теориялық және практикалық дайындықтың пайыздық қатынасы, олардың тұлғалық және кәсіби тәжірибесін өзектендіретін, тұлғаның жүйелі сипаттамасын қамтамасыз етеді.

Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлаудың тиімділігін арттыруда негізгі нормативті ережелерді басшылыққа ала отырып, білім сапасына қол жеткізуде келесі ұстанымдарды есепке алуы тиіс:

- тұлғалық бағдарлы оқыту ұстанымы оқыту міндеттерінің шешуде студенттің білімі, тәрбиесі және тұлғалық дамуының өзара байланыстылығы;
- оқыту үдерісіндегі тұлғаны дамытушылық және үйлесімділік ұстанымы;
- оқытудың эвристикалық және ғылымилық ұстанымы;
- оқытудың саналылық және шығармашылық белсенділігі ұстанымы;
- оқытудың көрнекілік және түсініктілік ұстанымы;
- оқытудың жүйелілік және бірізділік ұстанымы;
- оқытудың өзара үйлесімділігі және студенттің өзіндік білім алуы ұстанымы;
- оқытудың бұрынғы жеткен жетістікке сүйенуі, білімнің белгіленген деңгейіне жеткізу ұстанымы;
- оқытудың саналылығы, беріктігі және нәтиженің әрекеттестігі ұстанымы;
- оқытудың жұптық, топтық сипатты ұстанымы;
- оқытудың міндеттері мен оны іске асыру әдістері мен технологияларының өзара байланысы ұстанымы;
- оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі формаларына, міндеттеріне, әдістеріне, танымдық мүмкіндіктеріне, студенттердің ерекшеліктеріне байланыстылығы ұстанымы.

*Оқытудың ғылымилығы ұстанымы* маңызды болып есептелінеді, себебі ол ғылым мазмұны мен оқу пәнінің байланыс заңдылықтарына сүйенеді. Бұл ұстаным оқу пәні мазмұнының ғылыми таным пайда болу, өзгеру және даму үлгісіне сәйкес жаңа ғылыми фактілермен, ұғымдармен, заңдармен, теориялық дәлелденгенін талап етеді. Мұның барлығы логикалық ойлау қабілетін дамытады, танымдық ғылыми ұстанымына сүйенеді. Ғылымилық ұстанымыпәнінің қазіргі жағдайлардағы, болашақтағы орны жайлы ғылыми түсініктерді қалыптастырады, шығармашылық іс-әрекеттің көрінуіне ықпал етеді. Ғылымилық ұстанымы және пән мазмұнының қазіргі талапқа сәйкестігі онда ақпараттардың жаңа нәтижелері, ақпараттық ресурстарды толыққанды қолдану негізінде бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлауда жаңа нәтижеге жеткізіледі[149].

*Оқытудың жүйелілік ұстанымы* «ұғымдар мен пән мазмұнынмеңгертіп, түсіндіргенде, олардың логикалық байланыстырылған және өзара алмаса алуын құрастыра алуында», яғни, жаңаны үйрену (ұғымдар, ережелер, талдаулар) білім алушылар бұрын өтіп кеткен материалды терең түсінуімен сипатталады. Курстық, диплом жұмыстарын орындау барысында ақпараттық ресурстарды жүйелі пайдалануы негізінде бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлау іске асырылады.

Сөз мәдениетіне негізделген оқыту үдерісін айқындауда ескерілген ең маңызды ұстаным – *қатысымдық (коммуникативтік) ұстаным*. Бұл ұстаным бойынша ескерілетін оқыту қағидалары сөйлесім компонентінің бес түрі бойынша: оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым, тілдесім негізіндегі білім

нәтижелері мен білім алушының ақпаратты қабылдау және өз ой-тұжырымдарын қорытып шығару әрекеттеріне сүйене отырып анықталады.

*Белсенділік және өзінділік ұстанымы* онда оқыту іс-әрекеттік тұрғыда әрбір білім алушының яғни бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлауды белсенді және мақсатқа сай өздігінен пайдалануын қамтиды. Яғни, бұл жерде әрбір білім алушының білім мазмұнын тұтас топтың белсенді және саналы түрде ұғынуы маңызды болмақ. Бұл ұстанымды іске асыру - оқыту барысында әрбір білім алушының деңгейін арттыратын әдістерді қолданған кезде ғана мүмкін, мысал ретінде олардың жеке өзі бір компьютерлік бағдарламамен жұмыс істеген кездерінде бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлау іскеасырылады.

*Пәнаралық байланыс ұстанымы* мұнда тақырыптардың пәнаралық байланысында білім алушылардың білімі мен біліктіліктерінің интеграциялық дамуы негізінде іске асырылады. Мысалы: «Педагогика» мен «Мамандыққа кіріспе» пәндерін кіріктіру негізінде бастауыш мектеп мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлау.

*Субъектілік ұстанымы.* Субъект (лат. subjectum — бастауыш) ұғымы психологиялық әдебиеттерде төмендегіше түсіндіріледі: - болмысты тану мен өзгертудің қайнары ретіндегі индивид немесе топ; - белсенділікті жеткізуші;- субъект индивид немесе топ іс-әрекетті танудың және өңдеудің негізі ретінде;- іс-әрекеттегі белсенділіктің тасымалдаушысы. Тұлғаның өзіне деген құнды және ортаға қатысты рухани-адамгершілік қатынастарын анықтайтын қасиеттер белсенділік, дербестік, жауапкершілік, шығармашылдық және т.с.с. субъектілік ұстанымның құраушылары болып табылады. Бұл ұстанымға сәйкес білім алушы үшін оқу әрекетінің мәні, маңызы болуы тиіс, үдеріс барысында оның жеке ерекшеліктері ескерілген, осы әрекетте ол өзін-өзі басқара, ұйымдастыра алатындай жағдайлар болуы тиіс. Бұлайша ойластырылған білімдік үдерісте субъектаралық қарым-қатынасқа жоғары мән беріледі. Біздің зерттеуіміздің мақсатына сай бұл ұстаным негізінде субъектаралық, бірлескен қарым-қатынас негізінде студент –студент, оқытушы – студент арасындағы белсенді білімдік әрекет орын алады.

*Тұлғаны дамыту ұстанымы*– дәстүрлі педагогикада жан-жақты дамыған, белгілі бір әлеуметтік ортақ типті қалыптастыру үшін сырттан ықпал ету болса, тұлғалық субьектілік ұғымда оны дамыту адамның өзіндік танымын, қажеттіктерін бағыттап отыру, қолдау көрсету, яғни өзіндік рефлексия арқылы таңдау, шешім қабылдау және нәтижесін өзі бағалау секілді ішкі, адамның өз бойындағы мүмкіндіктер арқылы өзіндік дамытуға бағыттау деп түсіндіріледі. Тұлғаға бағдарланған білім беру идеялары туралы зерттеушілер оның негізгі түсіндіруден – түсіндіруге, монологтан – диалогке, әлеуметтік бақылаудан – дамытуға, басқарудан өзін-өзі басқаруға көшу, ал педагогтің негізгі міндеті қарым-қатынас болып табылады деп көрсетеді. Оның басты идеясы – білім берудегі субъектаралық қатынастарды қалыптастыру арқылы тұлғаның ынталануына түрткі болу, сөйтіп өзіндік таным мен өзіндік білім алуға, өзіндік бағалауға жағдай туғызылады[150].

*Кәсіби бағыттылық ұстанымы*білім алушылардың кәсіптік пәндерді меңгеруде өзіндік жұмыстарында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы электрондық оқулықтар мен интернет желісін, мультимедиа құралдарынқолдану негізінде бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық тұрғыда даярлау.

*Нәтижелі-шығармашылық ұстанымы* білімді меңгеру барысында білім алушылардың шығармашылық әрекетін дамытуға бағытталады. Оқыту үдерісіде кез-келген білім оқытушы ұйымдастыратын және бағыттайтын жұмыстарыбастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлау тұрғысынанқарастырылады. Оқытушы білімді меңгерту үдерісінде білім алушылардың эвристикалық қабілеттерін дамыта отырып, оқу іс-әрекетін, олардың қызығушылығы мен бейімділігін дамыту, эссе жазу, дебатқа қатысу, ғылыми жобаларға қатысу, ғылыми мақала жазу және т.б. сияқты жаңа нәтижелер жасауға бағыттайды, сонда ғана олардың ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлаудеңгейінің нәтижесі көрініс береді[151].

Зерттеушілер бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық іс-әрекетінің бірнеше түрін бөліп көрсетеді. Олар: білім беру, тәрбиелеу, ұйымдастыру, кеңес беру, өзіндік білім алу және т.б.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда осы негізгі ұстанымдар мен қатар білім мазмұнының қазіргі ғылымның деңгейіне сәйкес келуі тиіс, сонда ғана ол білім мазмұны мен оқытудың процессуалдық бірлігі нәтижесінде тұлғаның маман ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

В.В.Краевский мен А.В.Хуторскойлардың пікірлері бойынша, көпдеңгейлі білім беру жүйесінде жоғарыда аталған амалдар негізінде бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлауда берілетін білім мазмұны ішкі логикалық байланысты сақтай отырып, қазіргі оқыту үдерісінің ұстанымдарына сәйкес келеді. Авторларбастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлаудың бірнеше деңгейлерін көрсеткен. Олар:

*Бірінші деңгей* (жалпы теориялық түсінік) негізгі компонентті қалыптастыратын түйінді құзыреттіліктерді айқындайды. *Екінші деңгей* (оқу пәні) көбіне білім мақсатын мемлекеттік деңгейде айқындайды. Бұл деңгейде оқыту мақсаты тұлғалық мәнге ие болады. Берілетін білімнің қолданбалы сипаты басымдыққа ие болады, ғылыми мазмұнның бейімделген нұсқасы ұсынылады. *Үшінші деңгей* оқу құралының мазмұнын айқындайды. Қазіргі білім беру ұйымдарында қалыптасқан білім мазмұнының толықтай іске асырылуы кіріктіру мен дифференциациялау ұстанымдарына негізделеді. *Төртінші деңгейде* білім беру үдерісінде субъектілік қатынас әрекеттеседі, білім мамзұны жоба емес, педагогикалық шындықта яғни педагогикалық практиканың кезеңдері мен түрлері негізінде іске асырылады. *Бесінші кезеңде* білім мазмұны оқытудың нәтижесі ретінде берілетін мамандыққа сәйкес іс-әрекеттің жемісі болып табылады [17,с. 134].

Қазақстандық білім беру жүйесін жаңарту жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлаудың тиімділігін арттырудың

жолдарының бірі болып табылатын кредиттік оқыту жүйесін ұйымдастыруда білім беру үдерісі, студенттің оқу жетістігін көрсететін аралық және қорытынды бақылауларға негізделетін жоғары мектептің білім мазмұнын бейімдеу мен икемдеуге басымдық беріледі.

Кредиттік-рейтингтік жүйеге зерттеушілердің берген бағасы:

– жоғары оқу орнында оқу түрлері (күндізгі, сырттай, экстернат, қашықтан оқыту) және оқыту технологияларын дамытуға негіз болады;

– студенттің өзіндік жұмысын мадақтау, оқыту үдерісін оларға бейімдеу жәнеымырашылдыққа баулу;

– күтілетін нәтижеге сәйкес курстың мазмұны мен әдістемесін жоспарлаудың тиімділігін қамтамасыз етеді;

– қазіргі диагностикалаудың әдістерін қолдана отырып, білім беру бағдарламасын меңгерту сапасы мен оны жетілдіру үдерісін мониторинглеу арқылы ынталандыру;

– болашақ бастауыш сынып мамандарын даярлауда жоғары оқу орнының қазіргі менеджменттік жүйесінің сапалы білім беруге сәйкестендірілуі;

– жоғары білім дипломын нострификациялау және кәсіби біліктілікті өзара түсністік негізінде әлемдік жоғары білім беру жүйесінің жекелеген жоғары оқу орындарымен кіріктіріле әрекет етуімен сипатталады.

Ал, 1998 жылы Батыс Еуропаның 4 елі (Германия, Италия, Франция, Ұлыбритания) білім берудің жүйелері мен құрылымдарын сәйкестендіру жөнінде Сорбон декларациясын қабылдаған болса, 1999 жылы Еуропаның 30-ға жуық елінің білім беру өкілдері Болон декларациясына қол қойды. Бұл декларацияға сәйкес 2010 жылға дейін Еуропалық білім берудің бірыңғай жүйесіне көшу көзделген. Бұдан Қазақстандық білім беру жүйесін жаңарту жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлаудың тиімділігін арттырудың жолдары ретінде таңдалып, ондағы ізденістер мен бастамалары әлемдік білім кеңістігіндегі ықпалдастықты арттыру мен сапаны көтеруге бағытталғанын көреміз. Білім беру нормаларын өзара мақұлдау жөніндегі Лиссабон конвенциясын, жоғары білім саласы мен құрылымындағы біріздділікке қатысты Сорбон декларациясын қолдап, белсенді араласуға талпыныс жасаған мемлекеттердің арасында Қазақстан алғашқылардың қатарында тұр.Бұл – Қазақстандық білім беру жүйесін жаңарту жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлаудың тиімділігін арттыруға бағытталған білім сапасы мен бәсекелестік мүмкіндігін көтеру мақсатында жасалып жатқан қадам деп түсіндіруге болады[152].

Еуропа мемлекеттері тәжірибесіне еніп отырған Болон декларациясының негізгі қағидалары мен кредиттік оқыту жүйесінің артықшылықтарына тоқталсақ:

-біріншіден, азаматтарды жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында және халықаралық бәсекелестік жағдайында білім мен ғылым мәртебесін қабылдау;

-екіншіден, білімнің бакалавриат, магистратура, докторантураға негізделген үш сатысын бекіту;

-үшіншіден, Еуропа елдері мен университеттері арасында профессорлар мен студенттердің алмасуын өрістету;

-төртіншіден, оқыту үдерісін Европалық сапа деңгейіне көтеру;

-бесіншіден, жоғары оқу орындарында халықаралық аттестаттау мен аккредиттеуді жандандыру.

Сонымен бірге Болон үдерісінің қағидалары білім бағдарламасының салыстырмалылығы мәселесін шешетін және академиялық ұтқырлықтың кеңеюіне көмектесетін сынақтың бірліктер жүйесін дайындау мен қолдануға мүмкіндік береді. Қазақстандағы студенттердің оқыту үдерісін ұйымдастырудың осындай бір формасы белгілі мерзімде бір жоғары оқу орнындағы студенттің шетелдік жоғары оқу орнындағы оқуын заңды түрде жалғастыратын оқыту болып табылады, яғни академиялық ұтқырлықпен сәйкес мамандығы бойынша білім алу мүмкіндігіне ие болады[153].

Болашақ кәсіби оқыту педагогын мектеп жағдайында кәсіпкерлік іс-әрекет негіздерін оқытуға даярлауоқытушылардан да, студенттерден де осы әрекеттің түпкі мақсатын саналы түрде ұғынуды талап етеді. Мұның өзі осы зерттеу пәні бойынша нақтылы бағыт болуын айғақтайды. Кәсіби оқыту педагогының бейіндік мектеп жағдайында кәсіпкерлік іс-әрекет негіздерін оқытуға даярлығыдегеніміз – бейіндік мектеп жағдайында білім беру іс-әрекетінің әртүрлі формаларын кіріктіру, ашық білім беру ортасын жобалау, баламалы білім беру мазмұнын жобалау және құрастыру, оқушылардың әртүрлі деңгейдегі білім алу іс-әрекетін ұйымдастыру құзыреттіліктерінің қалыптасуы, ал «кәсіби оқыту педагогын мектеп жағдайында кәсіпкерлік іс-әрекет негіздерін оқытуға даярлау» сынды құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған мамандарды кәсіби даярлау процесі болып табылады[154].

Оқыту үдерісі оқу мен бақылаудағы іс-шаралардың жиынтығы, білім алушылардың білім бағдарламасындағы негізгі бағыты болып табылады. Оқу-дағы іс-шаралар барлық академиялық сабақтары, өзіндік жұмыстарды ұйымдастырумен және білім алушылардың кәсіби тәжірибесімен де байланысты. Бақылау іс-шаралары білім алушылардың оқу жоспарындағы пән бойынша оқу үлгерімінің жетістігі болып табылады.

Оқыту үдерісінде ЖОО-ны оқу жылы барысында білімгерлерді барлық әдістемемен қамтамасыз етуге жауапкершілік алады.

Сол мақсатпен келесі оқу-әдістемелік кешендер ендірілді:

-әр білім алушы қамтамасыздандырылатын жолсілтеуші – анықтамалық;

-әр сабақ бойынша оқытушы мен білім алушыға арналған оқубағдарламасы (Syllabus).

-әр сабаққа аудиториялық жұмысқа арналған қажетті құралдар: тірек-конспект лекциялары, тәжірибелік және лабораториялық жұмыстарда мультимедиялық құралдармен жұмыс.

-білімгердін өзіндік жұмысына арналған құралдар: үй жұмысы, әр сабақ бойынша өзіндік тексеруге арналған материалдар, рефераттар мен курстық жұмыстардың тақырыптары (жобалар), электронды кітапханадағы электронды оқу құралдары.

- өзін-өзі тексеру материалдары: жазбаша бақылау жұмыстары, электронды және жазбаша тестер, әр сабақ бойынша емтихан сұрақтары

- тәжірибе жұмысына арналған материалдар: тәжірибенің өткізілу жоспары және бағдарламасы, құжаттардың есеп беру формалары.

- оқу үдерісінде негізгі аспект бұл, студенттердің пән құрылымын дұрысұйымдастыру болып табылады. Білімгерлер пән таңдауды деканның немесе эдвайзердің жетекшелігімен жасайды.

Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлаудың тиімділігін арттырудың бір жолы оқыту үдерісінде педагогикалық технологияларды ұтымды пайдалану болып табылады. Еліміздің Білім және ғылым министрлігінің ұсынған Қазақстан Республикасы жаңа түрпатты педагогының үздіксіз педагогикалық білімі тұжырымдамаларында: жаңа қоғамдағы мұғалім моделінің үлгілері көрсетіліп берілген.

Қазақстандық білім беру жүйесін жаңарту жағдайында бастауыш мектеп мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлаудың тиімділігін арттырудың жолдарының бірі – *студенттердің өзіндік жұмысы.*

Студенттердің өзіндік жұмысы – бұл студенттердің дидактикалық тапсырмаларды өздігінен орындауға, таным әрекетіне қызығушылығын қалыптастыруға және ғылымның белгілі бір саласынан білімін толықтыруға бағытталған оқу әрекетінің ерекше түрі. Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру педагогикалық технологияларды қолдануға негізделуі керек.

Бастауыш мектеп мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлаудың тиімділігін арттыруда ақпараттық құралдардың қолданылу бағытына қарай түрлерін былайша жіктеуге болады. Олар белгілі бір курсқа, бағдарламаға, дидактикалық сызбаға байланыссыз болады.

Бүгінде студенттердің өзінің білімін бағалау мақсатында *«портфолио»*ұғымын қолданып келеміз. Портфолио (француздың porter – баяндау, ұсыну, әкелу және folio – бет (қағаз) – іс қағаздарын, мәліметтерді, жетістіктерді жинау. «Портфолио» ұғымы бізге Батыс Европадан XV-XVI ғасырда келген. Білім беру саласында портфолионы пайдалану идеясы өткен ғасырдың 80–ші жылдарының ортасында АҚШ-та пайда болды. XX ғасырдың соңында портфолио бүкіл әлемге, оның ішінде Кеңестер Одағына да белгілі болды. Қазіргі кезде шетелдерде портфолио білім беру жүйесінің барлық деңгейінде, бастауыш сыныптан бастап жоғары оқу орнына дейін кеңінен пайдаланылады. Соңғы уақытта портфолионың жетілген электрондық түрі қолданылуда.

Портфолио – бағалау үдерісіне ғана бағдарланған емес, сонымен қатар өзін – бағалауына да бағытталған студенттің жеке жетістіктерін, жинақтарын есепке алу тәсілі. Портфолио бағалаудың тиімді формасы ғана емес, сонымен қатар маңызды педагогикалық міндеттерді жүзеге асыруға да көмектеседі: студенттің оқуға деген ынтасын арттырады; рефлексивтік қызмет дағдысын дамытады; жобалау біліктілігін қалыптастырады; студенттердің белсенділігін және өз бетімен жұмыс жасауына жағдай жасайды; тұтас алғанда білім беру сапасын көтеруге септігін тигізеді[155].

Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлаудың тиімділігін арттыру жолдарының бірі – *тәрбие жұмысы.*

Үздіксіз тәрбие тұжырымдамасында:тәрбие, тәрбиелік үдеріс, тәрбие жұмысы ұғымдарына келесі анықтамалар берілген*:*

*Тәрбие* – қойылған мақсатқа жетуге бағытталған тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара тиімді іс-әрекеттері (достастық).

*Тәрбиелік үдеріс* – ол өзіндік даму, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі іске асыруға бағыттау мақсатында педагогтар мен балалардың өзара іс-әрекеттері.

*Тәрбие жұмысы*– ол анағұрлым толық өзіндік дамуы мен өзін-өзі табысты көрсету мақсатында ересектер мен балалардың бірлескен тіршілік әрекеттерін ұйымдастыру жөнінде мақсатты бағытталған қызмет.

Білім берудің жаңа моделіне өту жағдайында және тәрбиенің білім беру үдерісіндегі рөлінің өсуіне байланысыты тәрбие мазмұнын қайта бағдарлау оның даму заңдылығына байланысты. Тәрбиенің мазмұны оның мақсатттары мен міндеттері арқылы анықталады және ол қоғамдық дамудың бағыты мен мазмұнына заңды тұрғыда тәуелді болады.

*Кәсіби-шығармашылық тәрбие*кәсіби және жеке құзыреттілік көзінің мәнін қалыптастыруды (арнайы, профилды, коммуникативті, әлеуметтік, интеллектуалды, ақпараттық, дербес) және т.б. қосымшаларын білуін, білім алушылардың дәстүрді және кәсіби қауымдастық құндылықтарын игеруін, кәсіби әдеп нормаларын сақтауын болжайды.

*Интеллектуалды мәдениетті дамыту* білім алушылардың белсенді ойлау қызметінің дамуын, олардың сана-сезімінің сенімді және қажетті біліммен толығуын, ақыл-ой қабілеті мен білімге құмарлығын дамыту болып табылады.

Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлаудың тиімділігін арттыру үшін олармен ұйымдастырылуы тиіс тәрбие жұмыстарын түрлері мен ұйымдарды атап өтуді жөн көрдік. «Нұр Отан» партиясының жастар қанаты, жастар ісі жөніндегі комитеті, президенттік тест, «дебат» клубтар, «тапқырлар мен көңілділер» клубы, студенттік үкімет, кәсіби мамандыққа баулитын үйірмелер, тәрбиелік іс-шаралар, мерекелік іс-шаралар, марафондар, «Жасыл ел» бағдарламасы, халықаралық деңгейдегі іс-шараларда волонтер болуға дайындығы және т.б. жатады. Бұл жұмысқа топта жетекшілік атқаратын эдвайзер. Әрине эдвайзердің жылдық жоспарында бүгінгі қоғамдық сұранысқа байланысты келелі мәселелер енгізіліп отырады.

Қазақстандық білім беру жүйесін жаңарту жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлаудың тиімділігін арттырудың жолдарының бірі - *педагогикалық практика.* Педагогика және психология сөздігінде: студенттердің педагогикалық практикасы – педагогикалық жоғары оқу орындарында алған теориялық білімдері мен практикалық дайындықтарын тәжірибелік сынақтан өткізетін оқу процесінің негізгі бір түрі, - деген анықтама берілген [156]. Болашақ оқытушылық мамандықты қалаған студенттердің мектепте сабақ беріп, үйренуі тәжірибе алуы шарт. 5В010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша келесі практикаларды ұйымдастыру көзделген.

Алғашқы педагогикалық-психологиялық практика мынадай міндеттерді шешуді көздейді: сыныптан тыс тәрбие жұмысын жоспарлау және тәрбие жұмысын ұйымдастыру білігін меңгеру; сыныптың, мектептің ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі тәрбие жұмыстарын жоспарлап, өткізу; оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбие жұмысының әртүрлі формаларын ұйымдастыруды меңгеру.

Келесі «Сабақ беріп көру» практикасы студенттерге кәсіби біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру мақсатын көздейді. «Сабақ беріп көру» практикасының міндеттері: 1) студенттерге сабақ өткізудің түрлі әдіс – тәсілдерін, технологияларын, танымдық әрекетті басқару дағдыларын меңгеру; 2) оқу-тәрбие үдерісін бақылай отырып, оған талдау жасай, нәтижесін көре білу білігі мен дағдысын қалыптастыру. Бастауыш сынып мұғалімдерінің сабақтарына қатыса отырып, оны ұйымдастыру әдістемесімен танысады. Бұл практикада студенттер өздері сабақ өткізіп, сабақ беруге машықтана бастайды. Практикада жоғары санатты мұғалімдердің сабағын көруін ескеру қажет.

Өндірістік практика – студенттердің практикалық дайындығының қорытынды кезеңі. Ол кезде студенттер мұғалімнің міндеттерін атқарады: сабақ өткізеді, сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырады, мектептегі әдістемелік жұмыстарға қатысады, өздерінің дипломдық жұмысына байланысты тәжірибелік-эксперимент жүргізеді.

Практикаларды сапалы, өз дәрежесінде өткізу үшін алдын-ала бағдарламалары жасалып, жаңаша жұмыс істейтін, оқу-тәрбие үдерісіне жаңалық енгізудің тәжірибесін жинақтаған, оқыту құралдарының қазіргі заманғы түрлерімен мүмкіндігінше жабдықталған, оқушыларға білім беруде өзіндік іс-тәжірибесі бар, оқытудың педагогикалық технологияларын сабақтарда тиімді пайдаланатын мұғалімдер таңдалады.

Педагогикалық іс-тәжірибе болашақ мұғалімдердің кәсіби-педаогикалық даярлауда қажетті педагогикалық дағдылары мен біліктіліктерін, шығармашылық белсенділіктерін жетілдіру үшін маңызды және айқындаушы кезең болып табылады.Әр курстың студенттері орындауға міндетті тапсырмалардың жүйесі анықталып, негізгі күш студенттердің болашақ мұғалім мамандығына деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын тұрақтандыру, кәсіби іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру және дамыту, кәсіби-педагогикалық даярлауда, педагогикалық қызметте шығармашылыққа, зерттей білуге, психологиялық-педагогикалық және кәсіби білімдерін мұғалімдік қызметінде пайдалануға негіз болады. Педагогикалық практика қорытындылары арнайы конференцияларда командалық сайыстар, дөңгелек үстел, пікірталас т.б. жолдармен қорытындыланады.

Қорыта келе,студенттердің теориялық білімдерін практикамен байланыстырудың негізі болып табылатын педагогикалық практика түрлерінің1-4 курстарда үздіксіз ұйымдастырылуы, бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлаудың тиімді жолы деп қарастыруға болады, – деп санаймыз.

Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлаудың тиімділігін арттырудың жолдарының бірі – *студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы.* Қазақстан Республикасы Ғылым туралы Заңында: студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы – бар білімді кеңейту және жаңа білім алу, ғылыми болжамдарды тексеру, табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын анықтау, жобаларды ғылыми жинақтау, ғылыми негіздеу мақсатында ғылыми ізденіспен, зерттеулер, эксперименттер жүргізумен байланысты жұмыс, – деген анықтама берілген[157].




Сурет 3 - Жаңа түрпатты бастауыш сынып мұғалімінің моделі

Зерттеу жұмысының өзектілігі: еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық бағыттарына сәйкес білім беру жүйесін дамыта отырып, әлемдік білім кеңістігіне ықпалдастырудағы негізгі бағдар – адамды қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, оның рухани жан-дүниесінің дамуына, көзқарастары мен шығармашылық әлеуетінің, танымдық біліктілігі мен мәдени құндылықтарының жоғары деңгейде дамуына, жеке тұлғасының қалыптасуына жағдай жасау.

Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім».

Бұл міндеттерді жүзеге асыру еліміздегі мектептерде оқыту үдерісінің мазмұндық болмысын жаңа әдіснамалық тұрғыдан негіздеуді талап етеді.

Осыдан дәстүрлі оқыту үдерісінтүбегейлі өзгертудің қажеттігі туындайды. Ал, білім беру үдерісін жаңаша ұйымдастыру оның әдіснамалық, педагогикалық-психологиялық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды көздейді. Осыған орай, қазіргі кезде білім беру саласында жаңа оқыту технологиялары мен әдістерін енгізумен қатар, білім берудегі дүниетанымдық ұстанымдарды қайта қарау, рухани-адамгершілік құндылықтарға бетбұрыс жасау, озық және өміршең технологиялар мен әдістерді меңгерген жаңа тұрпатты мамандар даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға ерекше мән берілуде. Өйткені білім беру жүйесіндегі инновациялық технологияларды тәжірибеде іске асыратын – мұғалім. Бұл туралы сонау 1914 жылы-ақ А.Байтұрсынов «Қазақ» газетінде жарияланған «Мектеп керектері» деген мақаласында: «...Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар оқыта білетін мұғалім...» деп атап көрсеткен болатын [12,б. 41]. «Мұғалім - өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды және ізденуді тоқтатса оның мұғалімдігі де жойылады» -деп орыс педагогы К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да мәнді, тиімді болары сөзсіз.

Сөз болып отырған мәселенің өзектілігі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында [121,б. 42], ҚР стратегиялық дамуының «Қазақстан - 2030» бағдарламасында[140,б. 4], ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында [2,б. 4] анықталған.

Зерттеу барысында болашақ мамандарды дайындаудың теориясы мен практикасы (Ә.Б.Нұрлыбекова, Ж.К.Оңалбек, Т.Әлсатов, А.А.Бейсенбаева, А.А.Жолдасбеков, Б.А.Тойлыбаев, А.Ғ.Қазмағамбетов, Л.Байсерке, В.А.Ким т.б.), мұғалімдердің біліктілігін көтерудің жаңашылдығы (Ш.Таубаева, Б.А.Тұрғынбаева, Б.А.Әлмұхамбетов т.б.), мұғалімдердің қоғамдық және мәдени ағартушылық қызметі (Қ.Бержанов) сияқты мұғалімдерге арналған еңбектер зерделенді.

Еліміздің XXI ғасыр баспалдағын жаңашылдықпен қарыштап басып, өркениетке бағдар алуы әр адамның шығармашылық болмысының нәтижесі деп бағалауға болады. Ұлттың шығармашылық әлеуеті де әр жеке тұлғаның шығармашылық деңгейімен анықталады.

Ал, оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға қатысты іргелі және қолданбалы зерттеулердің болғандығына және бұл мәселенің маңыздылығына қарамастан, оқушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастыруды нәтижелі етуде әлі де шешілмеген мәселелер, қарама-қайшылықтар бар екендігі байқалады. Ақпараттық және коммуникативтік құзіреттіліктері қалыптасқан, дүниетанымдық қабілеті жоғары, ізденімпаз тұлғаны қалыптастыратын – мұғалім. Сондықтан өзекті ой ұшқырлығы мен ізденімпаздық іс-әрекеті қалыптасқан білімі мен біліктерін өмірдің өзгермелі жағдайында оңтайлы пайдалана алатын, танымдық дербестігі жоғары деңгейдегі шығармашыл педагог дайындау – бүгінгі таңдағы өзекті мәселе деуге толық негіз бар. Осыған

